**ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ,
ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ
КОМИТЕТА НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ДУХОВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

**Алматы
2015**

УДК 1/14
ББК 87.3
Д 85

Рекомендовано Ученым советом Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки МОН РК

Редакционная коллегия:
З.К. Шаукенова (ответственный редактор)
С.Е. Нурмуратов, Б.М. Сатершинов,
Н.Л. Сейтахметова, А.Г. Косиченко

Д 85 Духовная жизнь Казахстана: история и современность = Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заман. Сборник межд. науч.-теорет. конф. / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, – 2015. – 448 с.

ISBN – 978-601-304-048-6

Сборник содержит материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной проблемам национальной истории. В работе представлены материалы по следующим научным проблемам: определение идейных и духовных истоков мифологического, религиозного, научного и философского миропонимания, являющихся различными историческими формами этнического мировоззрения казахского народа; историко-философский анализ онтологической сущности и значения идеи свободы в духовном пространстве тюркского мира и этнокультурной преемственности в духовном мире прошедших веков, раскрытие особенностей религиозных учений и духовной жизни народа.

Материалы сборника рассчитаны на специалистов в области гуманитарных наук и широкий круг читателей.

УДК 1/14
ББК 87.3

ISBN – 978-601-304-048-6

© Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015

СОДЕРЖАНИЕ

ПРЕДИСЛОВИЕ..... 7

Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.
Қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемі:
теория және практика..... 10

Дербісәлі Ә.Б.
Орта ғасырлық Шауғар, Йасы, Түркістандық
ойшылдар жайлы жаңа деректер..... 22

Ли Бёнг Джо
Духовно-культурные ценности корейцев Казахстана:
преемность, трансформация и взаимовлияние..... 38

Колчигин С.Ю.
Шакарим и развитие профессиональной
философии в Казахстане..... 45

Қалижанов У.Қ.
Ұлтты ұйыстырған «Мәңгілік ел» идеясы..... 54

Курмангалиева Г.К.
Духовный мир казахов: тюркский ценностно-
мировоззренческий контекст..... 61

Кулсариева А.Т., Султанова М.Э., Шайгозова Ж.Н.
Ортеке: от мифа к обряду и игре..... 73

Абдильдина Р.Ж.
Методологическое значение трудов Ч.Ч. Валиханова
в исследовании социальных явлений..... 88

Myrzaly S.K.
On the Relationship Between Politics and Morality
in Modern Society..... 100

Молтобарова К.И.
Қазақ мәдениетіне алтын арқау болған дүниетаным..... 108

Әлжан Қ.Ұ.
Институт ханства и батыры как символ духа степной
демократии и свободы..... 118

Габитов Т.Х.
Поиск идентичности и тюркские
корни казахской культуры..... 127

Раев Д.С.
Қазақ би-шешендерінің саяси көрегендік
ой толғамдары..... 138

Молдабеков Ж.Ж.
Проблемы интеллектуальной нации:
основание и обоснование..... 155

Шайкемелев М.С.
Социально-культурные аспекты формирования
национальной идентичности в контексте
миграционных процессов..... 168

Барлыбаева Г.Г.
Философия казахского Просвещения как важный этап
в становлении духовности казахского народа..... 179

Сағикызы А.С., Конырбаева К.М.
Гуманистические идеи в мировоззрении
биев и риторов..... 190

Байдаров Е.У.
Абай и Бехбуди: к единству знания и веры..... 203

Батырхан Б.Ш.
Абай, Гете, Хафиз: рухани үндестігі..... 218

Берикова А.К.
Роль традиционных религий в возрождении
духовных ценностей..... 228

Габдсаттарова М.Г.
Духовность казахстанского полиэтнического
и поликонфессионального общества в контексте
общенациональной идеи «Мәңгілік ел»..... 235

Аташ Б.М., Таңжаров М.И.
Адамзат қоғамының болашақтағы
рухани-адамгершілік келбеті..... 246

Құрманбаева Л.Т., Досжанова А.И.
Қазақ мәдениетіндегі кеңістіктің ерекшелігі мен рәміздік негіздерінің рухани құндылықтық сипаты..... 257

Дайрабаева Г.Б., Малдыбек А.Ж., Балтабаева А.Ю.
Некоторые вопросы формирования культуры толерантности в современном казахстанском обществе..... 264

Изотов М.З.
Научные знания и духовная сфера общества..... 273

Нурбосынова Л.С.
Смысл как интегрирующее понятие духовности..... 280

Әубәкір А.
Мемлекеттік идея сабақтастығы: Көне Түрік қағандығы, Қазақ хандығы, Алаш Орда..... 284

Мейірманов А.Д.
Өзін-өзі тану – Шәкәрім рухани мұрасының өзегі..... 297

Ешпанова Д.Д.
К вопросу об особенности общественного сознания казахстанцев: феномен патернализма и иждивенчества..... 309

Ошақбаева Ж.Б.
Шалкиіз жырау – ұлттық рухтың жаршысы..... 319

Бижанова М.А.
Алтын Орда дәуіріндегі түркі ойшылдарының этикалық ой-толғамдары..... 327

Бегдаулетова Қ.Д.
Көшпелі бабаларымыздың болмыс танымы..... 335

Орда Г.
Қазіргі қазақ прозасындағы Мәңгілік ел идеясы..... 345

Ергалиева Р.А.
К проблеме самоидентификации живописи Казахстана в период глобализации..... 354

Спанкулова Л.С.
Культура самосохранительного поведения населения..... 364

Мұхтарова Ә.С.
Абай «Қара сөздерінің» рухани-философиялық мәні..... 373

Молотова Г.М.
«Кисса-и Ибрахим ибн Адхам» как источник
по духовной культуре тюркоязычных народов
Центральной Азии..... 379

Кемелбеков Қ.Б.
Ұлттық мәдениеттің өзіндік құндылықтары..... 390

Дайрабаева Г.Б., Малдыбек А.Ж., Ахметова Г.
Евразийская цивилизация – импульс в возрождении
культурных ценностей Казахстана..... 400

Килыбаев Т.Б.
Философия тарихындағы адам капиталы
ұғымының қалыптасуы..... 410

Сиқымбаева Д.А., Әбжетов Н.
ҚР зайырлы мемлекет ретінде қалыптасуы:
тиімді үлгіні қалыптастырудағы негізгі бағыттар..... 419

«Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заман»
атты халықаралық ғылыми-теориялық
конференцияның қарары..... 430

Резолюция международной научно-теоретической
конференции «Духовная жизнь Казахстана:
история и современность»..... 435

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану
институты туралы мәлімет..... 439

Информация об Институте философии, политологии
и религиоведения Комитета науки Министерства
образования и науки Республики Казахстан..... 442

Information about the Institute for Philosophy, Political
Science and Religion Studies of Committee Science
of the Ministry of Education and Science
of the Republic of Kazakhstan..... 445

ПРЕДИСЛОВИЕ

Организаторами международной научно-теоретической конференции «Духовная жизнь Казахстана: история и современность» выступили Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК и ОО «Философский конгресс».

Данная конференция проводилась согласно Плану мероприятий Комитета науки МОН РК по реализации целевой научной программы «Народ в потоке истории» (2014-2016 гг.) и Плана Нации – 100 конкретных шагов «Современное государство для всех».

В этой связи освещение злободневных проблем, связанных с историческим и современным развитием духовной жизни казахстанцев в контексте общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», празднования 550-летия образования Казахского ханства подтверждает мысль об актуальности и необходимости научного осмысления важнейших сфер духовной жизни общества – науку, философию, религию и образование.

В рамках работы конференции были проведены Круглые столы: «Роль религии в культурном и социально-политическом развитии Казахстана» и «Учебник как гуманитарно-диалогический проект».

Широкий круг и тематика обсуждаемых проблем конференции, предполагала рассмотрение следующих актуальных вопросов: духовная жизнь общества в контексте ценностно-мировоззренческих ориентиров и новых подходов в методологии научного исследования; формирование и развитие духовной жизни казахов в культурно-историческом процессе; духовная самоидентификация Казахстана в эпоху глобализации и ци-

вилизационных вызовов современности; религия и ее роль в духовной жизни казахстанского общества; вопросы преподавания истории религии и истории ислама в Казахстане.

В конференции принимали участие известные отечественные и зарубежные (Россия, Республика Корея, Узбекистан, Египет, Турция) ученые-философы, политологи, культурологи, религиоведы, историки, работники сферы культуры и образования и др.

Данная научно-теоретическая конференция была направлена на консолидацию казахстанского народа, воспитание патриотизма, гражданской ответственности, формирование национальной идентичности, сохранение духовной преемственности поколений. Эти составляющие определяют государственность, задают модель социально-экономического развития. Достижения этих высоких целей во многом зависит от уровня духовного развития человека, общества и государства в целом. В этой связи вспоминаются глубокие мысли восточных и западных мыслителей о значимости в жизни общества высокой духовности и гуманизма.

Институт философии, политологии и религиоведения и Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова по линии Комитета науки МОН РК в последние годы активно исследуют ряд серьезных научных проектов в рамках программы «Народ в потоке истории». К ним относятся такие фундаментальные и прикладные научно-исследовательские проекты, как «Духовный мир казахов: от аль-Фараби до Абая», «Роль религии в историческом и духовно-культурном развитии Казахстана: традиции и современность», учебники – «История религий на территории современного Казахстана» и «История исламской культуры на территории современного Казахстана».

Само название этих научных проектов уже говорят об актуальности и своевременности исследования проблем, исходя из девальвации нравственно-духовных ценностей цивилизации и все более очевидных мировоззренческих зигзагов в начале XXI века.

Как мы видим из тематики материалов конференции, стоит серьезная задача изучения этнокультурных и религиозных процессов, происходящих внутри казахстанского общества и ее влияние на все сферы социальной жизни. В современном Казахстане гуманитарная наука в целом работает на одну цель – улучшение жизни человека и общества. Доказательством этого, являются формат научной конференции «Духовная жизнь Казахстана: история и современность», участие в которых принимали ученые-специалисты из разных отраслей знания и из разных регионов страны.

Следует отметить, что научные выводы и результаты международной научно-теоретической конференции будут востребованными в профессиональном и духовно-нравственном совершенствовании молодежи, дальнейшей межконфессиональной и социально-политической консолидации и модернизации современного казахстанского общества.

Нурмуратов Серик Есентаевич,
доктор философских наук, профессор, заместитель директора Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ-ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕМІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА

Нысанбаев Әбдімәлік Нысанбайұлы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институты директорының кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ., Қазақстан)

Нұрмұратов Серік Есентайұлы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институты директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ., Қазақстан)

Қазақстан Республикасы Президенті Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың елдің болашағын айқындауға арналған «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» [1] біздің еліміз үшін өзара сұхбат және өзара түсінісу философиясы алға шығарды. Өйткені кез келген қоғамда адамаралық, мәдениетаралық өзара сыйластықты орнатпай алға қарай жылжуға кедергілер көбейеді. Сондықтан, біздің пайымдауымызша, барлық деңгейлерде көпэтносты қазақстандық қоғамның қабырғасын нығайтамыз, әлеуметтік кеңістікте рухани келісімді орнатамыз десек, оның рухани-құндылықтық негіздерін анықтаймыз десек, онда дүниетанымдық бағдарларымыздың теориялық және практикалық қырларын айқындап алуға тиістіміз. Бұл өз кезегінде азаматтар арасында рухани тәрбие, рухани сауаттылық мәселесін маңыздандыра түседі. Қазақстандағы зиялы қауымның қазіргі замандағы абыройлы парыздарының қатарына – Отанымыздың тарихи қалыптасқан руханият әлемін нығайтуға, өркендетуге өз үлесін қосу жатады.

Жалпы соңғы уақытта «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының қоғамда өзектендірілуі кездейсоқ дүние емес. Шын мәнінде

ұлттық идеяның тарихта, қоғамдық үдерістерде атқаратын жасампаз қызметі жоғары екені анық. Ұлттық идея негізінен ұлт элитасының көмегімен әлеуметтік ортада туындап, содан соң жалпы бұқара халықтың ортасында қолдауын тапқанда ғана өзінің тарихи миссиясын толығымен орындай бастайды [2].

Қазақ Жерінің тарихын жақсы білетін кез келген сауатты азамат Елбасының ұсынған жаңа ұлттық идеясының халқымыздың болашағы үшін маңызы зор екенін түсінеді. Сонымен қатар бұл рухани құбылыстың ел тарихында өзіндік эволюциялық тамырлары, қайнар көздері болғанын атап өтуге болады. Қазақ хандығы қалыптаса бастаған XV-XVI ғасырларда Асан Қайғы өрнектеген «Жер ұйық» идеясы болғаны белгілі. Ол идея ата-бабамызды қанаттандырды, өзінің этникалық бірегейлігін нақты анықтауға көмектесті. Кейінгі тарихта жоңғар шапқыншылығы заманында «Атамекен» идеясы үш жүздің басын біріктіріп, этностың өзін-өзі сақтап қалуына рухани тірек болды. XX ғасырдың басында қазақ қоғамына ең қажетті ұлттық идея ретінде М. Дулатов «Оян, қазақ» идеясын алға тартты. Қазіргі кезеңде елдің болашағын нақты істерімен күйттеуі үшін әмбебап, толыққанды рухани платформа болатындай ұғым қажет болатын. Міне сондықтан Елбасымыз ортақ мүддені, ортақ мақсатты, ортақ болашақты көксейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын қазақ халқына, қазақстандықтарға дер кезінде ұсынды.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жалпы терең мазмұны Қазақстан халқының әрбір азаматының мүддесін қорғауға бағытталған. Бұл жерде әрбір жеке азамат үшін қажетті құндылықтар жүйесінің үйлесімді қалыптасуы мен дамуына мемлекетіміз өзіндік кепілдік беріп отырғанын атап өту керек. Жалпы өркениетті елдердің қатарына қосылудың бастамасы елдегі адам құқығы мен оның еркіндігін қамтамасыз ету және тұлғаның мүдделерінің оның ұлтына, тіліне, дініне, көзқарастарына қарамастан қорғалуын жүзеге асырылуында болып отыр. Осы бағытта біздің мемлекеттік және қоғамдық органдар өздерінің тарапынан білікті істерді атқарып келеді.

Тәуелсіздік жылдары қазақ халқының рухани-құндылықтық әлемі, оның ұлттық санасы мен дүниетанымы жаңарып, өзін-өзі тану, өзін басқаға таныту, өзінің бай ежелден қалыптасқан тарихы мен ұлттық дәстүрлерін ардақтау, қазақ халқының генофонындағы ұлы ойшылдары мен тұлғаларын бүкіл әлемге таныту, бай рухани және мәдени қазынасын әлемдік өркениетпен ұластыру бағытында қыруар шаруалар атқарылды.

Қазақ халқының рухани әлемі сонау ежелгі түркілік кезеңнен Абайға дейінгі дәуірде қалай өзгерді, қалай жаңарды, халықтың даналыққа құштарлығы артты ма, әлде өмірдің материалдық жағы басым болды ма? Тұлғаның рухани әлемін сақтау мен дамыту бойынша қандай үдерістер жүріп жатыр? Әл-Фарабиден Абайға дейінгі қазақтардың рухани өмірінде қандай өзгерістер бар? «Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін» ғылыми-зерттеу жобасы «Халық тарих толқынында» деген мемлекеттік бағдарлама ауқымында кездейсоқ орындалып отырған жоқ.

Бұл ғылыми-зертеу жұмысының өзіндік ерекшелігі бар, себебі онда этностың рухани өмірінің ерекше белгісі сөз болады, нақты тарихилық ұстанымы – принципі негізінде құндылықтық-мәндік, әр ғасырдағы рухани мәдениетке салыстырмалы, тарихи тұлғалардың шығармаларының мәтіндеріне герменевтикалық талдау жасалады.

Ғылыми-зерттеу ізденістерін пайдалана отырып, ең алдымен сол бір ғылыми нысанның объективті дамуын сипаттауға мән береміз. Бұл принципті дұрыс пайдалану ғалымдарға тарихтың иррационалдылығын, фрагментарлылығын шектеуге, тарихи субъектінің рухани-адамгершілік тәжірибесін бағаламалауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қазіргі жағдайда гуманитарлық ғылымдарға (тарих, археология, тарихи тіл білімі, философия тарихы және т.б.) тән теориялық білімнің ерекше үлгісін көрсететін тарихи қайта құру мұратына ие болады.

Қандай болмасын тарихи білім терең жүйелілігінің, яғни ғылыми тарихи білімнің табиғи бірлігінің арқасында зерт-

теу әдісі бола алады. Жүйеленбеген білім кенеттен ғылыми әдіске айнала алмайды, себебі ол дәлелденбеген, ғылыми рәсімделген күйде болады. Сондықтан бұл көптеген қазіргі заманның ғылымдары мен теорияларына, оның ішінде тарих ғылымына да әмбебап талап болып табылады. Тарихи ғылымның әдіснамалық принциптері жүйеленуі тиіс, тек сонда ғана нағыз ғылыми теорияға, тұтас құрылымға айналады. Бұл жүйелену тарихи білімнің барлық формалары мен әдістерінің бірлігі мен өзара байланысы негізінде тарихи ақиқат пен ерекше ұлттық әлем логикасында шартталған оның даму логикасының, адамзаттың метатарихы, жалпыадамзаттық негізгі құндылықтар бірлігі идеясы сипатында жүргізіледі.

Қазіргі тарихи ғылым барлық елдерде мыңдаған жылдар бойы жинақталған дәстүрлі адам ойының стилі мен түріне сай желілік, ресми-логикалық сипатқа ие екендігін айта кету керек. Бірақ қазіргі жағдайда жаппай желіліктің өзгеруіне, оның қирауына байланысты адам ойының, адамның дүниені түсіну логикасының өзгеруінен белгілі бір үрдістер көрініс табады. Бұл үдерісте планетарлық деңгейдегі адам өмірінің мәні мен бағытын жаңаша түсінудің орны маңызды.

Адам мәдениетінің желісіздігі жалпы мақсатқа сәйкес тарихи ғылымда нақтыланады – барлық маңызды салалардан алынған тарихи білімді біртұтас жүйеге шоғырландыру, біріктіру дегенді білдіретін сияқты. Бұл біріктіру мен оның даму идеясын ғылыми зерттеу мен тарихшы-мамандарды оқытуда тарих пәнін оқыту арқылы жүргізу қажет.

Әрқашан жаңа тарихи немесе археологиялық деректерді ашқаннан кейінгі әлем халықтарының тарихынан көрінетіндей теориялық ой қашанда олардың жалпыадамзаттық көзқарастың мәні мен маңызын түсіндіруге тырысатынын ескеруіміз керек. Тарихи ғылымға іргелі қағидатқа, ғылыми-тұжырымды көзқарасқа құрылған тарихи білімнің біртұтас жүйесі қажет, себебі мұндай жүйе адамзаттың жалпы тарихын, оның ішінде ұлттық тарихты терең біртұтас түсінуге алып келеді. Тарихи түсіндірудің

саны да сапасы болу керек. Жалпы тарихи білім бірлігінің екі жолы бар: мәндік-дүниетанымдық және тарихнамалық тәсіл. Сондықтан басымдық танытатын екі әдіснамалық тәсіл – тарихи-философиялық және тарихнамалық болып келеді. Олар бірін-бірі жоққа шығармай, керісінше, өзара толықтырып отыратын қағидаттар деп пайымдауға болады, себебі олар дамудың ішкі қажеттілігінен бірлікке қарай ұмтылады.

Тарихи ғылымда әдіснамалық тұрғыда «тарихи дерек» феноменінің ерекшелігін оқыту үлкен мәнге ие болады. Кеңестік кезеңде көптеген гуманитарлық сала ғалымдары тарихи үдерісті дәл түсіну үшін тарихи деректің маңызына көңіл аударған. Теориялық қыры жағынан өткен ғасырдың атақты ғалымдары А.Я.Гуревичтің [3], В.С.Библердің [4], А.Г.Пасыкиннің [5] және басқа зерттеушілердің мақалалары үлкен пікірталастар тудырды.

Қазіргі тарихи ғылымда тарихи дерек тарихи білімнің іргелі ұғымы ретіне мойындалады. Тарихи дерек өзінше түрлі бағыттарды түсіндіруде қатысы жоқ, яғни ол инвариантты және объективті. Негізінде тарихи деректер даму жағдайындағы қарама-қайшылықты үрдістерді көрсете отырып, адамның рухани әлемінің мәнін анықтайды. Қазақстандық тарихшылар тарихи деректердің күрделі жағына көбірек көңіл аударады және «инварианттылық – барлық тарихи деректерге тән. Тарихи дерек қандай теорияда қолданылса да оқиғаның нақты бейнесі ретінде бір ғана мәнде болады, яғни тарихи шындық жайлы нақты білім болып табылады және бұл білім қалай алынатыны, тарихи нысанды бейнелеуші субъект қандай қатынаста болатыны жайлы тәсілге да байланыты емес» [6, 117 б.] деп көрсететіні бекер емес.

Көптеген тарихшылар тарихи деректерді түсіндіру мәселесіне және ғылым әдіснамасына сын көзбен қарайды. Мысалы, тарихшы И.Ф.Ерофеева былай деп жазады: «қоғамның тарихи даму заңдылықтары мен тарихи деректерді салыстырмалы талдау арқылы жасауға тырысатын

толық ғалымнан айырмашылығы тарихшы-мифтудырушы үшін оның жұмысы кезеңге бөлінген тарихи деректер және олардан алынған жеке тарихи деректер негізінде алдын ала құрылған немесе таңдалған тарихи үлгінің дұрыстығы жеке тұлғаның өзін көрсету тәсілі болып табылады» [7, 158 б.].

Ғылыми мақала авторы зерттеуші материал іздеу үстінде түрлі сипаттағы ғылыми мақалалар табуы мүмкін және оның пікірінше бұл ғылыми үдерістің заңды танымдық жағы болып табылады. Зерттеуші ғалым-тарихшының ғылыми-зерттеу қызметін, яғни ғылыми ақиқатты іздеу үрдісіндегі негізгі мақсатты нұсқаулар мен әдіснамалық бағдарларды дұрыс анықтайды: «барлық алғашқы өзаратолықтырушы және өзарааныктаушы ақпаратты тарихшы алдымен жүйелі-құрылымды талдау тәсілі және деректанулық зерттеудің арнайы жолдары арқылы таладуға тырысады, содан кейін ғана өткеннің деректі картинасын құра отырып тұтас тұжырымды құрылымды іске асырады» [7, 159 б.].

Ұлттық тарих объективтілік пен ғылымилық нысанына сай келетін тұтас іргелі әдіснамалық принцип ұстанымы арқылы түсіндірілуі тиіс. Қазіргі жағдайда біздің ақиқат шындықты толық тарихи қалпына келтірудің нақты-ғылыми, әдіснамалық және тарихи-философиялық алғышарттары жинақталады. Әлемнің жаңа ғылыми бейнесі әлемнің тарихи бейнесінің бірлігі қағидатында көрсетілгендей әдіснамалық қызметті орындай алады. Бірақ, сонымен бірге кең түсінік беру, ғылыми зерттеулер кезінде көрінетін жаңа тарихи деректерді түсіндіру үшін дәстүрлі білімді амалын тауып пайдалану керек.

Қазақстандық тарихшы, белгілі этнолог Ж.О.Артықбаев қазақ дәстүрлі көшпелі қоғамын талдау кезінде «ең алдымен экономикалық жағын емес, әлеуметтік жағдайларды, яғни әлеуметтік байланыстар формасын көрсету қажет. Себебі, қазақ қоғамында жеке адамның орны экономикалық емес, туыстық байланыстармен анықталады... Туыстық адамдардың қатар өмір сүруінің шынайы негізін құрайды және негізгі әлеуметтік құндылықтар болып табыла-

ды, сондықтан оның өмір сүру принципі байланыстың (аймақтық, ауылшаруашылық, саяси және т.б.) барлық желісіне әсер етеді)» [8, с. 195].

Автор қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамын зерттеуде әлеуметтік-мәдени басымдықтың мәнділігін көрсетеді. Мұндай көзқарастың маңыздылығында сөз жоқ және ол ұлттық тарихты біржақты түсіндіруден құтылуға мүмкіндік береді. Кезеңдік тәсілдің өз тарихы бар және оған Жаңа Уақыттың батысеуропалық ғалымдары – Ж. Руссо, Сен Симон, О. Конт, А. Смит, Г. Гегель мен К. Маркс өздерінің көзқарасын білдірді. Кейбір жеке зерттеушілердің пікірінше кезеңдік тәсіл өзінің барлық теориялық-әдіснамалық мүмкіндіктерін бітірген жоқ. Дегенмен бұл дәстүрлі тәсіл ең алдымен «зерттеушілердің бұрынғыдай көңілін аудармайды, яғни адам әлеуметін тануға жеңіл жол ашып беретін әмбебап кілт ретінде қарастырылмайды» [9, 7 б.].

Ұлттық тарих туралы әдіснамалық бағдарға өздерінің көзқарасын басқа зерттеушілер де білдіреді. «Дәл бұрынғы, сызықты-кезеңдік еуропаорталықтық белгіні жақтайтын тәсіл, – деп жазады М.С.Шәйкемелев, – көшпелі мәдениетті қандай мемлекет түріне жатқызатынын білмей тұрып оны ескермейді немесе оны жабайылар қатарына енгізеді.

Негізінде қазақ көшпелі қоғамы тарихи тұжырымдар шеңберінде сіңіспейді, себебі оның өзіндік ерекшелігі бар. Бұл бірегейлік рулық өзарақатынастар мен руаралық реттеу саласында негізделеді, яғни қоғамның барлық әлеуметтік құрылымына еніп, тек топтар арасына сөз болып, тұлғааралық және отбасы арасындағы байланыстарды белгілеп, көшпенділердің ойлау құрылымын анықтайды» [10, 132 б.].

Ертедегі және қазіргі дәуірлердегі мемлекеттіліктің болуы құқықтық ережелер қорында үстем діндердің де болуын түсіндіреді. Исламдық кезеңге дейін номадтар, көне түркілер үшін мұндай дін тәңіршілдік – Тәңіріге деген сенім, аспанда өмір сүретін құдай және оның аспанның дараланған бейнесі болды. Тәңіршілдікте Орталық Азия көне тұрғындарының келісімді ментальдылығы ерекше айқын көрінеді. Аспан

– барлығына біреу, дегенмен күн түнмен алмасады, ол өз қарама-қарсылығында біртұтас. Тәңіріне табынумен бірге Жер-суға, жер-судың әйел құдай бейнесіне табыну да кең орын алған.

Қазіргі Қазақстан аймағында буддизмнен басталып, христиандықпен аяқталатын басқа да діни сенімдер кең өріс алғанын жоққа шығаруға болмайды, бірақ олар отырықшы тұрғындар арасында көп тараған және тәңіршілдік сияқты беделді болған жоқ. Кейінірек отырықшы тұрғындар мен ақсүйектер діні болған тәңіршілдікті ислам ығыстырып шығарды, бірақ көшпелі ортаған енген ислам Тәңірге табынуды тұтас ығыстыра алмады. Тіпті қазірде де егер қазақтар ділінің ерекшелігін және екі діннің де монотеистік негізде болғанын еске түсірсек, қазақтар арасында мұсылмандық ырымдарды жасау кезінде де көне тәңіршілдік ырымдардың қалдығы байқалатыны таң қаларлық емес.

Монотеизм түркілік суперэтностың әлеуметтік құрылымына көп әсер етті. Көптеген түркілердің қазірге дейін сақталған жазба ескерткіштері халықты қаған мен биге бағынуға шақырады, себебі қаған Аспанның еркімен көкке көтерілген. Сонымен, қаған Аспан еркімен басқара отырып, номадтардың әскери демократиясына сай, мүлтіксіз бағынуды талап ете отырып, түркілердің өркендеуі үшін істеді. Білге қаған былай дейді: «Егер түркі халқы сен өз қағаныңнан, өз биіңнен, өз отаныңнан ажырамасаң ... сен бақытты өмір сүресің, өз үйлеріңде болып, қайғысыз өмір сүресің». Бұл сөздер көнетүркілік қоғамның әлеуметтік қатынасы мен идеологиясын сипаттайды.

Түркілік өркениет қыпшақ, кейіннен қазақ өркениетінің қалыптасуында негіз болатын буын болып табылады. Корей шығанағынан Каспиге дейін және Гобиден Байкалға дейін созылған мемлекет құрған түркілер басқа мәдени әлемге өзінің төзімділігі мен ашықтығын көрсетті. Көптеген, көпшілігі қазір де бар қалалар мен мекендер (Тараз, Түркістан) жасай отырып олар түркілердің орналасу кеңістігінен тыс ұқсастығы жоқ, материалдық және рухани мәдениет

ескерткіштерін сыйлаған Орталық Азия түркілерінің өзіндік отырықшы мәдениетінің бастауын берді.

Отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі үш үлгіні жинақтаған түркілер мәдениеті – өзінің негізінде номадтардың мәдени-дүниетанымдық философиясын жинақтаған. Мысалға Қорқыт туралы аңызды алайық. Аңыздың мазмұнынан-ақ оның көшпенділіктен шыққанын білеміз. Қорқыттың барған жерлері туралы сипаттама беретін жиһанкездік туралы хикаясын отырықшы адам бере алмас еді. Ол үшін қазіргі жағдайда да қиындықтар туындайтын ол барған көптеген аймақтарды аралау қажет. Аңыз бойынша Қорқыттың өзі жасаған қобыз аспабының өзі де қызықты. Оның дауысын естіген қандай жан болмасын қобыздың тылсым, қарлығыңқы дауысын қаланың тар көшелерімен, оның жабық кеңістігін даламен, оның жазық жерлерімен, дала шөбінің ауыз қуыратын иісі мен әуедегі еркін музыкасымен үйлестіреді. Кейінірек қобызды көшпелі көріпкелдер – ата-бабаларының рухымен – әруақтармен байланыс жасау үшін қолданған. Бірақ олар ешқашан қызық үшін қалалықтар арасында тарамаған.

Қазіргі адам үшін Қорқыт туралы мифтің өзі керемет көрінеді: музыка – өлімді, адамның жасампаздығы мен шығармашылығын жеңген, уақытты тоқтатуға қабілетті, Мәңгілікті тұрақтандырушы. Түркілердің ұлы гуманизмі, олардың рух еркіндігіне тырысуы, бірлік мұратына жетуі көрініс табады.

Қазіргі уақытта қазақстандық философия, қазақстандық қоғамның өзіндік санасы үшін түркілік рухани қайнардың құрылуы мен қазақ халқының рухани өмірінің қалыптасуы жайлы мәселенің түбегейлі мәні бар. Бұл бірнеше ықпалдың себепшісі болады. Ең алдымен, Қазақстанның тәуелсіздік алуы түркі рухани мәдениетінің өмірмәнділік координаттары мен құндылықтарының мәнін түсінуде ерекше мағынаға ие болатын рухани-мәдени тамырыңды білуге деген заңды қызығушылықты тудырды. Қазақстандық мемлекеттілікті анықтау мен бірегейлікті іздеуде негізі қазақ халқына мән берілетіндіктен, оның мәдениеті, тарихы, құндылықтары мен

дәстүрінің түркілік негізін ашу мен дәлелдеу мәселесі заңды түрде өзектілендіріледі.

Тарихқа жүгінсек, Абай адами тұлғаның мән-маңызын алғырлықпен терең түсіне білді, адамды асқақтатты және «Адам бол!» тұжырымын философиялық ұстын деңгейіне дейін көтерді. Бұл, біздің ойымызша, оның әлеуметтік онтологиясының мәнін білдіретін тәрізді. Мұндай онтологияда қоғам адамға қысым көрсетпейді және оны әлеуметтік жүйенің жәй бұрандасы немесе өндірістің механикалық қосымшасы етпейді, керісінше, әрбір адам рухани және адамгершілік тұрғыда дами отырып, жүрегінің түкпірінде Жаратқанның өсиеттеріне деген адалдықты сақтай отырып, өзінің ар-ожданының үніне құлақ түре келе, қоғамдық тұтастықты құрайды. Дәл осы себепті, біздің пікірімізше, Абай адамдардың достығына соншалықты үлкен көңіл бөледі. Қоғамдық қатынастар мен қоғамдық өзара әрекеттердің осы басты екпіні ойшылдың поэзиясында да жүйелі түрде естіледі және оның философиясында да бірдей табандылықпен жүргізіледі.

Абай шығармашылығы – қазақ халқының бай руханилығының шоғырланған көрінісі, Абай – қазақ халқының арожданы. Абайдың философиясы әртүрлі мәдениеттердің түйіскен тұсын білдіреді, ол мәдениеттердің бір-бірімен және автордың өзімен өзінің көп деңгейлі сұхбатын айқара ашады. Абай уақыттан тыс және кеңістіктік шекарадан тыс биік кемелдікке деген жалпыадамзаттық ұмтылысты білдіруші, сондықтан ол арқылы және оның шығармашылығы арқылы қазақ мәдениеті әлемнің көптеген мәдениеттеріне үйлесе түсінікті болып шықты. Қазақ халқы және оның бай рухани мұрасы өзге халықтардың өкілдерінің жүрегінен орын тепті және бұл үдеріс – жаңа бүгінгі адамзаттық қауымдас-тықты қалыптастырудың, оның гуманистік құндылықтары мен мұраттарының бастауы.

Қазақтың этникалық тарихындағы мәдени және рухани мұраны игеру – халық рухын жандандырудың бірден-бір жолы. Қазақ хандығы дәуіріндегі биліктің қызмет

ету ұстындарының бірі саяси тепе-теңдік пен мәмілеге келу болып табылады. Қазіргі Қазақстандағы жаңғыру жағдайындағы биліктің, қоғам дамуының өзіндік сипатын терең ұғыну үшін, алдымен қазақтардың дәстүрлі саяси мәдениетінің, құндылықтарының сатысын, саяси дәстүрлерін және олардың қазіргі Қазақстан өміріндегі орны мен рөлін болашақта жан-жақты терең ғылыми зерттеу қажет.

Әдебиеттер

1 Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства». – Алматы, 2012. – 109 с.

2 *Назарбаев Н.* Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 190 б.

3 *Гуревич А.Я.* Что такое исторический факт? // Источниковедение. Теоретические и методологические проблемы. – М.: Наука, 1969. – С. 59-87.

4 *Библер В.С.* Исторический факт как фрагмент действительности (логические заметки) // Источниковедение. Теоретические и методологические проблемы. – М.: Наука, 1969. - С. 89-101.

5 *Пасыкин А.Г.* Некоторые проблемы биохимической кибернетики // Вестник АН ССР. – 1962. – № 87. – С. 25.

6 *Несипбаева Ж.Ж.* Методологические вопросы изучения истории Казахстана в контексте мирового интеллектуального опыта // История Казахстана: новый взгляд. – Алматы: «Изд. Елтаным», 2014. – С. 111-131.

7 *Ерофеева И.В.* События и люди Казахской степи (эпоха позднего средневековья и нового времени) как объект исторчекой ремистификации // Масанов Н.Э. и др. Научное знание и мифотворчество в современной историографии Казахстана / Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 296 с.

8 *Артыкбаев Ж.О.* Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб.: Мажор, 2005. – 320 с.

9 *Абылхожин Ж.Ж.* К вопросу о некоторых методологических проблемах отечественной истории // История Казахстана: новый взгляд. Алматы: «Издательство Елтаным», 2014. – С. 7-22.

10 *Шайкемелев М.С.* Казахская идентичность. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2013. – 272 с.

Резюме

Нурмуратов С.Е., Нысанбаев А.Н. Духовно-ценностный мир казахского народа: теория и практика

Впервые в казахстанской и мировой философии вводится представление о целостной природе казахского духовного мира в историческом процессе, что позволяет принципиально по-новому взглянуть на сущность этнического самосознания. Особенности духовности казахского народа состоит в ее постоянно осуществляющейся культурной преемственности, которая пока еще представлена в исследовательских изысканиях поверхностно. При этом духовная преемственность народа принципиально отличается от простой последовательности исторических событий, буквально по всем параметрам – от мифологических понятий тюркского мира до формирования целостного мировоззрения казахского этноса в этнокультурном развитии.

Summary

Nurmuratov S.E. Nysanbayev A.N. Spiritual world of values of the Kazakh people: theory and practice

For the first time in the Kazakh and world philosophy introduced an idea of the holistic nature of the Kazakh spiritual world in the historical process, enabling an entirely new look at the nature of ethnic identity. Features of the spirituality of the Kazakh people is to continuously implement its spiritual continuity, which is still represented in the research surveys surface. In this spiritual continuity of the people is fundamentally different from a simple sequence of historical events, literally in all aspects – from the mythological concepts of the Turkic world to form a holistic outlook of the Kazakh ethnic group in the ethnic and cultural development.

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ШАУҒАР, ЙАСЫ, ТҮРКІСТАНДЫҚ ОЙШЫЛДАР ЖАЙЛЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР

Дербісәлі Әбсаттар Бағысбайұлы,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР Жоғары Мектеп ҒА-ның академигі, Р.Б. Сүлейменов
атындағы Шығыстану институтының директоры
(Алматы қ., Қазақстан)
shighistanu@mail.ru

Қазақ жерінің байырғы шаһарларының бірі әрі бірегейі көне Түркістан ертеректе бірде Шауғар делінсе, енді бірде Йасы, ал орта ғасырлардан бастап Түркістан деп атала батады.

2000 жылы еліміз осы көне қаланың 1500 жылдығын ЮНЕСКО-ның қатысуымен үлкен салтанатпен атап өтті.

Көне Шауғар шаһарын археологтар Сырдария бойында, Түркістан маңында болған деп есептейді. В.В.Бартольд (1869-1930): «Шауғар Кедерден бір асу жерде. Ол ауқымды аймақты, үлкен бекіністі, базар жанында күмбезді мешіті бар» [1, 234] десе, ал «Қазақстан тарихында»: «Отырардан оңтүстікке таман бір күншілік жерде өзі аттас орталығы бар Шауғар округі болды. Шауғар округі осы күнгі Түркістан ауданын алып жатты, ал Шойтөбе қала жұртымен теңдестірілетін қаланың өзі Түркістан қаласынан оңтүстікке таман 8 шақырым жерде болған. XI ғасырда Шауғар құлдырап, округ астанасы Йасыға (Ясыға) көшірілді, мұнда XI ғасырдың аяғында Ахмет Йасауи мавзолейі салынып, қала діни орталыққа айналған» делінген. [2,2 том,75-бет]

Шығыстанушы Ш.С. Камалиддинова да осы мәселе туралы: «Шауғар Түркістанның батыс шығысында 8 шақырым жерге орналасқан Шойтөбе қаласының орнында болған. Соғд тілінен аударғанда ол «қара тау» деген мағынаны білдіреді. Қаланың Қаратау етегінде орналасуы Шойтөбенің Шауғарға балануына қосымша дерек бола алады» [3, 83] дейді.

Орта ғасырлық Орта Азиялық атақты шежіреші Әбу Саъд ас-Самани (Абд әл-Карим бин Мұхаммед бин Мансур) (1113-1167) осы Шауғардан көптеген ғалымдар шыққан дей отырып X-XII ғасырларда өмір сүрген хадисші екі ғалымның атын атайды:

1. Әбу-л Хасан Әли аш-Шауғари

«Ол қазы, әрі тамаша оқымысты болған. Әбу-р Рабина әл-Хасан ибн Абд әл-Карим аш-Шимали ас-Сахилиден хадис риуаят еткен.

2. Әбу Мұхаммед Абдалла бин Мұхаммед аш-Шауғари әл-Мустамли

Ол Әбу Абдалла әл-Хусайын ибн Исмайыл аш-Шайбанидің (749-805) шәкірті еді. Ол туралы хадисші, тарихшы әл-Хаким Абд Абдалла әл-Хафиз (? – 1014) «Тарих-и Нисабур» («Нишапур тарихы») атты еңбегінде: «Әбу Мұхаммед аш-Шауғари бізде, Нишапурда бірнеше жыл тұрды, сонан соң Ирақка кетті. Содан кейін ол жайлы ештеңе естімедім» [4, 68-69] деп еске алған.

Иә, Әл-Хаким ибн әл-Баййи әл-Хафиз деген атпен көбірек мәлім Әбу Абдалла Мұхаммед ибн Абдалла ан-Нишапури (Нисабури) хадистанушы, белгілі тарихшы болатын. Оның «Тарих-и Нашапур» («Нишапур тарихы») атты араб тілінде жазылған еңбегі біздің заманымызға жетпеген. Бірақ Әбу Саъд ас-Самани оны кезінде көп пайдаланса керек. Әр жылдары Нишапурге келген Орта Азиялық 50 ғалым жайлы әңгімелер мен дәйектемелер осы еңбектен алынған. Әуелде «Тарих-и Нишапур» үш томнан тұрса керек. Соңыра парсы тіліне қысқартыла аударылған. Сол нұсқасы біздің заманымызға жетіп 1961 жылы Тehранда басылып шықты. Олай болса осы кітаптан шауғарлық қана емес, сондай-ақ қазақ жерінің өзге де зиялылары жайлы мәліметтер табуға болады деп ойлаймыз.

3. Әли бин әл-Хасан аш-Шауғари

Әбу-л Қасим Камал ад-дин Умар бин Ахмад Һибатулла әл-Укайли әл-Халаби ибн ал-Адим (1192-1262) «Буғыйату-т талаб фи тарих Халаб» атты еңбегінде имам Әли бин әл-

Хасан аш-Шауғариді атай отырып, оны «Имам әл-Маджид Әбу ар-Рабиғ ас-Сахили әл-Йамамидің шәкірті еді» [5, 5 том, 2458-бет] деп жазады. Сондай-ақ ол имам Әлидің хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистерімен айналысқанына (риджал ал-хадис ан-набауи аш-шариф) тоқталады. Одан басқа дерек жоқ.

4. Хамдан бин Ахмад аш-Шауғари

Ол да хадис ғылымымен айналысқан. Имам Рафиғи (Әбу-л Қасим Абд әл-Карим бин Мұхаммед бин Абд әл-Карим бин әл-Фадл ар-Рафиғи әл-Казуини) (1160-1226) «Ат-Тадуин фи ахбар Қазуин» [7] атты еңбегінде өзінің хадис шәріптерімен айналысқанын, осы орайда Хамдан бин Ахмад аш-Шауғаридың риуаяттарына сүйенгені жайлы ескерткен.

Орта Азия мен Қазақстаннан шыққан ойшыл кемеңгерлер ішінде Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) ғылымның барлық саласы, Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) география, Әбу Әли Ибн Сина (980-1037) медицина, Ұлықбек (1394-1449) астрономия, Әбу Ибраһим Исхақ әл-Фараби (951 – ө.ж.б.) мен Исмайл әл-Жауһари әл-Фараби (т.ж.б.-1002) араб тіл білімі ғылымына өзіндік үлес қосса, бұлармен қатар Исфиджаб – Сайрам, Йасы – Түркістаннан шыққан асыл перзенттеріміз де мұсылман заңы мен хадистану, тәпсір секілді Ислами ілімдер саласына қалам тербеп, Ислам мәдениеті мен ғылымынан өзіндік орын алды. Солардың арасынан біз күні бүгінге дейін XI-XII ғасырларда өмір сүріп «Диуан-и хикмет» («Даналық кітабы») атты тамаша шығарма қалдырған ойшыл, кемеңгер, түркі халқының рухани атасы Қожа Ахмет Йасауиды (Ясауида) (993-1167) ғана білеміз. Сол себепті Йасыдан өзге ғұламалар шыққан жоқ па деген сауалдардың қойылатыны да заңды.

Иә, Йасы тек Қожа Ахмет Йасауиды ғана емес, өзге де даналарды дүниеге келтірген. Ислам ғылымы әсіресе, қазақ даласында қарахандықтар билік құрған тұста (X-XIII ғ. басы) мықтап дамыды. Өйткені олар Ислам дінін мемлекеттік дін деп жариялап, ғылым, білімнің дамуына, өркен жаюына барынша жағдай жасады.

Сөйтіп аталмыш орталықтардан шыққан ойшылдар тізбегі үзілмей және олар тек қана Ислам өркениетінің орталықтары Таяу және Орта Шығыс жұртымен ғана емес, сондай-ақ алыстағы Үнді елімен де тығыз рухани, мәдени байланыста болды. Осындай қарым-қатынастардың орталығы ретінде туған еліміз тарихында Йасы шаһарының өзіндік орны бар екендігін айтқан жөн.

Ортағасырлық түрік ғалымы Хаджы Халифа (1609-1657) «Кашф аз-зунун ан асами әл-кутуб уа-л фунун» және Индиялық көрнекті ғалым Абд ал-Хаий әл-Хусайни әл-һинди (1847-1886) «Әл-Ағлам. Нузһат әл-хауатир уа баһджат әл-масамиғ ан-науазир» атты еңбектерінде Йасыдан шыққан, бізге бұрын-соңды белгісіз болып келген бірнеше ойшылдардың атын атаған. Ал сондай Йасы ойшылдары кейбірінің өздері ғана емес, сондай-ақ ұрпақтарының да аталары секілді өздерін Йасауи-Кашмири деп көрсеткендерін байқаймыз. Сонымен олар: Әбу-л Аббас Ахмед бин Мұхаммед әл-Йасауи, Аш-Шейх мутасаууф аз-Заһид Ахмет Йасауи, Аш-Шейх Шамс ад-Дин Ахмед бин Абд әл-Муъмин ат-Түркімани әл-Банипати, Мирза Ахмед әл-Йасауи бин Малик Мұхаммед (әл-Кашмири), Аш-Шейх Нұр әл-һуада бин Абд Алла бин Мұхаммед Фадл әл-Йасауи әл-Кашмири, Әбу ат-Таийб бин Ахмед бин Мұстафа ибн әл-Мұғаийн әр-Рафиқи әл-Кашмири, Аш-Шейх Әбу Рида Мұхаммед бин Мұстафа бин әл-Мұғаийн ар-Рафиқи әл-Кашмири.

Сөйтіп бұлардың бірқатарының түпнегізі йасылық болғанымен, өмірлері мен қызметтері Үндістан және оның уәлаятының бірі Кашмирде өткен. Мұнда да кездейсоқтық жоқ. 1998-1999 жылдары мен орта ғасырларда Кашмирдің әміршісі болған, дулаттан шыққан Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) қалай қаза тапқаны, жерленген жерін анықтау үшін Кашмирге бірнеше рет барғанымда Кашмир ғалымдары Ислам дінінің Үндістанға, әсіресе Кашмирге тарап, біржола орнығуына, ортаазиялық түркілердің (біздің ата-бабаларымыздың) үлкен рөл атқарғанын, орта ғасырларда 700-ге жуық мауараннаһрлік сопылардың

Үндістанға келгенін айтып еді. Мен *ол* сөздерге әуелде онша мән бере қойған жоқпын. Енді оның ақиқаттығына көзім жетіп отыр.

Сөйтіп Үндістан және оның Кашмир өлкелерімен ойшыл бабаларымыз қатынастарын үзбеген. 1526 жылы Үндістанды атақты Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр (1426-1530) алып, ұрпақтары онда мемлекет құрып, оны үш ғасыр билегені белгілі. Делидегі бас мешіттің бас имамы етіп кезінде Бабырдың өзі ата-жұрты Бұхара, Самарқаннан шыққан діндарларды ғана тағайындап отырған. Осылай етуді кейінгілерге де өсиет еткен. Сол дәстүр бүгінге дейін сақталып отырғанын көрдік. Делидің осы күнгі бас имамының ныспысы да Бұхари (бұхаралық) боп шықты.

Гималай тауларының арасындағы сырт көзден таса Кашмир көпке дейін жұртқа жұмбақ болып келсе, ал бабаларымыз оны жақсы білген.

Кашмир жан-жағын Гималай таулары қоршап жатқан, көлденеңі 30, ұзындығы 220 шақырымдық үлкен аңғар. Кашмирде орта және кіші шаһарлар мен кенттер баршылық. Астанасы Сринагарды Желам өзені жарып ағып жатыр. Қаланың солтүстік жағында аумағы ат шаптырым Дал көлі бар. Сринагар және тау етегіндегі тау, төбелердің бәрі жалпақ жапырақты және шырша, қарағайлы орман. Олар өлкеге көрік беріп тұр.

Міне осындай ғажайып мекенге Ислам дінін таратып, орнықтыруды ортаазиялық бабаларымыз үлкен де сауапты іс санаған.

Йасылық дегенде әдетте біріншi Қожа Ахмет Йасауи еске түседі. Дей тұрғанмен біздің ізденістеріміз бен зерттеулеріміз Қожа Ахмет бабамыздан 100 жылдай бұрын өмір сүрген жаңа Йасауиды тауып отыр. Енді сол туралы деректерге көз жүгіртейік.

1. Әбу-л Аббас Ахмед бин Мұхаммед әл-Йасауи (? – 1004). Парасат иесінің өз аты – Әбу-л Аббас Ахмед. Әкесінің есімі – Мұхаммед әл-Йасауи. Өкінішке орай ол жайлы өзге мағлұматтар жоқ. Оның «ат-Табақат ас-Суфия» («Сопылық топтар») атты кітабы болған. Ол туралы ортағасырлық түрік

ғалымы Хаджы Халифаның (1609-1657) аталмыш «Кашф аз-зунун ан асами әл-кутуб уа-л фунун» атты еңбегінде айтылған [10, 2 том, 1104-бет].

Өмір сүрген жылдарынан байқағанымыздай ол Қожа Ахмет Йасауиден көп бұрын өмір сүрген.

2. Қожа Ахмет Йасауи.

XI ғасырдың екінші жартысында Йасы кемел бір дананы дүниеге келтірді. Ол сопы, ақын Қожа Ахмет Йасауи (1093-1167). Оның есімі әдебиеттерде әдетте түркі текті ортаазиялық ең бірінші, өзінің атын алған тариқат негізін салған, «машаих-и түрк» («түркі машайықтарының көшбасшысы») ретінде аталады. Қожа Ахмет Йасауидің өмірі және шығармашылығымен жұрт жақсы таныс болғандықтан, бұл жерде оған тоқталмаймыз.

Кейбір кемеңгерлердің базбірінің арғы ата-тегі ғана Йасылық, ал өздері Кашмирде туылғанымен тектерін бәрібір Йасауи деп көрсетуді ұмытпаған. Енді солардың да өмір жолына көз жүгіртіп көрейік.

3. Аш-Шейх Шамс ад-Дин ат-Түркімани әл-Банипати. Абд әл-Хайй әл-Хұсайни әл-hинди оны «үлкен шейх Қожа Ахмет әл-Алауи әл-Йасауидің ұрпағы. Ныспысы бойынша Қожа Ахмет әл-Йасауи Мұхаммед ибн Ханафия ибн әл-Имам Әли ибн Әбу Талибке барып тіреледі» [9, 2-том, 50] дейді.

Сөйтіп оны Қожа Ахмет Йасауидің тікелей ұрпағы деу керек.

Ойшылдың өз аты – Шамс ад-Дин. Әкесінің аты – Ахмет. Бабасының есімі – Абд әл-Муъмин ат-Түркімани. Бұл жерде көңіл аударатын екі мәселе бар. Олар оның есім тізбегінде көрсетілген ат-Түркімани және әл-Банипати (Пани-Пати) деген екі атау жайы. Әуелгі ат-Түркімани деген сөз бабамыздың түркі текті екенін ғана білдіре ме, жоқ түркімен тайпасынан шыққандығын көрсетіп тұр ма? – мәселесіне келейік.

Түркімен деген этникалық атауға байланысты Махмұд Қашғаридің «Диуан лұғат ат-түрік» атты еңбегінде: «Түркіман гуз (оғыз) тайпасына жатады. Зұлқарнайын (Александр Македонский) түркілер елінен өтіп бара жатып түркі тайпасының

бір топ кісілерін көріп парсыша: «Түркман анд», яғни «олар түркілерге ұқсайды» деген екен. Содан бері осы атау күні бүгінге дейін (XII ғ.) оларға таңылып, сақталып қалды», – дейді [12, 1051-1052].

Зұлқарнайынның түркі тайпасының кісілерін көрген жері қазіргі Оңтүстік Қазақстан мен Жамбыл облысы.

Шамс ад-Диннің түркі текті және Қожа Ахмет Йасауидің зәузаты екендігін ортаазиялық тарихшы, шежіреші Абд әл-Қадыр (XIX ғ.) «Маджмаға әл-ансаб уа-л ашджар» [13, 58] деген еңбегінде растайды. Ол оны «Шамс ад-Дин түрк Банипати, Әлилік саййдтар әулетінен, насабы Ахмад Йасауиге жетелейді. Шамс ад-Дин хазраты шейх Махдум-и Алам Ала ад-Дин Әли Амад Сабридің (Алла рахым етсін), ал ол хазіреті шейх Фарид Хаққ уа-д Дин Масуд Аржағанидің (Алла оны есіркесін) мүриді» [13, 58] дей отырып, әрі қарай үнділік чиштийа сопылық тариқатының ізбасарларын тізбектеп кетеді.

Ал Панипат Үндістандағы қала. Ол қазір де бар. Делидің солтүстігінде 120 шақырымдай жерде. Атақты Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр (1483-1530) Үндістанды жаулау кезінде оның шешуші шайқасы 1526-27 жылы дәл осы жерде өткен.

Шейх Шамс ад-Дин алғашқы білімді өз отаны Йасыда, өз ортасында алған. Сонан соң туған жерінен шығандап шығып, Мауараһрдің үлкен машайықтарынан білімін толықтырғаннан кейін, Үндістанға аттанады. Панипат қаласына келіп сонда ұмыр кешіп, атағы шыққан ғалым болады. Ол һижраның 716 (1315) жылы жұмада әл-ахира айының 10 күні дүниеден өткен.

Шамс ад-Дин туралы аз жазба деректер осылар ғана. Оның неге Кашмирге бармай Панипатта тұрақтап қалғанын білмейміз.

Ал йасылық келесі дана XVI ғасырдың екінші, XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген. Ол кезде Мұхаммед Заһир ад-Дин Бабыр да, оның туған бөлесі Мұхаммед Хайдар Дулати де тірілер санатында жоқ еді. Бұл Үндістанды Кашмирмен қоса Бабырдың шөпшегі, әлемдегі жеті кереметтің бірі Таж-Махалды салдырған шаһ Жаһан

(1627-1658) мен оның баласы Аурангзеб (1658-1707) билеген тұс. Олар Кашмирге қазір де бар әдемі бақтар мен салтанатты сарайлар салдырды.

Әйтсе де Үндістан мен Кашмирге Исламның орнығуы оңай бола қойған жоқ. Жаңа дінді қабылдағандар оның қырсырын білмегендіктен де түрлі секталарға жем болып жатты.

4. Йасыда туып Кашмирде тұрған бабалар туралы Абд әл-Хайй әл-Хусайни әл-Һиндиден басқа Исмаил паша әл-Бағдади (? – 1920) және Умар Рида Каххала да жазған. Исмаил паша «Һадияту-л арифиин» атты еңбегінде йасылық Камил бин Мырза Ахмед әл-Йасауи бин Малик Мұхаммед ат-Ташкандиді әл-Кашмири деп те атайды [14, 5-том, 837]. Кашмири деген ныспы оған кейінірек сонда көшіп барған соң берілсе керек. Исмаил паша оның Кашмирде һижраның 1131 (1719) жылы дүниеден өткеніне тоқталады да «Бахр аз-Заман» («Заман теңізі») атты кітабы барын айтады [14, 5-том, 837].

Сонымен ғалымның өз аты – Мырза Камил болса, әкесінің есімі – шейх Ахмед, ал бабасының аты – Малик Мұхаммед әл-Йасауи ат-Ташканди. Ташканди дегенге қарағанда бабасының туған жері Ташкент болса керек. Содан кейін ол Йасыға көшіп келген соң ұлы Ахмед және немересі Мырза Камил Йасыда дүниеге келген деуге болады.

Ал, Умар Рида Каххала да «Муғджам әл-муаллафийн тараджим мусаннафи әл-кутуб әл-арабийа» [8] атты еңбегінде оның аты-жөнін: «Камил бин Ахмед бин Мұхаммед әл-Йасауи ат-Ташканди, соңыра әл-Кашмири» [8, 8-том, 139] деп жазады. Бірақ мұнда жоғарыда Исмаил паша көрсеткен «мырза» деген сөз жоқ. Оған ол Камил деген есімді Исмаил паша әл-Бағдади секілді қосқан.

5. Аш-Шейх Абд Алла әл-Кашмири. Абд әл-Хайй әл-Хұсайни әл-һинди (1847-1886) оның толық аты-жөнін «Маулана Аш-Шейх Абд Алла бин Мұхаммед Фадл әл-Йасауи әл-Кашмири» [9,] деп жазады. Өз есімі – Аш-Шейх Абд Алла, әкесінің аты – Мұхаммед Фадл әл-Йасауи. Иә, ол сөйтіп қазақ жеріндегі Йасыдан шыққан. Содан Кашмирге қоныс аударған. Кашмирде Молла Мұхаммед Мухсин және Шейх шаһид

Аманулла және басқа да ғұламалардан ғылым үйренген. Содан Қазы шаһтан сопылық тариқатты алды. Еліне оралып, машайықтар дәрежесіне жеткеннен кейін Кашмирге қайтып оралады. Пәтуа шығару міндетін алады. Ол жайлы Мұхаммед Усман, Баба Абдалла, Молла Абд әл-Муъмин, Мир Мухи ад-Дин және қазы Мұхаммед Хұсейн Молла Нұр ад-Дин һәм Мүфти Қауам ад-Дин секілді Кашмирдің өзге де тұрғындарынан ұсыныстар алады. Ол һижраның 1171/1757 жылы шаууал айының ортасында қайтыс болған [9, 6-том, 165-166].

6. Аш-Шейх Нұр әл-һуда бин Абд Алла бин Мұхаммед Фадл әл- Йасауи. Оның өз аты – шейх Нұр әл-һуда. Әкесінің аты жоғарыда аталған Абдулла әл-Йасауи әл-Кашмири. Бабасының есімі – Мұхаммед Фадл әл-Йасауи. Ол да өз кезінде Кашмир өлкесінің белгілі машайықтарының бірі болған. Абд әл-Хаий әл-Хусайни әл-һинди Нұр әл-һуданы «һижраның 1129 (1716) жылы туып, оның ілімінен көп адам пайда тапқанын еске ала келе, оны һижраның 1197 (1784) жылы жұмада әл-ула айында дүние салды» [9, 6-том, 396], – дейді.

7. Аш-Шейх Әбу Рида Мұхаммед бин Мұстафа бин Муғаийн әр-Рафиқи әл-Кашмири. Өзінің аты – Әбу Рида Мұхаммед. Әкесінің есімі – Мұстафа. Бабасының ныспысы – Мұғаийн әр-Рафиқи әл-Кашмири. Ол да ағасы сияқты Кашмирдің үлкен машайықтардың бірі болған. Әбу Ханифа мазһабын ұстанған. Әбу Рида һижраның 1154 (1740) жылы дүниеге келген. Ол хадистану (илм әл-хадис), сондай-ақ суфизм (тасаууф) бойынша да еңбектердің авторы.

Әбу Рида содан һижраның 1218 (1804) жылы ағасынан кейін бір жылдан соң қайтыс болған [9, 7-том, 421].

8. Әбу ат-Тайиб Ахмед бин Мұстафа ибн әл-Муғаийн әр-Рафиқи әл-Кашмири. Өзінің аты – Әбу ат-Таийб Ахмед. Әкесінің есімі – Мұстафа. Бабасының ныспысы – әл-Муғаийн әр-Рафиқи әл-Кашмири. Ол шариғат ілімінің көрнекті өкілі, мухаддис (хадисшы). Абд әл-Хайй әл-Хусайни әл-һинди оның жоғарыда аталған Нұр әл-һуданың отбасынан шыққанын айтады. Ол Әбу ат-Таийбтың һижраның 1150 (1736) жылы

туғанын еске алумен қатар хадис ғылымы, хазіреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың өмірбаянын зерттеуші (сира набауия), сопылық ғылым, поэзияда да өзіндік із қалдырғанына тоқталады. Оның еңбектерін кашмирлік көп адам (машайықтар мен ғұламалар) пайдаланған. Әбу ат-Тайиб тариқат жетекшілерінің бірі болған. Ол һижраның 1219 (1803) жылы раджаб айында пәниден бақиға озса керек [9, 7-том, 35].

Кашмир кітапханасының қолжазба қорында оның парсы тіліндегі сопылық сарында жазылған «Рисала хамдийа» («Мадақ трактаты») бар.

Әбу ат-Тайиб жалғыз емес еді. Оның ғылым жолына түскен бауыры да болған.

Міне, Йасыда туып, Кашмирде Ислам дінінің өркен жаюына қызмет еткен жерлес ғұламалар жайлы қолда бар мағлұматтар осылар.

Тек Йасы ғана емес, сондай-ақ күллі Мауараннаһр өлкесі тарихын зерделеген де бірқатар ғалымдар бар. Солардың еңбектерін тауып, орта ғасырларда қазақ жерінен шыққан данышпандар анықталса ғанибет іс болар еді. Солардың бірі «Тарих-и Түркістан» («Түркістан тарихы») атты еңбектің авторы шейх Мадж ад-Дин Мұхаммед Инан. Өз шығармасын ол Тамғаш (1050-1068) ханға арнаған.

Үш жүздің арасында болатын даулы мәселелерді кеңесіп барып үкімін шығарған. Өзара тең құқықты сыйлай отырып, жеке-дара өкім шығармаған. Бұл өкім мен кесімдер тек қана жазалаушылық міндет атқарып қана қойған жоқ, олар тәрбиелеуші қызметті қоса атқарды. Олардың әлеуметтік мәселелерді шешудегі тапқырлықтары мен көрегендіктері даналыққа толы философиямен көмкеріліп аңызға, мысалға айналды. Мәселені шешу тәсілінің өзі, ұрымтал тұсты дөп басатын сан қырлы әдістерге толы болды. Бұл әдіснамалар ақиқаттың мәңгілік заңын сақтауға қызмет еткен тетіктер болуымен сипатталады. Бұл жерде биге шешендік өнер

аздық етеді. Дәстүрлі рулық қоғамның салт-санасы, тұрмыстіршілігі мен тынысы көкейінде сайрап тұруы қажет. Сахара жұртшылығының қайшылықты әдет-ғұрыптары мен салттары бойынша барымта деп жүргені, өзге мәдениеттерде қылмыс болып саналады. Қазақта ол ұрлыққы жатпаған. Көбінесе, қыздарын ықтиярсыз қалыңмал алып, күйеуге бере салатын. Ал дәстүрлі қазақ қоғамында ерлі-зайыптыларға айырылысуға мүлдем тыйым салынған. Егер ер адам ғашық болып қалған күннің өзінде әйелін тастап кетуге құқы жоқ. Ол тек қана бірінші әйелін толық қамқорлығына алып, жеке үй етіп барып, екінші әйел алуына болады. Ал әйелі болса, басқа біреуге кетуге, екінші күйеуге тиюге құқы жоқ. Далалық тарихта мұндай оқиғалар жоқтың қасы болатын. Билер өз заманының архаикалық осындай қаталдықтарын қолдады. Бұл жерде олардың ата-бабаларының салып кеткен жолын құрмет тұтатындығын көруге болады. Қазіргі кезең тұрғысынан алғанда адам құқығы әділетсіз бұзылған болып есептеледі. Бірақ бидің бұл жерде кінәсі жоқ. Ол – сол кезеңдегі қоғамдық жүйелердің тәртібіне байланысты болатын құбылыстар.

Би-шешендеріміз қазақ елінің далалық демократиялық ұстындарын қадір тұтып оларды жетілдіріп қана қоймай, іс жүзінде сөз өнерінің философиясын жасады. Билер шығармашылығының ерекшелігі олардың ой еркіндігімен қоса оны жүзеге асыруда шексіз билігінің болуымен сиапатталады. Билер философиялық ойының орталық ұстындары «ұрлық», «зорлық», «өтірікшілік» сияқты жаман қылықтар мен «мейрімділік», «кешірімшілдік», «шыншылдық» секілді изгіліктіліктің тірегі болған философиялық ұғым-түсініктердің диалектикасы болды. «Обал – сауап», «адал – арам» аражігін ұрпақ зердесінде мәңгілік ұялата білуінде. Билер институты жас-ұрпақ тәрбиелеуде қазіргі заманда бірнеше сатыға бөлінетін мектеп, жоғарғы оқу орындарының міндетін де атқарды. Жастардың жүректеріне имандылықты ұялата білу шешендік өнермен қатар тәлімгерлік тәжірибенің де арқасында мүмкін еді. Қоғам дамуының әр кезеңі адам

болмысының дамуы арқылы болады. Адам өзін өзі жетілдіре отырып, қоғамды жетілдіреді. Адамдар өздерінің іс-әрекеті арқылы қоғамның алға жылжуына тікелей қатынасады. Сондықтан қазақ хандығы тұсындағы билер атқарған ұлы істер адамды рухани жетілдіруге бағытталғандығымен де құнды. Оларды қазіргі ақпараттық технологиялар заманында барлық құралдар арқылы ұрпақ санасына жеткізу ләзім. Билер туралы тағылымды фильмдер, тіптен мультфильмдер түсіріп, теледидар арқылы насихаттау жаһандану жағдайында ұлттық төлтума мәдениетімізді ұлықтап, салт-дәстүрлерімізді жастар санасына сіңіру ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалудың бірден-бір жолы деп есептейміз. Мемлекеттілігімізді нығайтуда ұлттық сана архетиптерін жаңғыртудың тигізер үлесін де ескерген жөн.

Әлеуметтік өмірдегі келеңсіз іс-әрекеттер қазіргі кезде біздің қоғамымызда белең алып отырған жағдайлар. Бұл – жаһанданудың қарқын алуымен ушыға түсетін құбылыстар. Осыған орай, адамның рухани жетіліуінің тетіктерін іске қосу қажеттілігі туындап отыр. Қазақ болмысы қашан да кісілікті, әділеттілікті, ізгілікті басты бағдар еткен. Қазіргі экономикалық прагматизм шексіз байлыққа ұмтылысты арттырып отырғаны бәрімізге аян. Әлихан Бөкейханов айтып кеткендей: «Би әділ болмай жұрт оңбақ емес. Қайда ілгері басқан жұртқа қарасақ, биі әділ. ....Әділ би құдайдан басқа адамнан қорықпаса болды. Әділ билік рәсімге сүйенсе орнына келеді. Англия биін жұрт сыйлайды, атақты билер оқу оқитын медресені бітірген, жасы толған, ғұмырында қылған ісінде кірі жоқ кісіні би сайлауын ешкім бекітпейді һәм бұл би ешкімнен мақтау, шен алмайды, сот тергемей орнынан түспейді. Қызметіне алатын хақысы министрлер алатын хақыдан кем емес. Би алдында патшаның соқа басынан басқа бар адам құрдас. Англияда би болмақ зор дәреже, жұрт көзіне зор құрмет. Міне, Англия билігіне қарасақ, бұлардың әділдігі жазып шығарған закон емес, жұрт рәсімі арқылы болған. Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім

орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйірік шешен билерден келе жатқан әз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды» [11, 167-168 бб.]. Алаш көшбасшысы да қазақтың билік құру өнерінің тамаша үлгісі келмеске кетіп, ендігі жерде билер орнын басқан сот қызметкерлерінің бет-бейнесін сынға алған болатын. Өйткені, дәстүрлі билер билік құрған кезде қазақ ортасында «пара беру» деген ұғым болмаған. Қазақты орыс судьясына қаратуды да, шариғатқа қаратуды да жақтап қол қоймаймыз дегені, қазақта өзінің қалыптасқан әдет-құқығы мен билер институтының үлгісі бар екендігіне сүйенген еді. Дамыған ұлттардың ел билеу өнерін талдап-тарқата келе, қазақта да дәстүрлі билердің жол-жорасы бар екенін, олардың артықшылықтары туралы жазды. Қазіргі кезеңде ұлттың рухани мұраларын жаңғырта отырып тарихи тәжірибелерді жинақтап қазіргі кезеңнің игілігіне жұмсауға мол мүмкіндіктер бар. Билік құру, төрелік айту, қазылық етудің туы әділдік, көздегені ақиқатқа жету.

Ұлы ағартушы-ғалым Шоқан Уәлиханов та өз зерттеулерінде қазақ сахарасында реформаларды қабылдау кезінде жергілікті жағдайларды ескеру керектігін, дана билердің даңғыл жолынан үлгі алуды баса айтты. Ғалым азаматтық заңдарымызды жасауда, би сайлауында қалыптасқан дәстүрлерімізді қайта жаңғыртуды армандап кеткен еді.

Қоғамның дамуының әр кезеңі адам болмысының дамуы арқылы болады. Адам өзін өзі жетілдіре отырып қоғамды жетілдіреді. Адамдар өздерінің іс-әрекеті арқылы қоғамның алға жылжуына тікелей қатынасады. Сондықтан қазақ хандығы тұсындағы билер атқарған ұлы істер адамды рухани жетілдіруге бағытталғандығымен құнды деп есептейміз.

Руханилық, адамгершілік мұраттар қазақ ділінің нағыз өзегі болып табылатын құндылықтарға жатады. Қазіргі кезеңде қазақ үшін жаңа сынақ келді. Өрелі, өркениетті ел болу үшін ынтымақ, бірлік, ағайыншылық, адамгершілік қадіріміз бен қасиетімізді, ата-бабаларымыздан мұра болып келе

жатқан салт-дәстүрлерімізді қазық етсек одан ұлтымыздың өркендеуі қарқындайды десек қателеспеген болар едік. Жастарымызға бала-бақшадан мектепке дейін, одан әрі жоғары мектептерде ақын-жырау, билер институттарының тәлімдік-тәрбиелік мағынасы мол шығармашылығынан сусындауына мүмкіндіктер ашу кезек күттірмейтін шаралардың бірі болса керек. Руханилық әрқашанда адамдар арасындағы қарым-қатынастардың үйлесімділікте болуымен сипатталады.

Әдебиеттер

1 *Нұрмұратов С.Е.* Халықтың негізгі рухани құндылықтары // Қазақ даласының ойшылдары (XVIII-XIX ғғ.). – Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 2004. – 4-кітап. – 309 б.

2 *Мырзалы С.* Философия. Оқулық. – Алматы: «Бастау», 2008. – 644 б.

3 *Зиманов С.* Полное собрание сочинений. 10 томов. – Алматы: «Медиа-корпорация «Заң», 2009. – X том. – 496 с.

4 *Левшин А.И.* Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен далаларын суреттеу //Ақиқат. 1993. № 3.– 54-64 бб.

5 *Қасымжанов А.Х.* Портреты: Штрихи к истории Степи. Вып 1. – Алматы, 1995. – 126 с.

6 *Назарбаев Н.* Бірлік – біздің қасиетті туымыз // Егемен Қазақстан. – 26 сәуір 1995.

7 *Абай*. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б.

8 *Зиманов С., Өсеров Н.* Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері. – Алматы, Жеті жарғы. 1998. – 4-5 бб.

9 *Раев Д.С.* Ел басқарудың шешендік өнердегі көрінісі //Әл-Фараби. – 2003. – № 1.

10 Төле би / Құрастырған Дәуітов С. – Алматы: Мұраттас ғылыми зерттеу орталығы, 1991. – 80 б.

11 *Бөкейханов Ә.* Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б. – 167-168 бб.

Резюме

Конырбаева Г.М., Сагикызы А. Гуманистические идеи в мировоззрении биев и риторов

В статье анализируются мировоззренческие и аксиологические особенности творческого наследия казахских биев и риторов. Автор подчеркивает, что институт биев является характерной и специфической чертой кочевого общества. В статье раскрывается роль и значение творчесвта казахских биев в становлении казахской государственности.

Resume

Konyrbaeva K.M., Sagikyzy A., Humanistic ideas of «bi» rhetoricians worldview

This article analyzes the ideological and axiological characteristics of the creative heritage of the Kazakh biys and rhetoricians. The author emphasizes that the institution biys is a characteristic and specific feature of a nomadic society. The article describes the role and importance of the Kazakh tvorchesvta biys in the formation of the Kazakh state.

АБАЙ И БЕХБУДИ: К ЕДИНСТВУ ЗНАНИЯ И ВЕРЫ

Байдаров Еркин Уланович,
ведущий научный сотрудник Института
востоковедения им. Р.Б. Сулейменова КН МОН РК,
кандидат философских наук,
(г. Алматы,Казахстан)
erkin_u.68@mail.ru

На рубеже XIX–XX вв. в Казахстане, как и в центральноазиатском регионе в целом, происходят существенные перемены в социально-экономической, политической и культурной сферах жизнедеятельности общества. Проникновение капиталистических отношений, развитие демократической мысли, увеличение роли и значимости науки, образования способствовало началу процесса пересмотра устоявшихся ценностей, и поиску новых ориентиров развития общества. В процессе этих поисков в Казахстан проникает и развивается социальное движение, получившее впоследствии название «джадидизм».

Материалы газет «Дала Уалаяты газеті» (1888-1902), «Қазақ», «Айқап» и другие, отражавшие вопросы внутренней и внешней жизни тюрко-мусульманского населения начала XX в. со всей убедительностью показывают, что в конце XIX в. одним из вопросов, волновавших казахское население, был вопрос образования. Только за 1895 г. были опубликованы более десятки статей на данную тему, в частности «Какие школы полезнее в степном крае»; «По вопросу об образовании киргизов»; «К вопросу об учреждении школ в степи», «К вопросу о киргизском народном образовании» и др.

Если говорить о генерации интеллигентов и просветителей, концептуально определивших задачи просвещения казахского народа в контексте идеологии джадидизма, то здесь следует назвать великого просветителя и философа Абая Кунанбаева (1845-1904). Воспитанный на поэзии Саади, Хафиза Ширази, Джами, Бабура, Нодиры и др., он считал Алишера Навои своим учителем. Знания, приобретенные Абаем в та-

тарском медресе Ахмета Ризы в Семипалатинске, пригодились ему на всю жизнь.

Выступая реформатором культуры в духе сближения с русской и европейской культурой на основе просвещённого либерального ислама, Абай в своих произведениях проповедовал нравственные основы восточной философии: любовь и уважение к человеку, дружбу, идеи просвещения, милосердия и справедливости. По мнению Абая, духовное воспитание человека может быть связано только с просвещением.

Эпоха Абая было сложное и неспокойное. Вековые патриархально-феодальные устои в казахской степи стали расшатываться под натиском, начавших проникать в аулы товарно-денежных отношений, усиливается феодальный и колониальный гнет. Упразднение ханств и установление волостного правления усиливали борьбу за власть, вражду, принцип *divide et impera* («разделяй и властвуй») был в разгаре. И все же местная и колониальная власти не смогли остановить развитие казахской прогрессивной общественной мысли.

Всю жизнь Абай искал истину, но истина есть процесс. По этой причине им никогда не овладевало чувство, что уже все сделано. А потому его жизнь – это непрестанное духовное развитие, вечный поиск, напряженная работа души. Поэтому эпитет Абая как «зеркала казахской цивилизации» (А. Сарым) во многом справедлив.

Абай своим творчеством приобщал родной народ к богатствам мировой цивилизации и одновременно вносил в нее лучшие духовные ценности казахского этноса. Бесценен его вклад как мыслителя в национальное пробуждение казахов, в развитие их социально-политической и философско-этической мысли, всего того, что на языке науки обозначается понятием «общественное сознание».

Абай был просветителем своего народа в самом высоком содержании данного понятия. Гуманизм и просветительство мыслителя, их влияние на все сферы жизнедеятельности казахского общества, тонкое и глубокое знание народных чаяний и бескорыстное, мужественное служение по претворе-

нию их в жизнь, вызывают чувство искреннего уважения к личности великого казахского мыслителя. О чем бы ни писал Абай, он неизменно проявлял себя как поэт-мыслитель, как гуманист-просветитель, как человек, любящий и верящий в свой народ.

Во взглядах Абая видна идея гармоничного сочетания светских и религиозных знаний. В его идейном наследии четко прослеживаются две линии. Первая – призыв к модернизации через просвещение, получение казахами современного образования и развитие науки. Вторая – синхронно с этим последовательная проповедь всех базовых положений религии ислама. Достаточно почитать «Слова назидания» («Қара сөздері»), которые он писал почти десять лет, ставшей вершиной его творчества. Или взять его стихотворение «Алланың өзі де рас, сөзі де рас...». Религиозные мотивы прослеживаются и в других его произведениях. В советское время это не афишировалось по понятным причинам, но, тем не менее, все эти творения мыслителя успешно издавались и переиздавались.

«Слова назидания» Абая носят глубокий философский характер. Он пишет о необходимости углубленного познания явлений, тайн природы и общества, окружающего мира. Ряд «Слов назидания» представляет собой наставление мудреца, познавшего законы жизни. Много и страстно пишет мыслитель о науке, знании, культуре, о родном языке. В самом начале, в первом слове он пишет:

«Никто не ищет знаний у меня.
В молитве ль ныне душу изолью?
Но нет покоя – на исходе дня
Молитвой я души не исцелю.
Заняться воспитанием детей?
Но что им нынче надобно узнать?
Я не пойму их мыслей и путей
И не смогу на пользу воспитать.
И, рассудив, о горестях как мог,
Я попросил бумаги и чернил,

Чтобы простой и безыскусный слог
Мои Слова навеки сохранил»[1] *[1].*

Хотя Абай не смог указать, как, каким путем народ может взять в руки свою судьбу, но он верил в его будущее, в благодетельные, грядущие перемены. Главным направлением в творческой деятельности Абая было стремление к прогрессивно развитому обществу, где людей возвышают «разум, наука, воля», следуя которым, человек может достичь как материальных, так и духовных ценностей общества. Вера просветителя в творческие силы народных масс, надежда на общественный прогресс связаны с развитием таких отраслей экономики, как земледелие, ремесло и торговля, стимулирующие производительные силы общества. В творчестве Абая заложено рациональное зерно для разумного решения противоречий общества в будущем.

Размышляя на самом пороге XX столетия о предназначении человека и образе жизни, Абай, рассматривал разум как привилегию от Бога, считая человека ответственным за будущее. В высказываниях великого мудреца и горечь от невежества мусульманина, и гордость за его добрые деяния, нравственные назидания и критика повседневной жизни и быта казахского общества, призыв ко всем народам края уважать друг друга, стремиться к образованию.

Совершенный человек по Абаю тот, у кого «разум, наука, воля» находятся в единстве гармоничного развития личности. Человеку, не раскрывшему для себя и, не объяснившему себе видимых и невидимых тайн Вселенной, не стать челове-

[1] Поэтический перевод «Слов назидания» с казахского на русский осуществлен – отцом Геннадием (Гоголевым). Отец Геннадий (в миру Михаил Борисович Гоголев 10.03.1967, Ленинград) – Епископ Каскеленский, викарий Астанайской епархии, управляющий делами Митрополичьего округа Русской Православной Церкви в Республике Казахстан, ректор Алма-Атинской духовной семинарии. Кандидат богословия. Поэт.
Автор статьи счел уместным привести данный перевод исходя из того, что переводчик, хорошо понимающий религиозно-философский символизм слова, мог бы по-особому донести до русскоязычного читателя философский смысл произведения Абая.

ком. Бытие души такого человека тогда ничем не отличается от бытия другой божьей твари. Ведь изначально бог отличил человека от животного тем, что наделил его душой. Почему же, повзрослев и поумнев, мы не ищем и не находим удовлетворения тому любопытству, которое в детстве заставляло нас забывать о еде и сне, и не избираем путь тех, кто ищет знаний? Эти вопросы Абая легли в основу просветительской деятельности будущих казахских и других туркестанских реформаторов на обширной территории Центральной Азии в начале XX века.

Характеризуя философские взгляды Абая с позиции мировоззренческих оснований, современный казахский философ, академик НАН РК Абдумалик Нысанбаев отмечает, что «разные авторы по-разному оценивают их: пантеизм, теизм, деизм, а то – и материализм. В последней точке зрения проявились установки классового подхода, господствовавшего в советский тоталитарный период» [2, с. 148]. Действительно, трудно говорить о материализме Абая, в особенности, если читаешь следующие строки: «Самым веским доказательством существования Аллаха является то, что многие тысячелетия люди на разных языках говорят об одном и том же: о великом и непогрешимом боге. Сколько бы ни было видов религии, все они утверждают, что богу присущи справедливость и любовь.

Мир создали не люди – они только познают уже сотворенный Аллахом мир. Люди стремятся к высшей справедливости и любви, и мудрым становится тот, кто искренне поверил и понял величие Аллаха. Именно искренне поверил и понял величие Аллаха, а не заставил себя уверовать в это» [3, с. 129].

Следует отметить, что царское правительство дело все возможное, чтоб ограничить влияние исламской религии. Религиозные дела казахов изымались из введения Оренбургского муфтия. Муллы подчинялись общему гражданскому управлению, а через него – министерству внутренних дел. Муллы избирались населением по одному на каждую волость из числа российских подданных. Они утверждались в звании

и увольнялись областным управлением. Запрещалось самовольное строительство мечетей, мектебов и медресе. Стремлению царизма контролировать духовное состояние населения служили и некоторые пункты реформ, направленных на распространение христианства среди казахов. Реформа, таким образом, ущемляла интересы мусульманской общины, и введение ее встретило ожесточенное противодействие со стороны духовенства.

Абай, как и другие туркестанские джадиды, уделял особое внимание вопросам единства знания и веры. Так, признавая Аллаха и веря в его всемогущество, милосердие, любовь и силу, в *тридцать восьмом слове*, являющемся сердцевиной и средоточием его религиозно-философской концепции, он последовательно проводит принцип единства Творца и сотворенного: «Аллах – это внимающий, который слушает, который видит, но, ни одно из созданий его, в том числе и человек, не может этого постичь. Он говорит словами, но у него нет органа, подобного органам человека. Он не сотворил слово – произнес его, и слово дошло до слуха людей. Аллах видит и слышит совершенно по-другому, совсем не так, как человек. Он просто «Всеведущ знаниями своими». Он сама добродетель, и добивается, чтобы люди подражали ему. Как тут не вспомнить о предельности и человеческого разума и бесконечности Аллаха? <...> В Коране написано: «Аллах един… <...> Он единственный в своем роде, и нет при нем ничего, он существует вне пространства, и он создал все посредством своей силы…» [3, с. 87-88].

В то же время, в пятом слове Абай предостерегает:
«Напрасно Богу будешь досаждать
Молитвою о безмятежных днях.
Не лучше ли желания унять?
И обрести душою Божий страх?
Себя в личину скромности облечь,
Потупив в землю лицемерный взгляд,
Ты можешь, но свою не скроешь речь –
Твои слова тебя изобличат» [1].

Как мы видим, одной из главных тем прозаических назиданий и наставлений Абая являются вопросы, связанные с религией. Будучи идеалистом по своим философским воззрениям, Абай в своих нравоучениях «иногда ссылается на моралистические догмы ислама. При этом апологетику ислама он истолковывает в духе идеалисти ческой морали» (М.Ауэзов). Но его отношение к служителям ислама – муллам, хазретам, ишанам и т.д. всегда было сугубо критическое. В этом отношении он был довольно близок к Л.Н. Толстому, весьма критически настроенному против церкви и духовенства и пытавшемуся по-своему осмыслить основы христианства.

«В концепции Абая необходимо ясно и отчетливо разделять два среза, пласта, подхода к Творцу и служения ему: первый – когда ислам принимают, с четким пониманием ради чего существует вера и отстаивают его принципы, опираясь на силу разума, и второй – когда опираются на слепую веру. Это, говоря современным языком, проблема внутреннего содержания религиозного отношения к миру и его внешнего проявления, содержательной и формальной стороны религиозности и культовой практики» [2, с. 149].

Такая позиция Абая, как отмечает А. Нысанбаев, в своем глубинном основании сближается с позицией «Аристотеля Востока» – Абу Насра аль-Фараби (870-950). Рационализм аль-Фараби был направлен на логическое, достоверное обоснование абсолютного Бытия. Согласно Второму Учителю, мы можем видеть человека, каков он в действительности. Но можем видеть его отражение в воде или зеркале – оно уже не столь ясное и отчетливое, но туманное и расплывчатое. Наконец, можно видеть отражение отражения – и оно будет еще более смутным, расплывчатым. Видеть действительного человека – значит мыслить ясно, логически достоверно. А наблюдать его отражение, теряющееся в набегающей волне, или отражение отражения – значит, оперировать образами и символами, полагаясь не на логику и доказательство, но на воображение. Большинство людей, пишет аль-Фараби, не настолько образованны, чтобы познавать природу первых начал в понятиях, более доступными им кажутся обра-

зы и символы. «Те, кто верит в счастье, представленное в понятиях, и воспринимает начала как нечто, представленное в понятии, – это мудрецы; а те, у кого эти вещи существуют в душах, как представленные в воображении, кто принимает их и верит в них в том же [воображаемом] виде – это верующие» [4, с. 136].

В этом высказывании аль-Фараби не исключает себя из разряда «верующих». Он, исходя из целостности, различает внутри веры два основных подхода: разум, доказательство, логика; воображение, символы, образы. Первое – для людей просвещенных, мудрецов или философов. Второе – для широкой публики.

Абай, как и Второй Учитель, критикует все то, что связано со слепой верой и богобоязненностью, рожденной внешними, поверхностными в данном случае, аспектами веры и религиозной практики. Как пишет Абай, «совершаемые вами обряды тогда искренни и полны смысла, когда вы всем существом признаете божью правду. И омовение, и молитвы – намазы, и пост должны быть лишь внешними проявлениями убежденности: но если вы не прониклись безграничной верой в Аллаха, то не превращаются ли эти обряды в величайшее выражение человеческого лицемерия?» [2, с. 108]. Поэтому главное для каждого индивида, согласно Абаю, состоит в соблюдении двух непреложных условий: убежденности в могуществе веры и стремлении к познанию веры. Разум, которым, согласно казахскому мудрецу, Аллах наделяет человека, делает его единосущным с Богом.

«Концепция разума» ставшая одним из главных постулатов «Слов назидания» придает Абаю славу величайшего казахского мыслителя-просветителя, посвятившего себя заботам преодоления невежества казахского народа. «Однако разум не тождественен научности. Как между начитанностью и настоящими знаниями такая же разница, как и между наукой и ее внешними проявлениями, где красноречие выдается за мудрость, так и между разумом и научностью, тождественной рассудку, есть различия. Концепция разума Абая вплотную связана с концепцией Бога. Разум – объективная

всеобщность, следовать которой и означает быть разумным. Разум выступает как универсальный принцип самосознания, который необходимо связан с принципом человечности…» [2, с. 150].

Для взглядов Абая было характерно утверждение о том, что только разум способен контролировать чувства, эмоции, волю человека. Человек, не может и не должен оставаться в плену своей «природы», он должен выйти за ее пределы и возвыситься над собственной природой. Таким образом, магистральная установка просветительской концепции Абая сводится к тому, что только благодаря воспитанию, культуре, обогащению знаниями человек может и должен совершенствовать свои природные задатки, данные ему Всевышним.

Впоследствии именно в лице Абая «просветители начала XX века видели источник вдохновения и многократно обращались к его творчеству в своих трудах, учась видеть ценность духовного наследия разных культур в преломлении собственной – самобытной и ожидающей адекватной интерпретации» [5].

Сегодня более ста лет спустя после смерти Абая, его личность, как общественного деятеля, философа-просветителя, весьма авторитетна среди передовой интеллигенции всего тюркоязычного мира, и в частности, тюркоязычных республик Центральной Азии. Так, в 2013 году на одной из улиц Ташкента, носящим имя Абая, рядом с новым зданием посольства РК в Узбекистане был установлен памятник великому мыслителю, что еще раз демонстрирует интерес и уважение к памяти выдающегося сына казахской Степи.

Думы Абая о просвещении казахского народа, о его приобщении к достижениям современной цивилизации, а также в контексте единства знания и веры, сближает его с выдающимся представителем центральноазиатского джадидзма – Махмудходжой Бехбуди (1874-1919), которого по праву называют «отцом среднеазиатского джадидизма».

М. Бехбуди, будучи лично знаком с основоположников джадидского движения мусульман России Исмаилом Гаспринским (1851-1914) принимал активное участие в органи-

зации новометодных школ и проповедовал идеи джадидизма в местной печати. Ф. Ходжаев в своей работе о бухарской революции, упоминая о Бехбуди, писал, что: «Едва ли кто в из туркестанских джадидов того времени может сравниться с ним по политической, общественной деятельности и разнообразию знаний» [6, с. 78].

В 1899 г. в возрасте 25 лет Бехбуди совершил свой первый хадж-паломничество к мусульманским святыням. Первый хадж имел колоссальную и моральную, и деловую значимость. Он увидел Турцию, Египет, страны арабского мира, где джадидизм уже пустил корни, ознакомился с новыми методами обучения, реформированными медресе и педагогическими системами. Это путешествие убедило его, что многое можно изменить, совершенствовать, что в мусульманской стране возможен прогресс в созвучии с общемировой цивилизацией.

Понимая насколько Туркестан отстал в своем развитии, Бехбуди с завистью пишет об университетах Бейрута, где преподаются немецкий, французский, английский языки, где работают преподаватели французы и англичане, где есть химические лаборатории, а в медицинских »дар-аль-фунунах» («Доме наук») – операционные. «Здесь учится молодежь из всех стран мира, кроме Туркестана», – восклицает с горечью Бехбуди [7, с. 1142-1147]. Его поражают обилие книг в библиотеках, большое количество журналов и газет.

Философский ум и натура деятеля способствуют конкретизации его идей и мечтаний относительно социально-экономического и культурного развития родного Туркестана. В натуре и деятельности Бехбуди сочетались высокий уровень знаний, стремление применить свои силы для просвещения народа с предприимчивостью в его усилиях, трезвым расчетом в практических навыках. Это не просто теоретик просветительства и его устный пропагандист, это человек, создавший по всей Средней Азии, целую систему практического распространения знаний.

М. Бехбуди утверждал, что нациям, не вбирающим в себя новейшие достижения науки и техники, уготовано

участь прозябающих на задворках мировой цивилизации. Поскольку техника развивалась на Западе, то и взоры джадидов были устремлены туда. Их «западничество» объяснялось научными, технологическими и культурными достижениями Европы.

Проблема очищения ислама от деятелей сомнительной репутации, образования, жизненных принципов стояла во главе угла деятельности джадидов, которые пытались прогрессивной ролью ислама объяснить необходимость реформирования образования, экономики, культуры и вообще всех сфер жизни общества. Рассуждения Бехбуди не висят в воздухе: прекрасный знаток Корана, он смог доказать аятами и хадисами, насколько большое значение придает ислам исторической дисциплине. Истории ислама он посвящает свой специальный труд «Мухтасари тарихи ислом» («Краткая история ислама»). Бехбуди отмечает, что знатоку и толкователю Корана, комментатору и собирателю хадисов издавна предъявлялось несколько требований, одно из них – знание науки истории, так как почти одну четвертая часть Корана составляют история и информация.

Ничто не должно быть преградой для обретения знаний, писал Бехбуди, и в то время как люди продавали имущество, чтобы провести свадьбы, он призывал переступить через многолетние ортодоксальные, ненужные, по его мнению, традиции и, если надо – то продавать имущество, чтобы посылать сыновей учиться в Европу. Более того, будучи глубоко верующим человеком, он, по словам С. Айни, считал, что вера должна служить знаниям человека. Видя как много мечетей вокруг могилы шейха Бахоуддина Накшбанди (1318-1389) в Бухаре, Бехбуди говорил, что для намаза достаточно одной мечети и одной суфы, вместо строительства такого количества мечетей лучше было бы на эти средства обучать детей бедняков грамоте, и общество имело бы достаточно обеспечивающих себя активных членов, вместо никчемных людей.

В одной из своих статей Бехбуди писал: «Завещаю вам: дети Туркестана не должны остаться неучами… Укажите всем путь к Свободе!». Таким путем, по мнению Бехбуди, может

стать овладение различными языками. Если Мухаммад Абдо (1849-1905), один из лидеров исламского модернизма говорил: «Кто не знает хотя бы один европейский язык, тот никогда не станет ученым в наш век», то кредо М. Бехбуди было: «Нам нужен не один/два, а четыре языка». Чтобы быть сведущим в законах и в современной жизни, по его мнению, необходимы знания, как тюрки, фарси, так и европейских языков. Так, в своей знаменитой статье «Икки эмас, тўрт тил лозим» («Нам нужны четыре, не два языка») М. Бехбуди пишет: «В своё время арабская культура обогащалась трудами греков Сократа, Гиппократа, Платона. Сегодня же современная культура пользуется трудами Толстого, Жюль Верна, Кеплера, Коперника, Ньютона. Мы это признаем. Мы как мусульмане должны развиваться в прогрессе. В настоящее время ни торговая деятельность, ни промышленность, ни государственная служба, даже служба религии Ислам и своей нации не возможны без знаний. <…> Сегодня нам нужны люди, сочиняющие и выступающие на четырех языках. То есть, на арабском, русском, тюркском и фарси. В той степени, в какой для вероисповедания нужен арабский, русский так же нужен для существования и для достатка. Не будем знать арабский – потеряем религию, не будем знать русский – потеряем жизнеспособность и отстанем от мира. О необходимости тюркского и фарси – говорить нечего (это бесспорно)» [8].

О том же писал в двадцать пятом слове «Слов назидания» и Абай: «Хорошо бы дать казахским детям образование и вполне было бы достаточно научить их сначала хоть тюркской грамоте (казахскому языку – Е.Б.). <…> Нужно учиться русской грамоте. Духовные богатства, знания, искусство и другие несметные тайны хранит в себе русский язык. Чтобы избежать пороков русских, перенять их достижения, надо изучить их язык, постичь их науку. Потому что русские, узнав иные языки, приобщаясь к мировой культуре стали такими, какие они есть. Русский язык откроет нам глаза на мир. Изучив язык и культуру других народов, человек становится равным среди них, не унижается никчемными просьбами» [3]. Мысли Абая и Бехбуди, как мы видим, соответствуют совре-

менной концепции Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева о триединстве языков.

Таким образом, джадиды, исходя из исторического опыта народов Центральной Азии, изучая их современное положение в глобальном мире, с помощью методологических познаний в области наук, и особенно истории, позволяло им создавать проекции будущего устройства региона.

Духовное богатство любого народа измеряется деяниями тех, кто внес наибольшее количество добра в свое общество. Нравственное сознание народа находит в нем живительную, питательную почву, неиссякаемый животворный родник социального и морального совершенствования. Одними из таких великих и неиссякаемых духовных родников казахского народа и всего центральноазиатского региона в целом, были и остаются Абай и Бехбуди, и движение джадидизма в целом.

*****

Отмечая просветительскую направленность джадидского движения, следует отметить, что в ней сфокусировались исторические задачи, которые и ныне волнуют общество: правильное понимание религии в духовном совершенствовании, активизация процессов формирования рыночного пространства, становление цивилизованных демократических институтов, самобытное национальное развитие.

Для осуществления этих задач важнейшим условием была модернизация ислама, очищение его от схоластики, овладение достижениями науки и передовые технологии. Это не означало, что они пытались переписывать заново все учение. Они пытались дать правильное толкование Корана и всего учения вообще. В своих работах они подвергали острой критике тех представителей духовенства, которые в своих интересах извращали сущность ислама, и указывали, к каким тяжелым последствиям могут привести политические меры с использованием религии.

Абай и джадиды могут быть историческим примером в своем отношении к национальным ценностям и, в то же

время, пониманию общечеловеческих цивилизационных достижений. Джадиды никогда не ограничивались национальными рамками. К их преклонению перед западной цивилизацией можно понять. Запад тогда ушел далеко вперед по технологии и уровню производства.

При этом, будущее государственное устройство народов Центральной Азии джадиды представляли основанным на единении всех национальностей. М. Бехбуди писал в связи с этим, что: «Созданные законы должны защищать интересы всех: и евреев, и христиан, и мусульман. Если мы, туркестанские мусульмане, хотим, объединившись, проводить реформы, наша интеллигенция, просветители, богатые люди, духовенство и ученые должны служить на благо нации и отечества…» (Бехбуди,1917).

Поэтому, система современного образования Республики Казахстан, на повестку дня одной из своих основных задач должна ставить проблему укрепления идей конфессиональной, этнической, национальной толерантности, принципов мирного сосуществования всех народов. В пространстве культурно-цивилизационного бытия казахстанского общества – это есть основа и залог будущего стабильного развития республики. Только следование этим принципам, может придать казахстанскому обществу, прежде всего, *уверенность в себе*, делая принцип «один народ – одна страна – одна судьба» (Н.А. Назарбаев) соответствующим тезису И. Гаспринского – «единство в языке, вере, делах».

Литература

1 Слова Назидания Великого Абая в стихах // [Internet resource] http://mitropolia.kz/ru/novosti/sob/140-abai.html (дата доступа 12.01.2015).

2 *Нысанбаев А.Н.* Философия взаимопонимания. – Алматы, 2001. – 544 с.

3 *Абай*. Слова назидания. – Алматы, 2005. – 136 с.

4 *Аль-Фараби.* Социально-этические трактаты. – Алма-Ата, 1973. – 400 с.

5 *Ауэзова З-А.* Это был гениальный прорыв // [Internet resource] http://kazpravda.softdeco.net/print/1199818176 (дата доступа 09.01.2008).

6 *Ходжаев Ф.* Избранные труды. В 3-х тт. Т.1. – Ташкент, 1970. – 450 с.

7 *Бехбудий М.* Саёхат хотиралари // Ойна. – 1914. – №48 (на узбек. яз.).

8 *Бехбудий М.* Икки эмас, тўрт тил лозим // Ойна, 1913. – №1 (на узбек. яз.).

9 *Бехбудий М.* Баёни хакикат // Улуг Туркистон, 1917, 12 июня (на узбек. яз.).

Түйін

Байдаров Е.Ұ. Абай және Бехбуди: білім мен сенім бірлігі

Мақалада ұлы қазақ ағартушысы Абай Құнанбаевтың рухани мұрасы білім және дін тұрғысынан қарастырылады. Абайдың әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасына жәдитшілдік идеологиясы, атап айтқанда, орталықазиялық жәдитшілдік көсемдерінің бірі болған Махмұтқожа Бехбудидің қызметі негіз болған компаративтік әдіс көмегімен талдау жасалды.

Summary

Baidarov E.U. Abai and Behbudi: the unity knowledge and belief

The paper deals with the spiritual heritage of great Kazakh enlightener Abai Kunanbayev within the context of unity of knowledge and faith. An analysis of socio-philosophical concept of Abai is performed using a comparative method based on the Jadidism ideology, in particular, the activities of Mahmudkhoja Behbudi, one of the leaders of Central Asian Jadidism.

АБАЙ, ГЕТЕ, ХАФИЗ: РУХАНИ ҮНДЕСТІГІ

Батырхан Болатбек Шәденұлы,
Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ғалым-хатшысы, жетекші ғылыми қызметкер, PhD докторы
(Алматы қ., Қазақстан)
hafizbolat@mail.ru

Әдебиет – бәріне ортақ. Демек, таңғажайып туындылар тудыратын дара тұлғалар да күллі адамзатқа ортақ болмақ. Олардың арасында көзге көрінбес қыл тәрізді рухани байланыс болары да заңдылық. Бірін-бірі ешқашан естіп білмесе де, жұмыр жердің екі шетінде жүріп-ақ өзді-өзі орайлас ой кешіп, бірінің кемел ақылын бірі толықтырып жататыны ғажайып. Бірін-бірі көрмей, естімей жатып-ақ ғылыми жаңалық ашқан білімпаздарды білеміз. Қазақ сахарасында туып-өскен әл-Фараби өзінен он екі ғасыр бұрын өмір сүрген грек ойшылы Аристотель еңбектерін арғы-бергі ғалымдардан әлдеқайда терең, жүйелі ашып, түсіндіріп бергені белгілі. Омар Хаям рубаяттарын неміс Гете келістіріп қайта кестелеймін деп ішкі ырғағын анық сезінгенін ақынның замандасы Эккерман тебірене жазады. Рухы бай адамдардағы рухани үндестік баяғыдан болған. Қазір де көзге көрінбей, сыртқа сездірмей әлдебір ғайыптың тірлігіндей ұлы кісілердің сыры мен сымбаты үзілмей жалғасып жатқаны кәміл.

Бір-бірінен шалғайда жатқан үш елдің ұлдарының тағдыры, ой орамдарының тереңдігі, сөз сараптасы қиыса қалған. Бір отбасы тұрмақ, бір заман, бір елде өмір сүрмесе де, бір-бірін көріп білмесе де рухани тілдесіп, сол арқылы күллі әлемді аузына қарата білген қандай құдірет десеңші. Қазақ даласының дана ұлы Абай, неміс елінің даңқты ақыны Гете, шығыстың құдіретті шайыры Хафиз бір-бірімен байланысып жатқан тылсым әлем секілді. Үш ақынның өлеңдерінің тақырыптары тазалыққа деген ұмтылыс, нәзік сезім және сұлу табиғатқа арналған. Тіпті өмір жолдарында да үндестік бар секілді. Осы үш алыпты жекелеп талдап көрейік.

Абай қазақтың ұшы-қиыры жоқ сары даласында 1845 жылы тамыз айында, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауында Құнанбай байдың отбасында өмірге келген. Әкесі ауқатты адам еді. Ол баласының білім алып, сауатты адам болып өсуіне қарсы болмаған. Өзі де ел басқара білген, өз ортасының бас көтерер азаматы болған. Абай өмірбаянында оның атасы Өскенбай, арғы атасы Ырғызбай би, шонжар болған ақсүйектерден шыққан айтылады. Баласы сегізге келгенде оның ерекше қабілетін байқаған Құнанбай Семей қаласына апарып, әуелі Ғабдулжаппар молдаға оқуға береді.

Гетенің өмірбаяны осы секілді. Иоганн Вольфганг Гете 1749 жылы Франкфурт қаласында ауқатты отбасында өмірге келді. Ол бала кезінде ел қатарлы білім алады. Адвокат баласының білім алуы мен тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Ол балаларын сурет өнері, тіл үйрену, жаратылыстану, сондайақ тарих, музыка, қылыштасу өнеріне үйретеді. Ол бала кезден химияға әуес болды. Кітап оқығанды жақсы көрді. Алайда әкесінің қалауымен Лейпцигский университетіне түседі.

Аты аңызға айналған парсы ақыны Хафиз Шираз қаласында 1326 жылы өмірге келді. Оның шын аты – Қожа Шамсадин Мухаммад. Әкесі құранды жақсы оқыған діни адам болған. Хафиз де сегіз жасынан Құранды жатқа біліп, «Хафиз» деген атақ алған. Хафиз Ширази деп айтылатындығы оның Шираздан шыққандығын білдіреді. Әкесі Баха ад-дин саудагер болған. Ол ақынның жас кезінде қайтыс болады. Хафиз бала кезінен зерек, ұшқыр болған. Кітап оқығанды ұнатқан. Руми мен Сағди, Аттар мен Низами оқыған атақты медреседе білім алған.

Жер шарының үш қиырында тұрып, бір-біріне үндесе алған үш алыптың шығу тегінде өзгешелік бар секілді. Қазақта «тек» деген өзгеше ұғым бар. Ол шығу тегі, арғы атасы деген мағына береді. «Тексіз» ең жаман қарғыс болған. Қазақтар шыққан тегіне кір келтірмес үшін жамандыққа бармаған. Бір адамда бүкіл әулеттің намысы жатқан. Жақсы адам болса, «біздің әулеттен осындай адамдар шыққан» деп

мақтан тұтқан. Ал жаманы болса, бүкіл әулет ұятқа қалған. Абайдың шыққан тегі ақсүйек, би, шешендерден тұрған. Нағашы жұрты мен әжесі жағынан да атақты адамдар болған. Ал Гетенің оныншы атасы XVI ғасырда өмір сүрген Лукас Кранах (1472—1553) әйгілі суретші болған. Атасыминистр фон Гете Франкфурт қаласының император кеңесшісі Иоганн Каспар Гетенің баласы болған. Тіпті ол Гегельмен аталас болуы да мүмкін деген сөздер бар. Міне, Гетенің шыққан тегі осындай.

Шығыс шоқ жұлдызы Хафиздің де дінге, әдебиетке жақын болуы тегін болмас. Иранда Хафиз өлеңдерінен бал ашу үрдісі тегін қалыптаспаса керек. Бұл қарапайым адамның санасы жете бермейтін беймәлім сыр. Аллаға арнаған жырлары сол сырларды тереңдете түседі.

Ал Абай болса:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз еш уақытта жалған болмас, – дейді.

Мұнда Алла жолын терең зерттеп, оған шын ниетімен сенген, ғылыми тұжырым жасап, философиялық мағына тапқан тұлғаның толғанысы, санасының сәулесі жатыр. Ол Аллаға біреудің уағызы арқылы, яғни рухани және психологиялық тәуелділік арқылы жеткен жоқ. Тәуелсіз таным арқылы жетті. Бұл өзгенің емес, Абайдың өз пікірі. Сондықтан да ол сеніммен:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, – дейді.

Жан бостандығын, жан тазалығын Абай Алладан іздейді және Алланың ақжолынан табады. Алладан өзгеге рухыңды тәуелді етпе дейді. Абай үшін рухани құлдыққа, басыбайлылыққа түскен адам қайтып шыға алмайды.Қазақ елінің жағдайында бұл толықтай ұлт ретінде жойылып кету деген сөз.

Ал, ұлы неміс ақыны Иоганн Вольфганг Гётенің шығармашылығында ислам тақырыбы ойып тұрып орын алады. Гетенің өмірлік ұстанымын айқындауда оның достары мен жақын адамдарына жазған хаттары, 1771-1772 жылдары қолына түскен қасиетті Құран мен парсының ұлы ақыны Шамсадин Хафиз Ширазидың «Диванымен» танысудан кейінгі әсерден туған еңбегі «Батыс-шығыс Диванының» ықпалы орасан болды. Ақынның көптеген шығармаларынан Ислам мен оның рухани-құндылықтарына деген көзқарасы айқын аңғарылады. Гётенің бақи мен фәни туралы түсінігі Ислам қағидаларымен тұспа-тұс келеді.

Гёте адамның тұтас болмысымен бүкіл әлемді жаратқан Жаратушының ырқына бағынғанына кәміл сенді. Мұны жазушы адам өмірінің мәні ретінде қабылдап, Құдайдың қалауына бұлайша мойынсұнуды Ислам деп атады. «Батыс-шығыс Диуанында» ақын былай деп жазады: «Анау-мынау нәрсе туралы оңды-солды ой шығындау- қандай ақымақтық. Егер Ислам Аллаға мойынсұну болса, біз бәріміз Исламда өмір сүріп, Исламда өлеміз».

«Narrisch, daß jeder in seinem Falle
Seine besondere Meinung preist!
Wenn Islam Gott ergeben heißt,
In Islam leben und sterben wir alle».

Ақынның бұл тұжырымы өзге тарихи құжаттарда да көрініс берген. Батыс-шығыс диуаны туралы ескертпелер мен очерктер» атты еңбегінде «Бір Аллаға деген сенім әр уақытта рухыңды биік етеді, өйткені, ол адамның рухани тұтастығының өлшемі болып табылады – дейді Гёте. Ақын осы еңбегінде тағы былайша ой қорытады: «Алланың тоқсан тоғыз сипатын айтып мұсылмандардың таспих тартуының өзі өте ұлық ғибадат. Тәңірге тән барлық сипаттарды бір негізде еске алу оның құдіретінің аса шексіздігін білдіреді. Сондықтан мұсылмандар оның еркіне бағынып, тыныштық табады».

Гётенің бұл ұстанымы өмірде кездесетін барлық кездейсоқтықты жоққа шығартты. Оның пайымдауынша, адамның басынан өтетін барша оқиға Алланың айырықша ишарасы мен сабағы іспетті.

«Батыс-шығыс диуаны» атты еңбегіне кірісерден аз ғана бұрын 1813 жылдың күзінде әлдебір неміс солдаты оған Испаниядан қасиетті Құранның 114-ші «Ан-нас» сүресі жазылған ескі араб қолжазбасын әкеліп береді. Оқымыстылардың көмегімен Гёте бұл сүрені көшіріп алып, оның мағынасына үңілуге ұмтылды. Ақын өмірінің соңына дейін бұл оқиғаны өзіне жіберілген Тәңірдің ишарасы ретінде қабылдап өтті. 1814 жылдың қаңтарында Жаратушы тарапынан тағы бір белгі берілді. Жазушы орыс армиясында қызмет ететін мұсылман-башқұрттардың намазына қатысады. Ғибадат Веймардағы протестант гимназиясында өтеді. 1814 жылы Требрге арналған хатында Гёте бұл оқиға туралы былай деп тебірене жазады: «Қазір тіпті бұрынғы пайғамбарларға да таңсық дүниелер мен небір кереметтер бола бастады. Бұдан бірнеше жыл бұрын біздің протестант гимназиясында мұсылмандар құлшылық қылып, қасиетті Құранның сүрелері оқылады деп кім ойлаған? Дегенмен бұл осылай болды және біз башқұрттардың намаз оқығанын көрдік, молласын тыңдадық, басшысын театрда құттықтадық. Ал біздің кейбір ерекше діндар ханымдар тіпті Құранның аудармасын кітапханадан алдырды. Олар маған ерекше құрмет білдіріп садақ пен жебе сыйлады, мен оны өз ошағымның үстіңгі жағына іліп қойдым».

Гетенің Исламға қатысты айтқан уәждерін арқау етіп тұтас бір кітап жазуға болады.

Гётені Құран тілінің сұлулығы, әуезділігі мен ұлылығы, ондағы діни және философиялық терең астар қайран қалдырды. Ол уақытының көп бөлігін Хақтың құлы ретінде бір Тәңірге ғана ғибадат етуге жұмсайды. Бұл ақынның қасиетті Құранның жекелеген аяттары мен 1771 жылы Бақара сүресін аударған еңбегінен көрініп тұр. Онда Гёте, адамдарға табиғат құбылыстары құдіретті Құдайдың бір екенін және бар екенін баяндайтын аяттарды арнайы таңдаған.

Гёте қасиетті Құранды латын, ағылшын, неміс пен өзге тілдерге аударып қана қоюдың жетімсіздігі мен олқылығын сезді. Сондықтан қолы қалт еткенде жаңа тәржімаларды табуға талпынатын.

«Біздер, Еуропа халықтары – дейді ұлы ақын, – мәдениетіміздің айырықша дамығанымен, хазірет Мұхаммедтің ұлылығының ең бірінші сатысында ғана тұрмыз. Оған ешқандай шүбә келтіруге болмайды. Бұдан кейінде одан ешкімнің аса алуы мүмкін емес»… «Сонымен біз исламда қалуға тиіспіз. Мен бұған басқа ештеңе қоса алмаймын». Бұл – Гетенің тасқа басылып, діндер тарихының төріне мәңгілік қатталып қалған қанатты сөздері.

Зерттеушілер Гетенің Хожа Хафизден өзін көргенін, парсы ақынын тым ыстық жүрекпен сүйгенін, романтиктерден айырмасы Гете Шығыстан елітіп әкетер әсерлі экзотика емес, Батыс Еуропаға көп ретте ұқсас келетін өзіндік тарихи дүниені көре білгенін жазады. Батыс пен Шығыс тақырыбы Гетеде көп. Абайдың «Шығысым батыс боп кетті» дегенін есімізге түсіреді.

Абай шығыс классиктеріне әулиедей сиынғаны бекерге кеткен жоқ. Дұрысы, бұл ұлы ақындардың рухынан жалбарынып бата тілеу. Абайдан үлгі алған немере інісі Шәкәрім «Қорқыт, Хожа Хафиз түсіме енді де...» деп жыр жазғанда адамзаттың рухани ұстаздарын пір тұтты.

Абай ғұмырнамасына жүгінсек: ақын бұл өлеңдерді 42-44 жасында жазған, яғни өзі де әдебиеттегі таусылып бітпейтін мәңгі тақырып ғашықтар әлемінде бірде от, бірде мұз болып, күйіп-жанып жүрген кезінде туғызған. Абай өзі сүйе білген, өзін де сүйгізе білген табиғаты, болмысы бірегей, «махаббатсыз дүние бос, хайуанға оны қосыңдар» дегенді дұғадай сан қайталаған ғажайып тұлға. Махаббат тақырыбында Абай бірнеше жырлар жазып кетті. Өлең болып өмірге келіп, әнге айналған тасқын жырлар қаншама! Соның бірі – «Көзімнің қарасы»:

Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы.

Бітпейді іштегі
Ғашықтың жарасы...

«Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» секілді мөлдір сезімге толы жырлар жазып кетті.

Шығыс дүлдүлі Хафиз де бұл тақырыпты айналып өтпеді. Сұлулық, шарап, шексіз махаббат туралы жырлардан тұратын оның рубайлары әлемді шарлап кетті.

Мен Шираздың пәк сұлуын тәңіріме теңер ем,
Бір меңіне Самарқан мен Бұқараны берер ем,

– деп басталатын сезімге толы әсем ғазалдары әлем поэзиясында ойып тұрып орын алды.

Гете болса, өзінің ғажайып балладасы – «Балықшыны» жазды. Тамырын 15-ші ғасырдан алатын неміс халық балладалары мазмұны жағынан лирикалық емес, хикаялық бола тұра (поэзия емес, прозаның сюжетін алғанмен) іші керемет поэтикаға толы. Соның бірі – «Лорелея». Су перісі туралы сұлу жыр. Суды дәріптеп тұңғиықтан ән салған су сұлуының әсем үніне елітіп, балықшы жігіт жанын сағыныш һәм мұң кернеп, суға секіріп кетеді. Оның өлімі жырға айналады. Суға батып өлгендерге ұқсамайды. Эллинизмде бар сюжет. Грек дүниетанымы аса көркем. Көне гректер табиғат құбылыстарын тұлғаландырып, поэтикалық миф тудырды. Мифте Геркулестің серігі, жас, сұлу бозбала Гиласқа қызыққан су нимфалары оны тұңғиыққа тартып, ұрлап әкетеді. Аргонавтар жорығын жадқа тұтып қалуға осынау көрген түстей құсалы сюжет те әсер етері хақ.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында Абайдың парсы және неміс әдебиетінен алған әсерлері аз зерттелген. Абайдың Шығысы, оның парсы әдебиетіне қатысы аз-кем айтылғанымен, неміс әдебиетінің Абай шығармашылығына қандай дәрежеде әсер еткені, олардың өзара ұқсастық шамасы айқындалған жоқ. Абайдың жеке өмірі мен ақындық жолының неміс әдебиетінде бейнелеуін көрсету де тапшы. Абайдың

понята, как бесконечный процесс обретения духовности, который выражает интересы человека, если не в полном объеме, то приблизительно. Культура выступает связующим элементом индивидов, поскольку она формирует их деятельность и их духовный мир таким образом, чтобы индивид максимально содействовал развитию общественного целого во взаимодействии с другими индивидами. Соответственно, социальная культура направляет внутреннее развитие индивида в определенное русло, отрицая, тем самым, его «спонтанность», «произвольность». «Вторая природа» является социальной в своем основании, которая предполагает наличие определенного поведения, деятельности, соответствующих требованиям социального организма, частью которого является человек.

История сегодня, ее уроки есть основа духовности, мировоззрения, миропонимания и, что очень важно, миропреобразования. Президентская программа «Народ в потоке истории» показывает социально-историческую значимость деятельности людей, который является показателем осмысленности, в рамках которой личность достигает духовной зрелости. Осмысленность сама по себе ориентирует на деятельность, направленную на совершенствование реальности в соответствии с законами ее развития. Человеческий смысл предполагает связь индивидуального и универсального смысла, заключенное в той или иной мировоззренческой, философской или религиозной системе. Смысл как интегрированное понятие духовности – есть социально-историческое образование, аккумулированное в человеческой культуре. К примеру, если взять определенную историческую эпоху, где условия жизни человека и его отношения к другим людям неодинаковы. А связано это с тем, что каждая историческая эпоха создает свою систему ценностей, в которой по-своему рассматриваются вопросы о смысле. Именно религиозные представления были исторически первой формой осознания проблемы смысла.

Духовность как целостная система, в своих недрах несет мощный объединяющий смысл – высокие нравственные ценности, моральные устои в отношении человека, общества,

природы, мира. Культура обладает непреходящей ценностью, которая и дальше поможет человеку обрести веру в себя в процессе творчества, в осуществлении смысла жизни, что непременно необходимо в строительстве гражданского общества. Как никогда справедливы высказывания Шакарима, что «мир не ад, а наоборот является раем. А этот рай превращает в ад, насилие людей над людьми, насилие господствующих классов, их эгоизм, волчьи нравы. Если бы люди не преследовали и не вредили друг другу, а жили б в братском единстве и бескорыстно использовали бы своим честным трудом природные богатства, то, безусловно, мир превратился бы в рай» [1]. Это дает основание предположить, что цель демократического независимого государства не только в создании условия для самоопределения, но и в качественном изменении стереотипов необходимостей и жизненного смысла личностей, направивших свои усилия на совершенствование общественных отношений. Ведущими в формировании нового гуманного человека являются достойный смысл, пути его нравственного развития и укрепление чувства долга, высокая сознательность. В этом отношении актуальны слова Сартра: «Человек несет всю тяжесть мира на своих плечах: он ответственен за мир и самого себя как определенный способ бытия».

Смысл как ценностно-ориентированное духовное направление, выдвигает перед индивидом задачи, которые могут облекаться в форму прогноза, цели и плана. Эти понятия сходны в некоторых отношениях, взаимосвязаны, помогают уяснить диалектику перехода индивидуального в социальное и социального в индивидуальное. Во-первых, они все исходят из потребностей и интересов социального субъекта, во-вторых, являются продуктами интеллектуальной деятельности людей, мысленной моделью будущих действий и, наконец, все они, особенно смысл жизни, обладают мобилизирующим, организующим свойством, являются идеальным средством превращения возможности в действительность, т.е. их реализация.

Общество предполагает сложный характер развития, который определяется весьма сложной структурой, т.к. в нем

осуществляются различные по своему характеру и содержанию виды общественной деятельности, которые в той или иной мере заняты поисками истины бытия. Сегодня, смысл углубления процессов демократизации в Казахстане, обусловлен выборностью гражданами РК в проблеме постановки ценностной ориентации нации – создание сильного суверенного государства, осмысление каждым человеком ценности жизни, что является прочной основой для последовательного осуществления реформ, вследствие чего и переходом на следующий уровень духовности. Однако этот «процесс связан с глубинными процессами социальной жизни, изменениями мировоззренческих установок, психологических стереотипов, самого уклада жизни общества и каждого человека в отдельности. Поэтому задача состоит в том, чтобы на основе своей собственной культуры, традиций и менталитета аккумулировать все лучшее, что имеется, как в западном, так и в восточном типах культуры. Не следует при этом пытаться ни вестернизировать, ни остернизировать нашу культуру, навязывая те или иные ценности.

Смысл как проблема выступает только на уровне человеческого бытия, как духовный запрос, требующей от человека его разрешения. Но для того, чтобы осуществить, точнее, реализовать свои потребности человек должен быть свободным. Человек свободен, он является не вещью среди вещей, а мерой всех вещей, он возвышается над природой, преобразуя ее, и создавая свой особый мир – духовный, в котором он находит смысл своей направленной жизнедеятельности. В.Т.Ганжин проблему смысла характеризует как «генеральный код человечности», т.к. она включает все проблемы, напрямую связанные с жизнью человека.

Смысл носит в самом своем существе противоречивый характер, в нем всегда есть противоречие, во-первых, между «стратегической целью» (Иванова) на будущее и ее реализацией, т.е. между ожидаемым и реальным; во-вторых, в деятельности на общее благо и в стремлении к личному счастью (эгоизм и альтруизм). Природа смысла имеет глубоко

мировоззренческий характер, но и вопрошает к духовным основам общества. Не случайно, что в отношении к действительности человек в своем мировоззрении ориентируется на свои стремления, потребности и т.д. Для того, чтобы они удовлетворялись, они должны соответствовать объективным конкретно-историческим условиям, дабы иметь дальнейшую перспективу духовного развития.

Центральной проблемой казахской философии является человек (личность) и общество. В данном соотношении раскрывается социально-философский аспект проблемы смысла. Исламизация кочевой цивилизации казахов благотворно повлияла на ментальность, укрепила духовность народа. Суфизм как антропологическое учение делает упор на внутреннее самосовершенствование человека (реализация в нем Бога), которое определяется толерантным отношением к другим этносам и культурам, а также оставила следы образовательно-воспитательных принципов, исходящие к религиозно-духовным истокам и философии.

К.А.Яссауи занимает особое место в развитии суфистской идеи смысла жизни. Бог присутствует везде и во всем, существует вечно, утверждал К.А.Яссауи. И познание величия создателя – цель жизни человека. Это дается как разумом и сердцем (чувствами), так и сверхчувственным способом, где мышление рассматривается как форма отношения между человеком и Богом. По мнению К.А.Яссауи, абсолютно в каждом человеке есть условия, благодаря которым возможно совершенствование личности. Во-первых, для достижения истинного смысла предназначения у человека есть свобода, дарованная Богом с определенной целью. То есть не просто свобода, а свобода выбора, которая несет уникальную возможность осознать реальность, выбрать и найти истинный смысл и осуществить его, реализуя на деле. Человек должен уверовать в Аллаха, т.к. Аллах есть Истина, познав истину, ты познаешь Аллаха, а значит, жизнь твоя будет наполнена смыслом, где человек может полностью осуществить свое предназначение.

Поискам истины бытия была посвящена творческая жизнь Абая. Для познания истины Абай изучал много наук и неопровержимым постулатом веры в Аллаха явились его слова, что Аллах есть (существует) и его слова – истина. «Абай понимал Аллаха, как глубочайшую священную сущность... Это дало Абаю возможность понимать веру в бога как религиозное чувство и познание его – как сферу философии. Он обращался к Богу: «Создатель, сжалься надо мною, услышь мою мольбу. Пути к спасению укажи, реши мою судьбу» [2]. Смысл жизни, обретение высшего начала, непосредственно человек обретает во взаимосвязи с верой в Аллаха, т.к. Аллах – это честность, умеренность, справедливость, честолюбие во всех помыслах – все доброе и истинное. И общество, в котором каждый откроет свое сердце Аллаху, плохим не будет, наоборот. Это и есть духовное богатство, а остальное все временно, непостоянно.

Познавая вечный разум, можно достигнуть высоты духовности, где человек становится личностью, тем самым оправдывает предназначение. Абай говорил: «Мудрецом или мыслителем можно назвать только того, кто своим умением, размышлениями и опытностью дошел до сознания высших духовных сил и обязательно единяет в себе любовь и правду» [3]. По Абаю, любовь – это связующее звено между богом и человеком. В гармонии, в искренности и чистоте человеческих отношений Абай Кунанбаев в семнадцатом слове, где в аллегорической форме предстают Воля, Разум и Сердце – видит истинный смысл существования, как человека, так и великого мира: «Если вы все трое мирно уживетесь в одном человеке, то прахом с его ног можно будет исцелять незрячих» [4, 31], – восклицает Абай.

В действительности, ислам оказал глубокое и благотворное влияние на ментальность казахского народа и его философские традиции. На это обстоятельство указывает творчество Яссауи, Баласагуни, Кашгари, Абая, Шакарима, Шортанбая, Дулата и многих других. Уже в позднем средневековье казахский народ самоидентифицировал себя на

исторической арене и занимался поисками истинного смысла бытия в непосредственной связи с исламом.

Истинно человеческое бытие, по пониманию Шакарима, возможно лишь на пути утверждения вечных идеалов добра и милосердия, отзывчивости и сострадания, справедливости и истины. «Суть и смысл твоей жизни, – пишет Шакарим, – заключается в том, как ты проживешь ее на этой земле, что ты оставишь после себя» [5]. В любом поступке, действии человека раскрывается душа. И совесть как «нравственный императив» есть мерило человеческой сущности, определяет богатство его содержания. Духовность как орган смысла оказывается наиболее непосредственным выражением общественной природы человека вообще.

Духовность является тем мерилом, способом духовного бытия, через которую личность может обрести смысл и реализовать его. Не случайно то обстоятельство, что произведения великих мыслителей всегда затрагивают вопросы морали, почти всегда начинаются с критики морали патриархально-феодального общества. В этических воззрениях Ж.Аймауытова огромное значение придается воспитанию как фактору становления и развития личности. Именно оттого, какое воспитание будет дано ребенку, зависит его будущее. Человек, который «с молоком матери впитал» высоконравственные духовные ценности в дальнейшем будет осмысливать свою жизнь со степенью благости к близким, к окружающим, своему народу, считает Ж.Аймауытов. И если личность неправильно определила пути своего восхождения к истинному смыслу – в том виноваты, как писал Абай, его современники, а именно, это обусловлено недостатком воспитания. Он подчеркивал, что человек – есть продукт социального развития и то, какие цели и какой смысл личность возведет в приоритет ценностных, укажет нам и на уровень духовного развития общества. В аксиологическом аспекте категория смысла довольно часто схватывает и выражает данную социальную среду и указывает на включенность человека в общественные отношения. Человек творит свою жизнь

сам, но в соответствии с историческими законами развития. Каково общество, система общественных отношений, такова и жизнедеятельность в нем людей и, зачастую, природа смысла реальна и реализуема в том случае, когда сообразна общественному устройству.

Общественное устройство должно удовлетворять реальным потребностям человека, его духовной сущности. Религия это внешний культурообразующий фактор и духовный стержень всякого истинного творчества. Религия помогла избежать морального падения мира и выразить духовную самобытность казахов в творчестве. Искусство казахов мастерски выражено через орнаменты, дизайн юрты, производство кошмы, ковров, изделия из дубленой кожи и т.д. Способ выражения мыслей и чувств казахи передавали через музыкальное произведение – кюй. Наиболее же яркое выражение бытия человека, творческий подход к обоснованию объективного мира выражены в мудрых афоризмах. Не иначе как эти мудрые слова позволяют индивиду ориентироваться, находить смысл, что имеет немаловажное значение в реализации себя. Эта традиция в казахском миропонимании издавна и является ценной. Много веков тому назад древнегреческие философы Платон, Демокрит и другие, говорили – цени мудрость, распространяй ее среди людей, помни, что многосторонняя мудрость несет счастье людям.

Проблема смысла как интегрирующее понятие духовности ассоциируется с жизненной программой, находящей свое отражение в социуме, в ценностях, аккумулированные в истории культуры. И то, какую жизненную программу предпочтет индивид, зависит от внутренней содержательности. Значит, смысл требует решения и определения личностью себя, своей судьбы, своей истории и т.д. Духовная сфера, обеспечивающая социальный прогресс осуществляется через образование, которое лежит в основе мировоззрения, мировосприятия, миропонимания человека. Образование играет важную роль в развитии и становлении нашего общества, призванная утвердить гуманизм, чувство национальной

гордости, этнокультурной самобытности. Время воззвало к общечеловеческим ценностям и гуманизм – учение, мировоззрение, которое объявляет человека высшей ценностью мироздания. В наше время гуманизм должен стать фундаментальным основанием, доминирующим принципом мировоззрения и методологии, на котором будет выстраиваться понимание целей и задач человеческой общественной жизни. Насколько общество будет идти к прогрессу и процветать, настолько проблема смысла будет искать и достигать высот духовности в истинном демократическом обществе.

Литература

1 *Мухамедханов К.* Из мрака забвения // Простор. – 1988. – №7. – С. 180.
2 *Орынбеков М.С.* Философское воззрение Абая.
3 *Абай*. Слова назидания. – А., 1983. – С. 131.
4 *Абай*. Книга слов. Записки забытого. Шакарим. – А., 1992. – С. 99.
5 *Шакарим*. Шығармалары. – А., 1988. – С. 98.

Түйін

Нұрбосынова Л.С. Мағына руханияттың біріктіруші ұғымы ретінде

Мән ұғымы ол рухани байлықтың біріктіруші түсінік ретінде әрбір халықтың тарихы мен мәдениетінде қалыптасқан. Бүгінгі күні тарих пен мәдениет адамға, қоғамға, табиғатқа және әлемге қатысы бар жоғары адамгершілік құндылықтардың негізі болып саналады. Рухани өмір сүру арқылы әр тұлға рухани байлыққа ие болып, өмірдің мән ұғымын жүзеге асыруға қол жеткізе алады.

Summary

Nurbosinova L.S. Sense as an Integrating Concept of Spirituality

Sense as integral concept of spirituality is kept in history and culture of every nation. History and culture nowadays bear a powerful unibying sense in their depth – great spiritual values and moral principles concerning man, society, nature, the world. Spirituality is the criterion and the way of spiritual being, through which a person has a chance to acquire sense and realize it.

МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕЯ САБАҚТАСТЫҒЫ: КӨНЕ ТҮРІК ҚАҒАНДЫҒЫ, ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ, АЛАШ ОРДА

Арман Әубәкір,
ҚР БҒМ ҒК Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының PhD докторанты
(Алматы қ., Қазақстан)
adyrna@bk.ru

Көшпелілер құрған алып мемлекеттер Еуразия кеңістігінде үлкен тарихи орын алғандығы анық. Көшпелі немесе жартылай көшпелі ертедегі билік құрылымдарының қолданған рәміздік белгілері бүгінде археологиялық тұрғыдан көптеп анықталып жатыр. Мәселен, сақ заманына жататын алтын адамның қағандық киіну үрдісі, ғұн дәуіріне тән Ішкі Моңғолиядан табылған алтын тәжі, күн мен ай белгіленген археологиялық табылым, Оңтүстік Сібірден анықталған самұрық құс бейнелі алтын тәжі бөліктері, Білге қаған, Күлтегін, Тонықөк бітіктастары мен ғұрыптық кешендері, Күлтегіннің алтын тәжі, Көне түрікше жазуда «Құтлық» деген мәтіні бар қола мөр, Түрік қаған әулетінің және басқа таңбалар сызылған тас мөр, Қағандардың тастағы мүсіндері, шетелдерден анықталып жатқан хандардың суреттегі бейнелері, жартастардағы бөрі бейнелі және өзге де пішіндібайрақ суреттері, өзге елдерге жолданған елшілердің хаттары мен мөрлері, жат жұрттық саяхатшылардың жолжазбалары және тағы басқа нақты деректер мен дәйектер сөзімізге тұздық бола алады [1].

Бұл рәміздік нышандардың көне түркілік дүниетаныммен тікелей астасып жатқандығы онсыз да түсінікті.

«Хұннұ шаньюйлері «Тәңірдің ұлдары» болғандықтан, олардың билігінің символы Тәңірдің елшісі қыран құс болды, осы символдық белгіні тәж етіп алтынмен көмкеріп жасап қолданды. Қытай жазбаларында хұннұ қағанның атағын «Тәңір мен Жерден жаратылған, Күн мен Айдан нұрланған,

Ұлы Хуннұ шаньюй» дейді. Хуннұ – атауы қытайша (хұн «солтүстік»-нұ «варварлар» деп) бұрмаланып хатталған көшпелілердің байырғы төл сөзі болса керек. Осы орайда, «shiunnu //hiunnu» сөздің түп-төркіні туралы мына жайттарды айтқымыз келеді. Көне түрік тілінде **kün**> күн, ескі моңғол тілінде **kün**+ün // **küm**+ün > күмүн «кісі, адам», (батыс деректеріндегі «куман, коман» атауы), Er+**kün**> Ергүне («Ер кісі»), Ötü+**kün**> Өтүкен («қарт+кісі») сынды аңыздық атау сөздердің құрамындағы **kün > күн** дегеннің ортақ семантикасы «1. Күн, жарық, сәуле, 2. Күншығыстың адамы, күнгей, күн нұрлы адам» деген мәнді білдірмек. Көне түрік тілінде ақшыл жылтыр қымбат металды **küm**+üš> күмүш, күміс дейді, ал моңғол тілінде **küm**+üs > адам+дар, кісі+лер деген мағынада, оның төркіні «күміс жүзді адам» деген мәнде қолдыныла бастаған деп ұғынуға болады. Бұдан сөздің семантикасы көне түрікше «күн» болып, ескі моңғолша «адам» болып қолданылған сынды. Күнге табыну хуннұлардан бастау алды, «өздерін күн нұрлы адамдармыз» деп, күншығысқа ғана табынудың ырым-жосындық этносемантикасы осы» [1] дейді шығыстанушы ғалым Н.Базылхан. Осы ретте «Күннен туған баламын» деп жырлаған Мағжан ақынды еске алсақ та жеткілікті.

Биылғы Моңғолияға барған сапарымызда Шыңғыс ханның алып ескерткіші ішіндегі музейден бұғылардың бейнесі өрнектеліп жасалған асатаяқты көрдік. Ежелгі сақ дәуірінде бұғы қасиетті қағандар мен құдіретті бақсылар нышаны болғандығын көптеген археологиялық жәдігерлер арқылы анықтаймыз. Бұғы бейнесі сақтар заманындағы аң стилі қолөнерінде өте көп қолданылатын аңдар снатына жатады. Қазақтың көрнекті ғалымы, академик Әлкей Марғұлан бөрілі байрақтар орналасқан Қазақстандағы жерлер туралы былай дейді: «Бөрілі байрақ ұстаған атты жауынгер-найзашылар бейнеленген петроглифер бізге көне түріктердің күші мен ерлік рухын жеткізеді. Олар Алтай, Тарбағатай, Жетісу, Жоңғар Алатауы, Құлжабасы, Аңырақай, Хантау тауларында, Қаратау өзенінің жоғарғы ағысындағы жартастарда, басқа

да жерлерде кездеседі. Батыс Түрік қағанатына жататын жерлерде Шу өзенінің аңғарында, Қордай тауларының жартастарында бөрілі байрақ ілінген ұзын найзамен қаруланған салт аттылар бейнеленген үлкен топ петроглифтер бар» [2].

Бұдан кейін академик оқырманға бөрі тотемінің пайда болуын дәуірлеп береді. Әлкей Марғұланның айтуынша, бөріні құрмет тұту, қасиеттіге балау сақ-скиф кезеңдерінің өзіндеақ көрініс тапқан. «Сырдариянының төменгі ағысы мен Арал маңын мекендеген сақ тайпалары бөрі тотемінің құрметіне қатысушылары қасқыр бетпердемеен, қасқыр терісін киген ат ойында тойлар ұйымдастырған. Бұл дәстүр түркі-моңғол тайпаларында біздің заманымызға дейін сақталған. Қазақтарда, түрікмендерде, қырғыздарда бұл ойын көк бөрі (көкпар) атымен сақталған, қазақтарда бұл ойынның бір түрі қыз бөрі деп аталады.

Бұл – көне сақтардың қасқыр бетпердемен, қасқыр терісімен ойнау дәстүрінің түрленуі» [2] деп белгілі ғалым тотемдік бейненің заманалар толқынында өзгеріске ұшырауын баяндайды.

Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айғайлап,
Дұшпаннан көрген қорлықтан
Жалынды жүрек қан қайнап,
Елді-жұртты қорғайлап
Өлімге жүрміз бас байлап,

деп жырлаған Ақтамберді мына жырдан ел мен жерді қорғау, мемлекетті сақтау идеялары, әсіресе, қасиетті ту тәрізді ұғымдар анық аңғарылады. Белігілі ақын Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байра-ғым» деп бөрі басты байрақты жырға қосқаны көпке белгілі.

Ежелгі көшпелілердің ел қорғау, мемлекетті сақтау идеяларының ішіндегі ең бір маңызды мәселелердің бірі – «мәңгілік ел» идеясы. 2014 жылдың 17 қаңтарында Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы

Назарбаевтың кезекті халыққа жолдауында: «Бір жыл бұрын мен еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария еттім. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – «Мәңгілік Қазақстан» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті», – деді. Көне түрік бітіктастарында, қытай деректерінде, Махмұт Қашқари шығармашылығында да бұл идея туралы жазылады.

Көне түрік дәуірінде ғұрыптық кешендер үлкен маңызға ие болды. Мұндай қасиетті орындар ең жоғарғы элиталы топ қағандарға, одан төменгі тегіндерге, бектерге, шадтарға, өзге де лауазымдық дәрежедегі қолбасшыларға, рубасыларға арналып, өзара ерекшеленеді. Атаулы кешендерде аруақты соңғы сапарға шығарып салу, оны еске алып, ас беру рәсімі ғана емес, айрықша маңызды мемлекеттік келіссөздер, жалпыхалықтық, ру-тайпалық құрылтайлар, көктемгі жаңа жылды қарсы алу мерекесі, әскербасылардың жорық алдында алғыс-бата алу және тағы басқа маңызды шаралары өтетін болған. Себебі, қағаннан бастап қараша халыққа дейін аруақтардың алдында бас иетіндіктен кез келген саяси-әлеуметтік маңызды бастама әлгіндей қасиетті орындарда бекітіліп, өз күшіне толықтай енетін еді. Мұндағы бітіктастарда қағандардың соңғы сапарға шығарып салу кезіндегі жоқтауы тәріздес мәтіндер көне түрік жазуымен қашалып жазылған. Онда жоғары лауазымды марқұмның ерлік істері, елге жасаған жақсылықтары жырланады. Жоқтау – қазақ халқында осы күнге дейін сақталған игі дәстүрлердің бірі. Аруақты құрметтеу, тіпті қайтыс болған адамға тіл тигізбеу ұғымдары бүгінгі қазақтың қанына сіңген қасиет. Осы арқылы да Қазақ елі Түрік қағандығының жалғасы, мұрагері екендігі айқындала түседі. Сонымен бірге, бітіктастардағы мәтін жолдары сөзбе-сөз дыбысталуымен алғанда қазіргі қазаққа еш қиындықсыз түсінікті бекерден бекер емес.

Ресей құрамында қалған Алтай халқы XIX ғасырға дейін марқұмды өз жылқысымен жерлеп келген. Қазақтарда да марқұмның қырықына немесе жылдығына сойған жылқының ба-

сын зират басына қою дәстүрі мұндаға дейін сақталан. Сақ заманы, ғұн, көне түрік дәуірінің жауынгерлері өзі тірісінде мінген жылқысымен бірге жерленгенін барлық қазба жұмыстары растайды. Ал Берель (Бергіел) қорғанындағы алтынмен апталып, мумияланған 13 жылқы ақсүйектік әулетке тиесілі болатын. Қанатты жылқылар бейнесі фольклорлар мен жартас суреттерінен де көптеп кездеседі. Осы күні Қазақстан Республикасының елтаңбасынан да қос қанатты жылқының орын алуы – заңды тарихи сабақтастық нәтижесі.

Ел аузындағы аңыз жырлар да дереккөздер болып саналады. Осы орайда, қара қылды қақ жарар әділдігі үшін Ақжол би атанып кеткен баласы Дайырқожа жоқтаған Қотан жыраудың жыры төмендегідей өріледі:

Қара қыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді құлыным?
Сексен асып,
Таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай,
Үзілді ме жұлыным?!
Адасқанын жолға салдың,
Бұл ноғайлы ұлының.
Аққан бұлақ,
Жанған шырақ,
Жалғыз күнде құрыдың,
Қара Қыпшақ Қобыландыда
Нең бар еді құлыным?!

Қазақ хандығының жеке отау құруына себеп болды деп саналатын Ақжол би мен Қара Қыпшақ Қобыланды батыр арасындағы араздық әлі күнге толықтай зерттелмей келеді [3]. Дегенмен, дегенмен Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсындағы жырауларды Түрік қағандығы тұсында үш қағанға ақылшы болған Білге Тонықөкпен салыстыруға болады. Көшпелілердің демократиялық институты қағандар мен хандарға жыраулардың, батырлардың, билердің мемлекеттік

идеологияға әсер етіп отыруымен ерекшеленді. Бұл билеуші мен халықтың мүддесін тұтастырып отыратын озық саяси жүйе болатын. Бірақ, көш бастаған кейбір билеушілердің елдік мұратқа адалдығы қайран қалдырады. Мысалы, Мөде қағанның өз сүйікті жылқысы мен сүйікті қатынын сұратқанда міз бақпай келіскенде, көршісімен шекарада керексіз жатқан тілімдей жерді сұрағанда айбат шеге соғысқа аттануы – мемлекеттік мүддені жоғары қоя білуі. «Жылқы мен қатын – менікі, ал халықтың жерін беруге менің ешқандай құқығым жоқ» деп өзіне қарсылық білдірген қоластындағыларын да жазаға бұйырған деседі.

Алаш Орда үкіметі де жер мәселесіне өте қатты мән берді. Ұлт үшін күрескен зиялылардың әрбірі «жер тағдыры – қазақтың тағдыры» екендігін жақсы түсінді. Сол себепті де Жалпы қазақ съезінің жер туралы қаулысының алғашқы жолында-ақ «Қазақ халқы өзіне еншілі жерге орнығып болғанша қазақ жері ешкімге берілмесін» [4] деп жазылды. Еліміздің жер туралы заңында «Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады. Осы Заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жер учаскелері жеке меншікте де болуы мүмкін» делінген. Халықтың басты қазынасы саналатын жер үшін ата-бабаларымыз қаншама қан майданға түсті, қаншама қан мен тер төкті, десеңізші. Мұның бәрі де келешек ұрпаққа үлгі-өнеге, болашағына бағыт-бағдар алатын нұсқаушыдай.

Президент Н.Ә.Назарбаев: «ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» – деп әділ бағасын берген еді [5]. Махмұт Қашқари түрік тілі жойылмасын деп сөздік құрастыруға кірістім дейді. Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған жұрттың өз де жоғалады» деп кесіп айтады. Алаштықтардың тұғырнамасының ең алғашқысы – қазақ тілі болды.

Екінші: жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек. Ә.Бөкейхановтың айтуынша: «Оның әр бір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» болатын.

Үшінші: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «Қазақтың жерінде өндірілген «бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді.

Төртінші: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді [6].

Мақаладан байқап отырғанымыздай, мемлекеттік идея негіздері ұлттық дүниетаным, ұлттық салт-дәстүр, жалпы ұлттық құндылықтардан бастау алады. Қадым замандардан бері ата-бабаларымыз елді, жерді, ар-намысты, ұлттық құндылықтарымызды сақтап, сол жолда қасық қандарын, шыбын жандарын да аямаған жоқ. Ұзын-соңар тарихымыздағы қаншама соғыс, кейінгі ұлт азаттық көтерілістер, қуғын-сүргін, қолдан ұйымдастырылған ашаршылық өз зардаптарын тигізбей қоймады. Жұбан ақын айтқандай, «мың өліп, мың тірілген қазақтың» бағы қайта жанып, іргелі ел атандық. Келешек ұрпақ азаттықтың қадіріне жетіп, бабалар аманатын ешқашан ұмытпауы үшін кәрі тарихымыздың әрдайым төрімізден орын алғаны керек.

Әдебиеттер

1 *Базылхан Н.* Қазақ мемлекеттігінің тарихи бастаулары: билік рәміздері мен құжаттарының дәстүрлі негіздері. – Астана, Мәдени мұра. – №3(60)/2015. – 31-44 беттер.

2 *Марғұлан Ә.* Сарыарқа петроглифтері. Бөрі тотемі бейнеленген жартас гравюралар. – Шығармалары, 3-4 том. – Алматы, 2003. – 10-11 беттер.

3 *Тілепов Ж.* Қазақ халқының хандық дәуір әдебиеті: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2013. – 35-37 беттер.

4 *Қойгелидев М.* «Алаш» қозғалысы. – Алматы, Мектеп, 2008. – 480 б.

5 *Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. – Алматы, 1999. – 172-173 бб.

6 *Қамзабекұлы Д.* Алаштың рухани тұғыры: ғылыми зерттеу – Алматы, «Ел шежіре», 2008. – 357 б.

Резюме

Арман Аубакир. Преемственность государственной идеи: Тюркский каганат, Казахское ханство, Алаш Орда

В статье написано про сакральную идею государственности кочевников, государственную символику и атрибуты, встречающеся в исторических источниках. А также, не смотря на то, как они именовались в разных периодах истории, между Сакской, Гунской, Древнетюркской империями, Казахским ханством, Алаш Ординской автономиямией очень много преемственности и схожести.

Summary

A**rman Aubakir. The Continuity of the Statehood Idea: Turk Empire, the Kazakh Khanate, Alash Orda**

In the article it is written about the sacred idea of the statehood of the nomads, state symbols and attributes in historical sources. And however they were called in different periods of history, the between Sak, Hun, ancient Turkic empires, the Kazakh Khanate, Alash Orda had a lot of similarities and continuity.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ – ШӘКӘРІМ РУХАНИ МҰРАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ

Мейірманов Аманжол Досжанұлы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының аға ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан)

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) жоғары руханитанымдық парасаты, бұлжымас ақлақтық адамгершілік ұстанымы, ғибратты сара жолы бар дара тұлға. Тәуелсіздіктен кейін қарқын алған Шәкәрімтану мәселерін зерттеген ғалымдардың пікірлері де Шәкәрім қажының таным көкжиегі кең, парасат құлашы ауқымды, ойшыл ақын екендігіне ойысады [1. 31; 2. 342; 3. 345; 4. 5–49; 5. 50–101]. «Мұтылған» атын алған Шәкәрім қажы шығармашылығындағы өмірбаяндық туынды ретінде мәлім «Мұтылғанның өмірі» атты өлеңі, терең өмірмәндік тұжырымдары тоғысқан, түйінді асыл ойлары рәміздік мәнмен астасқан терең сырлы толғау [6. 485-503]. Өлеңнің алғашқы жолдары ғұлама өміріндегі маңызды қадам балалық шақтағы оқуға баруын баяндаумен басталады. Демек, осыдан-ақ ақынның өмірлік ұстанымы – оқу-білім жолындағы тынбай тер төгу, қажымай білім алып, ғылыми ізденісте болу екенін көреміз.

Ғұлама шығармашылығының өзегін «өзін-өзі тану» танымы құрайды. Сондықтан, «Мұтылғанның өмірі» өлеңі ғұламаның бүкіл шығармашылығының толғауы тоғысқан, тұжырымы түйінделген, өмірбаяндық мазмұнына қоса, өмірмәндік ой-толғаммен байытылған туындысы. Ғұламаның өзін-өзі тану толғауы өмір кезеңдерін айшықтай келе, тағдырталайын, ғибраты сәттері мен өмір тәжірибесін, рухани танымы мен таубе таупиығын, қаупі мен үмітін сүйініші мен күйінішін ерекше өрілім түзіп, ұластыра баяндайды. О бастан ғәріптік жетімдік тағдырға мойынсұнғанымен қатар, ойынмен өсетін қамсыз балалық шақты бастан кешуін баяндайды. Өзінің балалық кезеңдегі жан-жүйелік ахуалын жіті бақылап,

болашақтағы «ноқтасыз ақыл иесінің» балалық шағындағы «бойында тағылық, ойында ерекшелік» болғандығына назар аударады. Кісікиіктігі мен ойынға құмарлық ойын арқылы өсетін бала танымының, өсуге бейімділігі мен әр нәрсенің сыры мен құпиясын ашуға ықыласын байқатады. Осы балалық шақтағы кісікиіктігі елуден асқан шақтағы елден оқшаулануының ағашқы нышаны екенін «Қауымнан қаштым қағылып, оңаша өмір сағынып, Жасымда біткен тағылық, Осы екен ғой асылда» деген шумақтарда береді. «Мұтылғанның өмірі» ғұламаның өз жан дүниесіне тереңдей үңіліп, өткені мен бүгінін жіті сараптап, болашағынан күтер үмітін саралаған, «өзін өзі тану» танымының үлгісін көрсеткен шығармасы десек те және бұл «өзін өзі тану» ілімі ғұлама шығармашылығының арналы өзегін құрайтын, жалпы мұрасының негізгі мән-мазмұны деп білсек қателеспейміз.

Бұл арна жан мен тән, рух пен нәпсі, адамның бақи мен фәниге қатысы, адам бойындағы ізгілікті қасиеттер мен жағымсыз сипаттардың көрініс табуы, ақиқат пен жалған сияқты мәселелерді қамти отыра, кейде шендестіре кейде ұластыра баяндау арқылы адам табиғаты мен рухани әлемін оның қарама-қайшылығы мен ішкі тұтастығын ашып баяндайды. Адамды рухани кемелдендіретін талап, ақыл, ынсап, рахым ар, ұят, сабыр, сақтық, әділет сияқты игі қасиеттерді дамытуға шақырып және олардың сыр-сипатын ашады, сонымен қатар жалқаулық, көрсеқызарлық, мақтаншақтық, өтірік, өсек, еріншектік, ызақорлық сияқты жағымсыз сипаттарды әшкерелеп, сақтандырады.

Талғаммен киінуі, құрбыларының алды болып, музыка құралдарын меңгеруі, аңшылыққа, ұсталық өнеріне ден қоюы, құсбегілікке, саятшылыққа алғашқы басқан қадамдарын баяндай келе, сөз өнеріне деген құмарлығы ояна бастауына назар аударады. Халқымызда нағыз ердің сипатын «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп тәмсілдейтін даналығы бар. Ғұламаның көптеген өнерді меңгергендігі мен қоғам өміріне белсенді араласуы оның «сегіз қыры» қырналғандай жан-жақты толысқан тұлға болуына игі ықпал етсе, билік

ісіндегі ел басқару тәжірибесі адамды тануға, халқының мұң-мұқтажы мен рухани дерттерін терең түйсінуге әкелді. Өмірдің қызу-қызбасына белсене араласа тұра ғұлама сау ақылдың сарасын жоймай өзінің «бір сыры» – ақиқатқа махаббатын тереңдетіп, ұлғайтып, сақтап, көркейтуі, сол тұрғыдан әрбір оқиғаға, әрбір өмір кезеңдеріне, әрбір ісіне салиқалы сынмен қарай білгендігі, соңына мол рухани мұра қалдыруға мүмкіндік берді. Сөз өнерін бүкіл мәнді өмірінің мән-мазмұнын айшықтайтын құралға айналдырған ақын жиырма жас мөлшерінде өлең жазып, ғылымға ықыласы арта бастағанын айтады.

Ғұлама жастық шақтағы өлеңін жастарға арнадым, алайда, көптің мұңын мұңдап, жоғын-жоқтауға әлде де көңіл бөлмедім деп өкініш білдіргенмен «Білімге салып тілекті, Сыбанып едім білекті, Ағартуға жүректі, Аршымақ болып қоқымын, өлең мен сөзді шеберлеп» деген сөздері ғұламаның сөз өнерін жеңілге санамағанын, сөз саптап сөздің сырлы әлеміне ену үшін ең алдымен таза жүрек, мол білім, ықылас, ынта қажеттілігін терең түйсінгендігін көреміз. Әрине, бұл Абайдың ақындық мектебінің өкілі болған Шәкәрімнің жастық шақтан-ақ сөз қадірін білгендігі, өзін баулыған ғұлама Абайдың рухани ықпалымен ел жоғын жоқтар бет-бағдарын ерте бастан айқындағандығының бір белгісі. Ал, болыстық билікке ерте жастан, 20 жасынан бастап ел жүктеуімен еркінен тыс араласқан Шәкәрім, биліктің, ғылым-білім, рухани таным жолында ізденуіне бөгет болғанына өкініп, опық жейді. Ғұлама биліктің ұлық пен елге жағынуға, айлаға жүгініп, ардан кетуге, атаққұмарлыққа ұрындырарына өкінеді. Өзгенің бақ деп таныр билігіне, осылай сын көзбен қараған ғұлама, өзгеге қайырымдылығымен, әділ билігімен, халыққа қамқорлығымен абыройға ие болғаны да, көпке шарапаты тигені де белгілі. Алайда, Шәкәрімнің басты өкініші билік пен мансаптың ғылым нұрын сезінуге бөгет болғандығы, ол жиырма мен қырық жас аралығындағы қайратты шағын басты өмірлік мақсаты деп білген ғылым жолына жұмсауға мансап кедергі жасады деп налыйды.

«Осы айтылған төрт кесел, жасымда болды көзге шел. Қырыққа келіп астым бел, Деді бір ой көзіңді аш» деген шумақтар Ақын өміріндегі кезеңді асу, шешуші сәт осы қырық жастық меже екендігін әйгілейді. «Көзді ашу» яғни, көкейкөзінің ашылуын көксеу ғұламаның ішкі ояныcын, бетбұрыс кезеңін, көңіл түкпіріндегі ақиқат аңсарын, түбегейлі мұрат-мақсатына шешуші қадамын білдіреді. «Қырықтан соңғы сөзімді, Сынап, таны өзімді, Түзу құрып тезіңді Жүрегіңді қылмай тас», «Қырықтан соңғы қырымды, Сынамақ болсаң түрімді, Көрейін десең нұрымды, Жи-дағы оқы жырымды» деген жыр жолдары да бұл жастың кезең асқан, мерзімді шақ, ғұламаның тура жолға бет қойған қалпын білдіреді. Бұл кезеңде ғұлама шығармашылығында болашақ ұрпаққа арнай сөйлеу, өсиет жолдау, болашаққа мирас ету сарыны басым түсе бастайды. Осыдан-ақ руханиятқа бой ұрған өз заманынан озық ойлы ақын өзінің рухани мазмұндағы шығармаларының адамның рухани аңсарын, замана зарын, қоғам дертін терең түйсінуден туындағанымен де тұрғыластары тарапынан жете қабылданбайтынын білген. Алайда, өз мұрасы ғасырлар ағымында құндылығын жоймай жаңғырып отыратын, адам жанының да қоғамның да дертіне дәру болар асыл жауһарлар екендігін толық түсініп, болашақ ұрпаққа мирас еткен деп білеміз.

Рухани қазынаның замана тоғысында, халқының жаны мен ділін терең түйсінетін, ақиқатқа ғашық, ел тағдырынан өз тағдырын өзгелемейтін, ел мұңы мен жан сыры өзектес ерлердің өзегін жарып шығары, осылайша уақыт, мекен кеңістігін жеңіп, мәңгілік мәні өшпес, қай заманда да өзектілігін жоймайтын қазынаға айналатыны сөзсіз. Сондай-ақ бұл жалпы адамзаттық құндылықтар қазынасына қосылатын, тілдік немесе кеңістіктік бөгеттерге қарамастан ден қойған адамға дем беретін өшпес мұра, рухани қазына. Отты қарудың шығуынан бастап жеңіліске ұшырай бастаған көшпенді өркениеттің күйзелісінің құлдырау шегіне жетуі, сол өркениетпен қоса сан ғасырлық мәдени, әлеуметтік, қоғамдық дәстүрдің ішкі қайшылықтарға ұрынуы, отарлық

қысымның төңкерістік жолмен жүзеге асқан формациялық ауысуларға ұласуы және осындай дауылды аласапыранның өтінде қалған момын жұрттың талау мен тонауға, алдап арбауға, қуғын сүргінге, зорлық зомбылыққа ұшырап, теперіш көрген хәлін көруі жаны таза, рухы биік ғұламаға қатты батқаны сөзсіз. Сол дәстүрлі мәдениеттің қадірі мен қасиетін терең түйсінген өз халқының төл перзенті үшін, халқының өмір салтының, ой-санасының, елдік рухының ауыр соққының астында қалып, трагедиялық күйді басынан кешуін көруі зор қайғы-қасірет еді. Халқының шын жанашыры болған, оның рухани ахуалын тамыршыдай дөп басып білген ғұламаны ғасырлар бойы қордаланған рухани құндылықтардың мұрагері болған қазақ халқының басына түскен осындай сын-сағаттан аман-есен өтуі, рухани өзегін жоғалтпай, елдігін сақтап қалуы, отанының елім деген ерлердің рухани кемелденіп қалыптасу ортасына айналуы мәселері қатты толғандырған. Қазақ халқының тарихын, салт санасын, арман аңсарын, терең біліп қана қоймай оны зерттеп танып, халыққа жеткізуде талмай еңбектенген ғалым адамды ілгері бастыруға, жан дертін емдеуге, адамды сүюге, адамгершілікке адалдыққа баулуға бар өмірін сарп етеді. Фәни мен бақидың, бұл материалдық дүние мен руханияттың қарама-қайшылығы мен бірлігі тұрғысынан қарасақ ғұламаның өз заманына өзін өгей сезінуімен қатар өз заманының рухани дертті ахуалын өз халіндей өзегін өртей терең түйсінуі ұласа жүреді, өзінің озық ойымен өз тұрғыластарынан теперіш көріп, түсінбестікке ұшыраса да, өз үнінің болашаққа жететініне сенеді, асыл-жауһардың жерде қалмай, қадірін білер нақ иесіне жолыққанда кәдеге асарына үмітін жоймайды.

«Жартасқа бардым күнде айғай салдым, одан да шықты жаңғырық» деп ұстазы Абайдың замандастарының тоқмейіл, томаға тұйық, тоғышар қалпіне қарап торығу халі Шәкәрімдей ойшылдың да басында бар. Сондықтан, «көптің ішіндегі жалғыз» яғни, өз рухани интелектуалдық деңгейімен көптен оқ бойы озық оңашалана тұра, сол көптің мұң-зарын,

дертті халін терең сезінумен шерменде болған, «халқымның табанына кірер шөңге менің маңдайыма кірсін» деген құрбандықпен өзін көптен өзгелей алмайтын адамсүйгіштік қасиетті иеленген ақын өз үнін болашақ ұрпаққа арнауы, ақтауды да, түсінуді де, әділ төрелікті де, дұға тілекті де солардан күтуі түсінікті. Ғұламаның өзін-өзі тануы, өз халқын, өз заманы мен замандастарын танумен ұласа жүреді. Алайда хаққа ғашық ғұлама қоғамның кемшілігі мен ластығын, надандық дертінің меңдегенін, озбырлықтың озғанын әшкерелеп сынау қалпында рухани жағынан өзге тұрғыға шыққанымен өзін өзгеден оқшауламайды. Сол қоғамда бар дерт өз бойымда да бар, сол қоғамдағы барлық кемшіліктен өзім де ада емеспін деген тұрғыда өзін өзгеден бөлмей сын тезіне бірге қатар салады. Оның жоғары рухани тұрғыға шығып, анық айна ақылын іске қосуы көптің кемшілік міні көруге мүмкіндік бергенімен, ол кемшіліктерді терең түйсініп тәубаға келу арқылы, сөге тұрып күйінеді. «Сөккенің болсын сүйгенің ащы тілмен тигенің, жойылсын деп міндері» деген қағида оның өмірлік ұстанымы. Оның шыққан тұрғысы рухани биіктік болғандықтан қоғамның дертті хәлін, күйзелген жәйін, надандық қалпін, азғындаған салтын, мұңлы-зарлы тұрмысы мен азып-тозған елдік үрдісін көрмей «ашылған көз» тұра алмайды, осы қиындықтардың бәрін өз басымдағы зар-зобалаң деп терең сезінгендіктен ауыр жан азабын тартады.

Көрнекті әдебиеттанушы Т.Кәкішев ақынның «Мұтылған» атын иеленуіне «Мұтылғанның символикалық астарын ашып ел-жұртқа дұрыс түсіндірейік. Демек, «Мұтылған» деген атауда азап-бейнет те мүжіліп шаршау да, қамығып қан жылау да, шығар жол, жұтар ауа таба алмаған жанның батпандай қайғы-қасіреті де, еліне сөзін өткізе алмаған өкініші де, шарт сынған намыс та бар» [8. 60] деп назар аударады. Шәкәрім қажының өзі ақталуынан кейін де шығармаларының жарық нұрын халықтан жасыруға, тұмшалап жабуға деген қаскөй ниет тоқталмаған. 1986 жылғы оқиғалардан кейінгі жылымық тұсында ақынның шығармаларын ақтап, жариялауға шешім шығарған комиссия жетекшісі акаде-

мик Ж. Әбділдиннің естелігінен осыны көреміз. «Шәкәрімге қатысты барлық материалдарды қолыма алып, мұқият оқып шықтым, ... өзімнің айналысып жүрген Кант, Гегель, Фихте, Шеллинг, Платон, Аристотель сынды идеалистермен салыстырып қарасам, Шәкәрім тіпті әулие екен, орысша айтқанда «святой». Бұл кісінің өлеңдерінде орысқа немесе кеңес үкіметіне тиіскен бір ауыз сөз жоқ. Шәкәрім өзі Абайдан кейін философиямен айналысқандардың бірі. Өлеңдерінде әсіресе этика мәселесі, адамгершіліктің түрлі категориялары кеңінен қаралған. Бұл кісінің шығармаларына шындап бойласаңыз, ол халқымыздың әлемдік өнерге, ғылымға ұмтылуына көп атсалысқан нағыз ағартушы» [9. 10].

«Дүниеден мұтылсаң жолға түстің түп-түзу» деген ғұлама бұл дүниелік атақ-дәреже, даңқтан қашудағы мақсаты «Мейірім, Ынсап, Әділет, Шыдам, Шыншыл, Харакет, Түп қазығы – Ақ ниет, Бұл жетеуін ел қылу» [6. 279] яғни рухани адамгершілік мақсатқа қол жеткізу дейді. Бұл жетеуін жеті ру елге балап, оны билеуді шын мәніндегі билік, атақ дәреже деп біледі. Талапкерді осының билігіне жеткіземін дейді бірақ, оның шарты – жолбасшыңды таза ақыл қылып, Рухани мастық хәлде, хаққа махаббатпен, оған деген тәуекелмен жолға түсу. Осы шартқа да берік болған жолға түсуші осы жеті ру елді билеу мақсатына жетеді дейді. Ғұлама сөзінің мәні аса тереңде болғандықтан оның тереңіне бойлау тәуекелді қажет етеді, оның сырлы сөздерінің мағынасын қармағанның өзінде мәніне терең бойлаудың қиындығы да белгілі. Себебі, кез-келген дәмдінің дәмін татып көрмесең, дәмді, тәтті, нәрлі деген сөздерден дәмін біле алмайсың, тіптен өзің білсең де өзгеге дәл сипаттап бере де алмайсың. Сондықтан біздің сырлы сөздердің мағынасын салқын ақыл деңгейінде сараптаумен ғана шектеліп, жүрегімізге орнықтырып, мәніне сәйкес болуға тәуекеліміз жетпегендігінен оны түйсінуіміз толыққанды бола алмайды. «Мұтылған» атын иеленуінің өзі оны толық түсінушінің ілуде біреу боларын да меңзейді. «Сөзімді ұғар жас болса, Бақыттымын, өлім жоқ, Құр әніме мас болса, Шын сорлымын елім жоқ. Сөзімді ешкім

ұқпаса, Мен де сөз де мұтылар, Келмеген жандай жалғанға, Топыраққа денем жұтылар» [6. 344]. «Өлеңімді оқырсың құр жазуды қармалап, Әр сөзін бір шоқырсың. Ішің жылап тұрса да, Жүрегің маған бұрса да Шын сырын қайдан ұғарсың» дейді, Ол өзінің «ажалсыз әскер» балаған нұрлы да сырлы жырларының терең сырларына бойлауға, ішкі мәніне жетуге үндейді. Өз жырларының өлмей жалғастық табуы үшін, өз сөзінің көк шөпке тіршілік берген жауындай тіршілік көзіне айналуы үшін оның хәліне ене алатын, ол татқан хақиқатқа мастықтың дәмін тұщына алатын тәуекелшіл, жүрегі таза, хаққа ғашық ұландар керек. «Өлтірме мені дегенім, Сөзімде тәтті шарап бар, Соның сырын ұғып ал, Жүрегіңе тығып ал, Айтқаныммен жүрсеңдер, Өлеңімнің ішінде Өлікке жан беретін, Мәңгі судай арақ бар» деген жолдарда Өлі жүректі тірілтетін нұрлы ақылды астарлы мәнмен таза араққа балайтынын көреміз. Жалпы ғұламаның өзін ақиқатқа құрбан қылып бас тіккеніндегі мақсатының өзі дүниені ғашықтық отымен аластап тазарту. «Үйретсем иман адамға, Әлімге мейлі наданға, Қолы жүйрік, көзі өткір, Көңілі соқыр шабанға. Түзетсем оның тілегін, Тірілтіп өлген сүйегін» [6. 275], «Жар қанжары маған бал Сұқсын сорлы жүрекке. Талай асық жаралсын жар ағызған қанымнан. Жер жүзіне таралсын, жүрегі таза есті жан. Сайтан қашып асықтан, Асыл озып жасықтан, Бейіс болсын бұл жалған, Кеудеден кетіп сасық қан» [6. 281] деген жолдарда да мақсаты адамдардың рухын ояту, соларды мәңгі тірілікке жеткізу екенін көреміз. «Жүректен аққан қаныммен тозақтың отын сөндірем» деген жыр жолдарында да жердің бетін жұмақ қылып, адамдарды рухани тазартып, адамгершілікке жеткізетін де хаққа махаббат деп сенгенін көреміз. Өлгенді тірілтетін Әбілхаят суы, мәңгі тірілік суы бүкіл әлемдік мифологияда кездесетін мотив.

Адамның мәңгі өмірді иеленуі мүмкін бе деген сауалға Шәкәрім ойшылдай жауап берген адам кем де кем. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өсиетіне сай «өлім алдындағы өлу», яғни нәпсіні толықтай жеңіп, жоғары рухани дәреже иелену арқылы өлімді тіршілікте жеңу тақырыбы шығыс

мұсылман сопылық әдебиетіндегі негізгі арналардың бірі. «Сырты бүтін, іші түтін», өзін тірі өлікке балау мотиві Абайда да, Мағжан Жұмабаев шығармашылығында да кеңінен жырланады, өлімнің танымдық тағлымдық мән-мағынасы жайлы толғаныстар да мол. Қорқыт ата рухани мұрасының негізгі өзегін құрайтын өлімді тіршілікте жеңу мотивімен сарындастықты Шәкәрім ғұлама шығармаларынан да көреміз. Тіптен «Қорқыт ата сарынына салып» жырлаған өлеңі де бар. «Жар қараса, тірілуші ем, Қарамаса мен – өлік. Рахым етіп қылмады-ау ем, Енді үмітім қалмады. Сөйтсе онда сыр бар екен, Байқамаппын мен мен оны, Қосылайын өлсе деген Амалы екен – алдады. Өліп едім жар бірігіп, бір бейісті таңдады. Ләйлі, Мәжнүн қарсы шығып, Ерулікті қамдады. Жар сипатын білсеңіз де, Нәпсің өлмей деме жар. Айла, алдау сөзіңізге шын хақиқат нанбады» [6. 289]. Рухты Хаққа қауыштырар күш-қуат бұл махаббат оты, ғашықтық жалыны. «Анық асық әулие кереметке сол ие, Жаны құрбан жарына керексіз өзге дүние» [6. 286], «Өзгермейтін өлмейтін, Өмірді талап етемін, Қайталап ойын көрмейтін, қызыққа түпсіз жетемін» [6. 285], «Шын асықтың әрбірі, Өліп топырақ болды да, Жаралыстың тағдыры жаратты мені орнына», «Көрем десең жарымды мас бол жүрек тазала. Өртеп жібер барыңды, Қарсы ұмтылып қазаға» [6. 286], Хаққа деген асыл махаббатың иесі шын ғашықтың хәлі мен сыр-сипаты, құрбандықты қажет ететін махаббаттың мүддесінен шығып тірлігінде нәпсісін жеңіп мәңгі тірілікке жету аңсары, ғашықтық дертін иеленіп, соның отымен тазалыққа жету, хаққа жетіп нұрлы ақылды иеленгенсін соның мастығына беріліп, ой тереңінен маржан сүзу және сол игіліктен өзгелер де құр қалмасын деп бөлісуге құмарлық «Мен жомартпын жар нұрына алса екен деп барша жан» деген ғұламаның бүкіл шығармашылығынан байқалады.

Шәкәрім қажы өзінің діни, рухани танымы мен рухани әлеміндегі серпінді өзгерістерді жеткізуінде сопылық танымға тән бейнелі баламалы теңеулерге жүгінетін кездері де аз емес. Мәселен, «Сорлы бұлбұл жарға асық боп, Нұрлы

гүлге айтты зар, Көбелек те шамды алам деп, отқа түсті боп құмар» [6. 300] «Жүректен аққан қанымнан Жиіркенбе – нұр деп біл, Сайраған бұлбұл зарынан Нұрланады қызыл гүл» [6. 295] деген шумақтарда бұлбұл мен гүл, көбелек пен от балама-лары сопылық танымға сай қолданылып тұрған образды балама теңеулер. Рухани мән мазмұндағы терең сырлы жыр-ларын оқи отыра ғұламаның хақ дидарына ғашық болып сол жолда жанын құрбан етіп, өзін жоққа балағанын аңғарамыз. «Өртейін деп отқа көмдім, От жүрегім жанбады, Жанды апарып жарға бердім, «Пара ғой» деп алмады. Жан, тәнімді, иманымды – асылымды бойдағы, Аямадым жиғанымды, Сонда да көз салмады.

Плотин Энеадаларында «6. Итак, как гласит старинное изречение и умеренность, и мужество, и всякая добродетель, и самая мудрость заключается в очищении. ... что кто не очистится тот будет прибывать в преисподней, в грязи,... Мужество же – отсутствие страха перед смертью, ну а смерть отделение души от тела. Не страшится этого тот кто жаждет остаться один. Величие же души – презрение к вещам тленным, А мудрость – это мышление отвращающееся от низменного, ведущее душу к высшему миру. Итак, очищенная душа становится эйдосом и духом, вполне бестелесной, разумной и всецело принадлежит божеству, в котором источник прекрасного и всего подобного что сродни ему» [10. 21] деп жазады. Нағыз ердің ісі өлім алдындағы қорқынышты рухани тазару арқылы жеңу деп біледі. Даналықтың өзі тазалыққа ұмтылудан туындап, руханилық мұрат аңсарына жетумен қанаттанатынын айтады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шақырған ар-ұждан үніне құлақ асу, оның артына қалдырған мол рухани мұрасын игеріп, ғибратын қоғамды ізгілендіруге пайдалану бүгінгі ұрпақтың парызы. Ол рухани-интеллектуалдық танымды иеленудің практикасы мен үлгісін көрсетуімен қатар, өз заманында белгілі адамзат ғылыми танымының нәтижелерін рационалды ақыл таразысына салып, ғылыми логикалық сараптаудан өткізіп, жан-жақты талдап, меңгерген ғұлама. Ру-

хани танымы мен рационалдық білімін ұштастыра отырып, адамзатты ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан Жаратушы, рух, жан туралы көкейкесті, өмірмәнді мәселелерге сырлы танымен айшықталған уәжді жауаптары, салмақты пікірлерін айтқан, адамзаттың рухани өресінің өсуіне өзіндік үлес қосатын бай мұра қалдырған кемел адам.

Әдебиеттер

1 *Ахметов З.* Шәкәрім – қазақ әдебиетінің классигі. // Шәкәрімтану мәселелері. – Семей-Новосибирск. Танер-Пресс. 2006. II-том. – 360-б.

2 *Мырзахметұлы М.* Хакім ақынның бас шәкірті хақында. // Шәкәрімтану мәселелері. – Новосибирск. Танер-Пресс. 2007. III-том. – 378-б.

3 *Есімов Ғ.* Ой теңізінен сыр ауласақ... // Шәкәрімтану мәселелері. – Новосибирск. Танер-Пресс. 2007. III-том. – 378-б.

4. *Мағауин М.* Ақын. Тарихшы. Философ //Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. – Алматы: Раритет, 2007. – 448 бет.

5 *Мұхаметқанұлы Қ.* Шаһкарім // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. 1-том – Алматы: Раритет, 2007. – 448 бет.

6 *Құдайбердіұлы Ш.* Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. I том. – Алматы: «Жібек жолы», 2006. – 524 бет.

7 *Құдайбердіұлы Ш.* Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. II том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі. 2006. – 624 бет.

8 *Кәкішұлы Т.* Қаскөйлікті жеңген азамат // Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. 2-том – Алматы: Раритет, 2007. – 376 бет.

9 *Әбділдин Ж.* Алаш азаматтарының ақталуы //Шәкәрімтану мәселері: Сериялық ғылыми жинақ / «Атамекен» сериясы. 2-том – Алматы: Раритет, 2007. – 376 бет.

10 *Плотин*. Эннеады. Составитель и редактор С. И. Еремеев. – Киев. «УЦИММ-ПРЕСС», 1995. – 394 с

Резюме

Мейрманов А.Д. Самопознание – ядро духовного наследия Шакарима

В статье проводится герменевтический текстологический анализ духовно-позновательного наследия Шакарима Кудайбердиулы, раскрываются особенности художественно-образного мира в контексте восточной суфийской традиции. Особое внимание уделено раскрытию смысла духовного познания самого себя в творчестве философа.

Summary

Meirmanov A.D. Self-cognition – the Core of Shakarim Spiritual Heritage

The article hermeneutic textual analysis of spiritual and educational heritage of Shakarim Kudayberdiuly disclosed features of artistic and imaginative world in the context of the Eastern Sufi tradition. Particular attention is paid to the disclosure of the meaning of the spiritual knowledge of himself in the works of the philosopher.

К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ КАЗАХСТАНЦЕВ: ФЕНОМЕН ПАТЕРНАЛИЗМА

Ешпанова Дина Далабаевна,
главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, кандидат философских наук (г. Алматы, Казахстан)

В июле-августе 2014 года в рамках проекта «Анализ социально-политической стратификации Казахстанского общества (социальный патернализм и иждивенческие настроения)» Институтом философии, политологии и религиоведения КН МОН РК был проведен социологический опрос во всех областях республики, а также в городах Алматы и Астаны. Всего было опрошено 1000 человек.

В данной статье мы, опираясь на результаты опроса, постараемся через анализ ценностей выявить некоторые существенные характеристики массового сознания казахстанского общества, а именно в явлениях патернализма и иждивенчества.

В работах феномен патернализма и иждивенчества анализируются в тесной связи с такими понятиями как «равенство», «неравенство», «справедливость».

Проблема социально-экономического неравенства в современном казахстанском обществе – одна из самых актуальных. Социально-экономическое неравенство отражает структуру доминирующих экономических интересов в обществе, одновременно являясь важнейшим фактором и результатом общественного развития. Различные аспекты неравенства необходимо рассматривать в комплексе, с учетом их противоречивого влияния на экономическое развитие [1].

Оценка материального положения. Результаты исследования позволили сделать вывод, что значительная часть наших граждан по их собственной самооценке материального

положения живут бедно – так, 9,6% казахстанцев считают, что «денег до зарплаты не хватает», 22,5% «живут от зарплаты до зарплаты», «на повседневные расходы денег достаточно, но покупка одежды вызывает затруднения» считают 23,7%.

Можно было бы ожидать, что значительная часть населения выскажет недовольство материальными условиями жизни, но оказалось, что совсем неудовлетворенных – 7,01%, большая часть – 55,4% удовлетворены частично и 4,7% выразили полное удовлетворение.

Известный польский социолог Петр Штомпка, описывая такого рода парадоксы постсоциалистического сознания, отмечает, что подобное может происходить по нескольким причинам: если люди даже крайне нищи, но воспринимают это как должное или как соответствие предопределенному социальному статусу, то революционного брожения не возникает. Лишь когда они начинают задаваться вопросом о том, что они должны иметь по справедливости и ощущать разницу между тем, что есть и что могло бы быть, тогда и появляется чувство относительной депривации. Это чувство тесно связано с чувством несправедливости, возникающим из сравнения того, что люди имеют в действительности и чего уже достигли другие, похожие на них.

Оценка социально-экономического неравенства, перспективы социальной мобильности. Наш опрос показал, что абсолютное большинство опрошенных (78,5%) считают несправедливой неравномерность распределения доходов в настоящее время. При этом, если треть респондентов (31,8%) придерживается мнения, что сегодня трудовой вклад и его вознаграждение не совпадают, то 46,7% высказываются более осторожно, отмечая, что не всегда вознаграждения и трудовой вклад соответствуют друг другу. Лишь для 10,2% распределительные отношения сегодня являются справедливыми.

Перспективы достижения материального благополучия и социального успеха оцениваются неоднозначно. Почти половина опрошенных отрицают наличие в настоящее время равных стартовых условий в достижении богатства и успеха

(48,4%, при этом отрицающих – 19,1% и скорее, отрицающих – 29,3%), но и «оптимистов» достаточно много: совокупный показатель – 46,3%, полностью согласных – 10,4%, скорее, согласных – 35,9%. 54,6% респондентов считают, что человек из малообеспеченных слоев может достигнуть успехов в жизни. Затрудняюсь ответить – 5,3%.

Ответы на данный вопрос можно интерпретировать как степень свободы человека и меру либерализации общества (рисунок 1).



Рисунок 1 – Распределение ответов на вопрос: «Может ли человек из малообеспеченных слоев нашего общества достигнуть успеха за счет своих личных заслуг и качеств?» (в %)

Таким образом, в массовом сознании казахстанского общества присутствует, примерно в равных долях, мнение как об отсутствии равных стартовых условий в достижении социального успеха (48,4%), так и о наличии равных возможностей (46,3%). При этом сторонников утверждения о том, что люди из малообеспеченных слоев общества могут достигнуть успеха, больше, чем сторонников противоположного мнения: 54,6 и 36,8%.

Опрос показал, что в казахстанском обществе существуют следующие установки:

1. Считая предопределенность стартовых условий определяющим фактором в достижении успеха, все же не отрицается роль индивидуальных усилий человека, а, значит, и индивидуального начала вообще.

2. Жизненный успех современного казахстанца в равной мере определяется как его личными качествами и усилиями, так и внешними условиями и обстоятельствами.

Ответы на данный вопрос можно интерпретировать как степень свободы человека и меру либерализации общества.

Ожидания от государства. Советское государство брало на себя регулирование жизни общества. От граждан требовался добросовестный труд за небольшую зарплату, а взамен государство обещало предоставлять бесплатное жилье, медицинское обслуживание, образование, пенсии по старости – пусть скромные, но почти одинаковые для всех. В сознании бывших советских граждан укоренился патерналистский образ государства, которое по справедливости вознаграждает своих граждан.

Опрос показал, что казахстанцы ждут от государства, прежде всего, решения социальных проблем: социальной защиты ждут 36,4% опрошенных, полного комплекса бесплатной медицинской помощи – 25,9%, занятости населения – 25%, бесплатного образования – 24,3%, регулирования цен в сфере ЖКХ – 14%.

Государство не оправдывает жизненных ожиданий у пятой части респондентов – 20,2%, в одних случаях оправдывает, а в других нет – у 55,4%, и лишь 11,5% высказались положительно, 6,5% ответили, что «мои жизненные ожидания не связаны с государством» и 6,3% затруднились ответить. Таким образом, большинство опрошенных высказали разочарование государством.

Традиция патернализма по-прежнему доминирует в сознании казахстанцев. Однако, при очень высокой значимости и роли в их представлении государства вообще, наши граждане не идеализируют нынешнее казахстанское государство, а, напротив, относятся к нему весьма критично. Государство не выполняет тех своих функций, которые обязано было бы выполнять – ни с точки зрения заботы о стратегических интересах общества, ни с позиции заботы о текущих интересах граждан, ни даже с точки зрения соблюдения законных прав.

Отношение к собственности. Признание Казахстана страной с рыночной экономикой определилось, прежде всего, изменениями в отношениях собственности, созданием рыночных институтов. Законодательное закрепление многообразия, равенства всех форм собственности, преобладание частной собственности имеет важное значение в социально-политической и экономической трансформации.

Как известно, к собственности отношение в советский период и накануне начала рыночных преобразований было принципиально иное. Безраздельно господствовала государственная собственность, частная же рассматривалась как чужеродное явление и преследовалась законом. Главными являлись интересы государства, культивировалось чувство коллективной ответственности, а в действительности, реально получалась коллективная безответственность.

За немногим более чем 20-летний период рыночных реформ создана смешанная экономика с многообразными организационно-правовыми формами хозяйствующих субъектов, с преобладанием негосударственного сектора, а в его составе – частной собственности. Сам по себе этот факт в преобразовании собственности за сравнительно короткий срок для страны с полным огосударствлением – беспрецедентен в мировой практике. Но пройден лишь первоначальный этап – формирования формальных рыночных институтов и института частной собственности. Пока рыночная экономика Казахстана отягощена многими проблемами, и, в конечном счете, не является социально ориентированной.

При всей важности и необходимости структурных изменений внешней среды, главным является изменение самого человека. Переход от «государственного» человека к новому состоянию самого себя как частного собственника, как свободной личности, как основной силы своего благополучия и развития – это сложный и длительный процесс. Частная собственность формирует новые мотивы к труду (самостоятельность, самодеятельность, ответственность), новый образ жизни затрагивает все сферы жизнедеятельности общества.

В духовной сфере идет процесс перерождения идеологии «государственного» человека в идеологию человека рыночного типа, человек готов стать или собственником, или наемным работником [2].

Таким образом, не просто важной, но и определяющей в оценке казахстанских реформ представляется проблема собственности и ее изменений в ходе либеральных экономических реформ.

В массовом сознании на вопрос о том, какой собственник лучше – государственный или частный, однозначного и простого ответа нет. Как следует из ответов респондентов, работа в государственном секторе представляется казахстанцам предпочтительнее (40,3%), по сравнению с частным (22,7%) и смешанным (10,4%) секторами. За годы реформ вместе с потерей иллюзии о том, что «невидимая рука» рыночной экономики сможет регулировать существующее в обществе неравенство, заметно усилились и без того достаточно распространенные «прогосударственные» настроения казахстанцев.

Государственный сектор привлекает, прежде всего, стабильным положением (39,0%), фиксированным заработком (29,2%), соблюдением трудовых прав работника (27,2%) (таблица 1).

Таблица 1

Распределение ответов на вопрос: «Если Вы предпочитаете государственный сектор, то чем он Вас привлекает?» (в %)

Фиксированным заработком	29,2
Соблюдением трудовых прав работника	27,2
Стабильным положением	39,0
Режимом работы	12,6
Другое	0,1
Не предпочитаю работать в государственном секторе	19,2
Затрудняюсь ответить	9,9
Больше некуда идти	0,1

Многолетняя практика показала, что экономика, базирующаяся на государственной собственности, не эффективна ни экономически, ни социально – это обусловило необходимость проведения широкомасштабной приватизации, являющейся центральным звеном экономической реформы.

Отношение населения к итогам приватизации неоднозначно и формируется через призму оценок происходящих изменений. Негативное отношение означает не столько принципиальное неприятие частной собственности, сколько недовольство тем, как она была введена в начале экономических реформ. Возникшие в постприватизационный период крупные состояния казахстанцами рассматриваются как нелегитимные, а сам процесс приватизации оценивается как несправедливый. Отсюда и довольно высокий уровень продолжающейся поддержки призывов к пересмотру итогов приватизации.

Для иллюстрации этого отношения можно привести распределение ответов респондентов на вопрос: «Правильны ли призывы отдельных политиков делить нефтяные доходы между всеми гражданами страны?». С таким мнением согласились более половины участников опроса – 52,2%, не согласились, потому, что доходы надо вкладывать в развитие страны – 28,6%, затруднились с ответом – 18,1%. Такой выбор по сути означает, что, во-первых, в глазах общества приватизация оценивается как несправедливая, во-вторых, в сознании казахстанцев отчетливо выражены уравнительные ориентации, понимание справедливости как равенства, а равенство зачастую понимается как равенство доходов.

Отношение к труду. В условиях модернизации общества для успешной адаптации людей к рыночным условиям традиционные ценности могут сыграть как положительную, так и отрицательную роль. Некоторые традиции поддерживаются, скорее, на уровне «социального подсознания», в силу привычки и инерции. Нельзя сказать, чтобы их специально культивировали, просто они воспринимаются как неотъемлемая составляющая обычного образа жизни. Сюда входят

такие черты, как стремление к сиюминутной выгоде, адаптивная пассивность, ожидание защиты и заботы со стороны государства, иждивенческая изобретательность. К этому перечню мы еще добавили бы непритязательность, ориентированность людей на достигнутый уровень жизни, а не стремление к лучшему. С переходом к рыночным отношениям такие явления не исчезли.

Сохраняющийся принцип государственного распределения способствует воспроизводству настроения социального иждивенчества и патернализма, формированию социально пассивного населения.

Наши исследования показали, что в условиях трансформации общества феномен патернализма пронизывает всю систему социальных отношений. Проведенный анализ установок и ценностных ориентаций выявил, что трудовые ценности, например, интересная и творческая работа, оказались отодвинутыми на периферию ценностного сознания. Так, на вопрос о мотивах выбора работы большинство (61,3%) респондентов ответило: «За которую больше платят», «наиболее самостоятельную, независимую работу» выбрали 29,7% и «наиболее интересную, творческую» – 18,2%.

Хотя 44,2% опрошенных считают, что работа всегда найдется для того, кто хочет работать, все же большая часть респондентов (совокупный показатель – 52,4%) придерживается противоположного мнения, затрудняюсь ответить – 3,5%.

Социокультурных ценностей, ценностей самоутверждения и, особенно, самореализации, придерживаются около 50%, что говорит о меньшей готовности к активно-деятельностной реализации собственного потенциала у остальной части респондентов. В самом отношении к работе преобладает инструментальный, а не содержательный подход.

Социальные изменения оцениваются казахстанцами во многом как несправедливые, но, в то же время, мало крайних пессимистических оценок. Несмотря на то, что в массовом сознании отчетливо выражены уравнительные ориентации, понимание справедливости как равенства, все же казахстан-

цы отдают предпочтение не «равенству доходов», а «равенству возможностей».

В существующей структуре экономики роль государства в распределительных отношениях доминирует. Сохраняющийся принцип государственного распределения способствует воспроизводству иждивенческой социальной структуры со всеми вытекающими последствиями формирования социально пассивного населения.

Массовое сознание казахстанцев в отношении государства проявляет противоречивость. Значимость государства для наших граждан велика, но при этом отношение к нему весьма критично, оно не оправдывает ожиданий большинства. От государства, в первую очередь, ждут решения социальных проблем, как бесплатных услуг. Но в целом оценка уровня социальной защищенности довольно высокая. В значительной степени это связано не с реальным положением дел, а с распространением патерналистских настроений.

На основании проанализированных данных, можно сделать вывод, что в массовом сознании частично сохраняются ценности социализма, однако, это не означает, что оно не изменилось.

Литература

1 *Анисимова Г.В.* Социально-экономическое неравенство. Тенденции и механизмы регулирования. – М., 2010. – С. 5.

2 *Ревайкин А.С.* Переходный период в России: состояния, основные проблемы // www.petrsu.ru/Chairs/Finans/perehperiod.rtf

Түйін

Ешпанова Д.Д. Қазақстандықтардың қоғамдық санасының ерекшеліктері мәселесі: патернализм феномені

Автор өз мақаласында құндылықтарды талдау арқылы қазақстандық қоғамның бұқаралық санасының патернализм мен масылдық-көңіл-күйі сияқты кейбір маңызды тұстарын анықтады. Мақалада «Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-саяси стратификациясын талдау (әлеуметтік патернализм және масылдық көңіл-

күй)» тақырыбындағы жобаның шеңберінде жүргізілген әлеуметтік сауалнаманың нәтижелері қолданылған.

Summary

Yeshpanova D.D. On the issue about a feature of the social consciousness of Kazakhstani people: the phenomenon of paternalism

Author reveals some significant characteristics of the mass consciousness of Kazakhstan society through analysis of values, namely the phenomena of paternalism and dependency. The article used the results of a sociological survey conducted within the project «Analysis of the socio-political stratification of the Kazakhstan society (social paternalism and dependency)».

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ – ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Ошақбаева Жазира Бейбітқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және діntану институтының аға ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты
(Алматы қ., Қазақстан)

Жыраулықтың мәдени дәстүрі рухани адамның ақындығы мен сауаттылығында, сезімталдығы мен зерделілігінде, терең пайымдаушылығы мен нақты кісілік шешім қабылдауға дайын табандылығында және ел болмысының мән жайын терең ұғынып, рухани тәжірибесін ұлттық рухтың интеллектуалдық қуатына айналдыруында.

Қай елдің философиясы болмасын, олардың ұлттық идеялық негізде қалыптасуына себеп болған ұлттық поэзия. Даналықтың өзі рухтан туған ой. «Жыр рухына» кездейсоқ қарау мүмкін емес, әсіресе қазақ елі үшін жыр ұлттық идеяның терең арнасы. Ел мүдесіне, ұрпақ игілігіне ауадай қажет барлық құндылықтарды сақтап, реттеп, оны тұтастай ұлттық рухтың қуатына айналдырып отырған жыраулар дүниесі. Жыр бейнелі ой, білімді сөз, зерделі түсінік, саналы өмір, кісілік қасиеттердің өрісі, тұлғалық көзқарас, сезімталдық, ұлы мақсат, ұлттық мұрат. Осы құндылықтардың танымдық негіздері, құндылықтың бағдары жыраулар даналығының негізгі тақырыбы.

Қазақ жырауларының ұғымынша әр адам өзінің кісілік рухына адал болса, ол өз ісінің зиялысы. Тұлғалық адамнан талап етілетін қасиет. Сол себептен зиялылық адам санасында не істеу керек деген сауалдан емес, бірлікке ұмтылыстан, елдікті ұғынудан, құрметтеуден туындайтын қасиет. Қазақ ұлты жердің қадірін оның құнарымен бағалаған, жердің құнарының адамға берер қуатын философиялық деңгейде пайымдаған. Жыраулар философиясындағы жердің құнары туралы ой толғамдар ұлттық рухты көтерудің мәселесіне де айналған. Жырау қазынасы – ұлттық құндылық. Оның

жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі. Олардың идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Жорықтың алдыңғы шебінде, айтыс-тартыстың басқасында, елдің бел ортасында жүрген Шалкиіз елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көңіл аударған, кісілік қасиеттерге қайта-қайта оралған. Ел ерлерсіз, ер өз еліңсіз бабына келмеді. Қысылтаяң кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жұрттан суырылып шығар дарадан тірегін көздеді. Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «жеңсізден игі тоны», «арғымақтан игі малы болар ма» – дейді Шалкиіз жырау. Шалкиіз дүрліккен, деміккен елге баскөз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан. Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малыңды тәрік етер, ат-тоныңды бұлды етер, өз басыңды олжа етер». Хан Темірдің осындай қиқарлығын көрген Шалкиіз одан алшақтайды. Шалкиіз жырау жау жағадан алғанда, ел бірлігінен артық қорған жоқтығын былай ескертті:

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман айғақ болар басыңа [1, 44 б.]

Жемсаудан арылып, жауға қарсы бірлесу, сөйтіп сәттілікке үлес қосу – қажетті үндер және керекті күндер еді. Сондай сындарлы кезеңде, тар жерде кімнің кім екені біліне бастады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар.
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.

Жақсының тілегі бір, Тәңірімен ниеттестер дегенді айтады. Өзіне тегеурінді жандарды іздеген жерден табады, жат жерде өзін танытады. Жаманның жауы – тілі мен пиғылында, икемсіз қылығында. Еріккеннен қызыл тілін тыймайды, жалғандықты жамылған сусыма сөзі аузына сыймайды. Қисынсыз қылығымен көрінгенді қинайды. Іске ебі жоқ, бос сөзі көп есіктен күле кіріп, күңірене шығады. Теріс пиғылды іштегі дұшпан. Жамандар қоңқалап, бір жақсыны көре алмайды. Жаман ұшқан жапалақтай аяқ астынан табылады, жағасы оның тайғақ, әркімге ұрынады. Өз пиғылына тоқ, жақсылыққа жоқ. Сөз ұқпай, ұлағат тұтпай, сырт айналып кетеді. Іштей менмен ел арасынан табылмайды, кісіден тартып алғанымен жарымайды. Ниеті арам, өзіне жүк тиетпейді. Жаманның жұғымсыздығынан елдің, әйелдің, сәбидің қанша көз жасы төгілді. Жыраудың тоқтамы: «Күндердің күні болғанда, сол жаман айғақ болар басыңа».

Жақсы мен жаманды адамдық пен күрес өлшемімен салыстырған Шалкиіз жырау тағлымы мол өсиеттер қалдырды. Солардың бірі:

Атаның ұлы ерлерге,
Малыңды бер де басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,

Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма! [1, 53 б.]

Руханилықтың өлшемдерінің бірі ретінде адамның жақсылыққа ұмтылуын айта аламыз. Ненің жаман, ненің жақсы екендігін білу адамның алдынан шығып отыратын үлкен мәселе, ол таңдау еркіндігін туындатады. Жасаған жақсылығыңды айтып, міндетсінуге болмайды, онда ол руханилыққа жатпайды. Бұл жерде шынайы жақсылықты көрсете білу керек

Шалкиіз жыраудың пайымдауынша адамның адамдық қасиеті оның ата тегінде, қоғамдағы орнында ғана емес, жеке басының жақсы не жамандығында. Туған еліне қайырлы, ағайынына мейірлі, досына адал, дұшпанына қатал азамат адам атына лайық болады.

Жауға кисең берен ки
Егеулеген болат өте алмас,
Есендікте малыңды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе
Дұспанның қолы жете алмас, – [1, 44 б.]

деп жырлаған Шалкиіз жырау досқа адал, дұшпанға мейірімсіз болуға шақырады.

Дұспанға беліңді шешіп инанба,
Инантып тұрып өлтірер [1, 50 б.]

Қазақ жыраулары хан ордасында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп, жыр айтқан жыршылары.

Шалкиіз жырау ұғымындағы «жақсы» кім? «Жақсыны» танытар мінездер мен іс-әрекеттер қандай болмақ? сұрақ-

тарының жауабын жырау шығармасынан көреміз. Шалкиіз түсінігіндегі «жақсының» бірі – елге қорған батыр. Ендеше, батырлықты қалай түсінеміз?

«...Жау жолықса жазыда,
Ерлерді өлмей тонар ма,
Ерлер ерке сақтасып,
Арқасына ауыр намыс іс түссе,
Ғазизлеген сұлтан жанын қара пұлға санар ма!»

Яғни, батырлықтың белгісі – елге қатер төндірген жауды тойтару, ел намысын қолдан бермеу, ел намысы жолында «ғазизлеген сұлтан жанын» қиюға әзір болу. Ал батыр қандай болу керек?

«Жебелей жебе жүгірген
Ерлердің арғымақтан игі малы болар ма;
Жағаласса жыртылмас
Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма;
Дулығалы бас кескен
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма!» [1, 50 б.]

Елге қорған батырда намысқа шабар қаһарман жүректің болуы аз, оған қоса, оның астында арғымағы, үстінде берен сауыты, жанында бес қаруы сай болуы қажет.

Халық ежелден бері қастерлеген ағайын арасының татулығы, азамат ердің, рулы елдің алауыз болмай тату-тәтті өмір сүруі – жырау туындыларының негізгі нысанасы. Асылы, әлі тұтасып, іргесі бекіп кетпеген қазақ хандығына қарасты сан ұлыстардан құралған ноғайлылардың бірлігі, кем алауыздығы жыраудың тынышын кетірсе керек:

Бұл-бұл үйрек, бұл үйрек,
Бір тоғайға қоныңыз.
Қарындаспен, туғанмен,
Бір туғандай болыңыз [1, 53 б.]

Осылайша, үнемі достықты, ақпейіл ынтымақты жақтаған жырау енді бірде дос пен қасыңды ажырата біл, көрінгенге сыр шашпа деп, достыққа да немқұрайлы қарауға болмайтынын, адамның аласының ішінде, тереңде жататынын ескертеді. Ел болғасын оның досы да, жауы да болары хақ. Мұндай жағдайда қазақтың бейқам жатуы, хансұлтандардың ел болашағын ойлай алмай бел алдыруы еш құптарлық іс емес. Ел қамын жеген ел басшылары әр кезде жаудың қимылдарынан көз жазбай, сақ болуы керек.

Алып, алып ел сақын,
Аңдып жүрген дұшпаннан жүз сақын!
Күле кіре күңіреніп
Шыққан достан мың сақын! [1, 46 б.]

Жырау сөздері – нақыл сөз, ол болашағы зор, үміт артар жігітті, басына бақ қонар азамат ерді жай баяндай салмайды, оның тұлғасын сомдауға назар аударады. Өмірдің өзгермелі құбылысын, өткінші сырын әр тұста еске алып, тыңдаушысын өкінішсіз өмір өткізуге, ізгілік жолына меңзейді, жан-жануарлардың тіршілігімен салыстырып, өзінше ой қорытындыларын жасайды.

Жырау қай өлеңінде болмасын ел мақсатын, көп мүддесін жоғары ұстайды. Ел билеген басшылардың ақылмен іс қылар адал әмірші боп, жоқ-жітікке қарап, ізгі ниетті, көпке ұнамды болуын қалайды. Шалкиіз сөзге ұшқыр, тілге шешен, ол қандай пікір айтпасын, бәрін де тұспалдап сөйлейді.

Бір жақсымен дос болсаң
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң
Күндердің күні болғанда
Бар ғаламға күлкі етер,

– деп, жақсылық пен жамандықты қарама-қарсы қоя отырып, парасаттылықты, адамгершілік қасиеттерді асқақтата көрсеткен.

Табаны жалпақ тарлан боз,
Тасты жерден шаба алмас,
Тасты жерден тарланның,
Тұяғы тозса жүре алмас.
Бурадан кескен азбанға
Буыршын басып шөге алмас
Бидайық құстың орнына,
Лашын батып қона алмас [1, 48 б.]

Жырау өмір жайлы, достық жайлы, адамгершілік, ерлік жайлы, тіршілік жайлы жыр шерткен. Олар өмір диалектикасына да терең көз жіберген, дүниенің бірқалыпта тұрмайтынын («мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған»), үнемі өзгерісте болатынын дұрыс пайымдаған. Шалкиіз поэзиясында адамгершілік этика, мораль мәселелері кең орын алған. Онда бүгінгі жастар ғибрат, тағлым алар дүниелер молшылық.

Жырау қазынасы ұлттық құндылық. Оның жан дүниесіне жақын ұлттық рухтың үнін жеткізетін жырау идеясы елдің тұлғалануы үшін жаратылған күш. Ол қарапайым идеядан ұлттық идеяның өзгешелігін айырып отырмақ. Адам баласының рухани қалыптасуының, әлеуметтенілуінің қозғаушы күші – бұл қажеттілік. Сол қажеттіліктерді жүзеге асыру бағытында адам өзінің тәжірибесін қалыптастырады. Сол сияқты жырау ел ішінен қоғам алдына кездейсоқ келетін адам емес, жырауды халыққа ұстаз қылатын оның рухы. Жырау заманалық білімнің иесі.

Жыраулар идеясы ғасырлар бойы халыққа білімнің рухын, ғылымның қызметін түсіндіріп келуде. Сапалы білімге, нағыз ғалымдыққа қол жеткізу үшін адам пайымдауды үйренуі қажет. Әрбір жыраудың поэзиясы арқылы ұрпақтың ел тарихын, сол тарихи кеңістіктегі ұлттық интеллигенция өкілдерінің рухани қызметінің бағытын білуі алдымен оның өзін құндылықтарға бағыттайтын нәрсе.

Әдебиеттер

1 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жыраularының шығармалары. Үш томдық (Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев). – Алматы: Жазушы, Т. I. 1984. – 256 б.

Резюме

Ошакбаева Ж.Б. Шалкииз жырау – выразитель национального духа

В статье анализируется творческое наследие Шалкииза жырау, оставившего яркий след в истории казахской государственности. Автор показывает, что сила искусства слова в творчестве Шалкииза имеет огромное нравственно-эстетическое значение, кроме того, его идея повлияла на формирование гуманистических ценностей в казахском обществе. В его творчестве находит отражение образ жизни средневекового кочевника, ощущается боль и сопереживание их судьбам, воспевается добродетель и нравственность, моральный долг и истинная вера, тайна жизни и смерти.

Resume

Oshakbayeva Zh.B. Shalkiiz zhyrau is the spokesman of national spirit

In article the creative heritage of Shalkiiz zhyrau who left a bright trace in the history of the Kazakh statehood is analyzed. The author shows that force of art of the word in Shalkiiz's creativity has huge moral and esthetic value, besides, his idea influenced the formation of humanistic values in the Kazakh society. Medieval nomad's way of life was reflected in his creativity, it was felt the pain and empathy to their destinies, it was told the virtue and moral, a moral imperative and true belief, secret of life and death.

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ТҮРКІ ОЙШЫЛДАРЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ

Бижанова Меруерт Алтынбекқызы,
Алматы Технологиялық Университеті
«Кәсіптік оқыту және қоғамдық ғылымдар» кафедрасының
доценті, философия ғылымдарының кандидаты,
(Алматы қ., Қазақстан)
meru190284@mail.ru

Өткен тарихымызға құрметпен қарап, оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негіздерін айқындауға деген, ұрпақтар арасындағы мәдени-тарихи сабақтастықты жаңғыртуға деген ұмтылыс еліміздің тәуелсіздік алуы барысында мүмкін болып отыр. Ол қазіргі тарихи кезеңдегі қоғамның қажеттілігінен туындап, өркениетті мемлекет құру міндетімен байланыстырылады.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан философиясы өзінің әртүрлі көріністермен сипатталады. Еліміздің тарихындағы көптеген рухани мұраларымыздың түптамыры түркі тілдес тайпалардың ортақ рухани дүниетанымынан бастау алады. Міне солардың қатарына Алтын Орда дәуірін жатқызуға болады. Алтын Орда дәуірінің түркі тілді ойшылдар өздерінің дүниетанымын өрнектегенде кейінгі ұрпаққа әрбір сөзінің мағынасы жететіндігін толық түсінген іспетті. Сондықтан көбінесе өлең жолдарымен айтылған философиялық тұжырымдар бірте-бірте терең ойлы ментальдік құрылымдарға айналған, халықтың этикалық санасының деңгейін көтергенін байқаймыз. Әрбір жырдың, ойшылдың шығармасының осындай метафизикалық астары бар, тек соны айқындай түсінуімізге тиістіміз.

Еуразия құрылығының жартысынан көбін қамтыған Алтын Орда мемлекеті кезінде көшпелі және отырықшы тұрмыс салты аралас дамыған мемлекеттердің бірі болды. Алтын Орда мемлекеті адамзат тарихында, әсіресе Түркі халықтарының тарихында үлкен рөл атқарды. Оның

алып жатқан кең өлкесі Дешті Қыпшақ деп аталып, қоғам өміріндегі барлық саласында терең тарихи ізін қалдырды. Осы кезеңде Моңғолиядан Дунайға дейінгі аралықта өмір сүрген халықтардың бір-бірімен арақатынасы дамып, саудасаттық, дипломатиялық істері жанданып, қалалар салынды.

Көне Түркі мен қыпшақ-оғыз дәуірінде қалыптасқан рухани мәдениет құлдырамай, бұрынғы мәдени дәстүр қайта түлеп, жаңаша даму жолына түсті, сөйтіп, өз жалғасын тауып, жазба түрдегі біраз шығармалар жазылды. Солардың қатарында Хорезмидің «Махаббатнамасы», Сәйф Сарайидің «Гүлстан би-т-түрки», Құтып «Хұсрау-Шырын», Дүрбектің «Жүсіп-Зылиха» дастандары ерекше мәшһүр болды. Сондайақ, Насреддин Рабғузидің «Қиссас-ул әнбия» деп аталатын прозалық шығармасы да кең тарады. Қыпшақ тілінің сөздігі – «Кодекс куманикуста» сол заман талабына сай өмірге келген туындылардың қатарына жатады.

Бұл ғұламалардың дүниетанымын, философиялық жүйелерін тереңдей зерттеу мәселесі әлі де күн тәртібінде тұр. Жалпы тарихи сабақтастың құрамдас бөлігі болып табылатын Алтын Орда дәуірінің өзіндік әлем туралы түсініктері болғанына күмән туғызуға болмайды және осы факторға жеткілікті деңгейде назар аудармай келесі ғасырларда дүниеге бой көрсеткен атақты түркі ғұламаларының шығармашылығының түпнегіздерін пайымдау қиын.

XIV ғасырдағы түркілік терең ойлы ақындарының қатарында аталатын Сәйф Сарайидің жеке өмірбаяны туралы мәліметтер аз болғанымен, біздің ғасырымызға дейін рухани мұра болып жеткен «Гүлстан би-т-түрки» шығармасының маңызы зор деген ойдамыз. Онымен қоса «Жәдігернама», «Сүһаил мен күл дірсін» атты шығармасы да қазіргі заманымызға дейін жетіп отырғанын айта аламыз. Сәйф Сарайидің шығармашылығында поэзия мен проза қатар болғаны және олардың бірін-бірі толықтырғаны белгілі. Өйткені, бұл еңбектер нағыз этикалық принциптер негізінде жазылған шығармалар қатарына жатады.

Ақын адам бойындағы ең асыл қасиеттерді әділдікті, мейірімділікті, ізгілікті, жомарттықты, т. б. мадақтайтын

қызықты хикаяларға көбірек назар аударғанын байқауға болады. Оның хикаяттарында достықтың қадірін көтеру, әрқашан жақсылық үшін қызмет етуге дайын болу сияқты ойлар молынан байқалады. Ойшылдың бұл ойларын төмендегі шумақ дәлел болады:

«Қиын күнде қол ұшын берген – нағыз дос,
Жайшылықта доспын деген – жай сөз.

Дос – зынданда жатқанда керек,
Дастархан үстінде – дұшпан да дос» [1, 466] – деп дұшпан мен пен достың айырмасын білуді ескертеді.

Қазақ философиялық ойының көтерген басты мәселелерінің бірі адамның рухани жетілуі болып табылады. Ол үшін адамға өз нәпсісін тыю басты қағидаттардың бірі. Солардың ішінде қанағат, нысап сияқты қасиеттер жайында С. Сарайида өз шығармашылығында зерделеген болатын. Ойшылдың:

«Ашкөз адам бар жаһан малына тоймайды,
қанағатты адам бір үзім нанға тояр.

Мол мүлік жинап бай болғаннан гөрі,
қанағат қып бай болған жақсы» [1, 468] – деген ойлары қазіргі замандада өзінің маңызын жоғалтқан жоқ.

Міне, осындай даналық тағылымдарынан құралған хикаяттардың біздің жаңғырған технологиялық құндылықтар заманымыз үшін философиялық сипаттама ретіндегі құндылығы зор деген ойды тұжырымдаймыз.

Шығыстың XIV ғасырдағы түркілік терең ойлы ақындарының қатарына Хұсам Кәтибті жатқызамыз. Жеке өмірбаяны туралы мәліметтер аз болғанымен біздің ғасырымызға дейін рухани мұра болып жеткен «Жұмжұма сұлтан», «Жәһаннам» жырларының маңызы зор деген ойдамыз. Өйткені, бұл еңбектер нағыз этикалық принциптер негізде жазылған.

Бұл шығармалардың терең ойлары өмірдегі философиялық іргетастарды, мәндік негіздерді іздеуден тұрады. Хұсам Кәтиб өзінің оқырманымен сұхбаттаса отырып «Дүниеде мәңгіге жаралған нәрсе бар ма?» деген сауал қояды. Кезінде ұлы пайғамбарлар болған пенделер қайда, ғашықтықтың теңізінде жүзіп жүрген кейіпкерлер қайда, батырлар мен байлар қайда? дей келіп, әлемнің жартысын билеген Шыңғыс хан да өткен жоқ па бұл дүниеден деген тұжырымды келтіреді. Түрікменнің атақты ақыны Мақтумкули де осы мағынада шығармашылығын өрбітті.

Міне, осы жағдайдың өзі өмірлік қағида екенін жақсы түсінген Хұсам Кәтиб өмірден түңіліп, бұл дүниені жалған екен демейді, керісінше, болашаққа жасампаздықпен қарайтын ойды ұсынады:

Келдің дүниеге – кетпек керек,
Бар күшің жеткенше жақсылық етпек керек [2, 383-384].

Әрбір адам бұл дүниеде өзінің барлық қабілетіне қарай жақсылық жасауды мақсат тұтса, онда әлеуметтік болмыс жетіле түсеріне ақын сенімді. Ал, енді жамандық жасаудың ақыры адам үшін тозақ азабына түсу екендігін өз замандастарына да, кейінгі келген жас ұрпаққа да ескертеді ортағасырлық ойшыл.

Сөйтіп, ақын Жұмжұма сұлтанды сөйлете отырып, өз заманының ғана емес, одан кейінгі ғасырлардың мықтымын деген пенделеріне данагөйлікпен ескертпе жасайды. Адамның мәні табиғи әлсіздігін қанағаттандыруда емес, рухани дүниесінде екендігіне жақын емеурінді білдіреді, оқырманын ойлантады, өзі де бірге ойланады. Сондықтан әрқайсымыз бұл дүниеде рухани биіктеген сайын өмір ұсынған сынақтардың қиындарына үнемі дайын болуды үйренуіміз керек деген даналықты ұмытпағанымыз жөн сияқты. Сонда бақытты болудың да, өмірдің нұрлы болуының да есігі ашылады.

Жалпы түркі әлеміне дүниетанымдық маңызы болған әдеби ескерткіштерінің ішінен діни-исламдық тақырыпта

жазылған Рабғузидің «Қисас-и Рабғузи» немесе «Қисас-ул анбийа» атты еңбегі ерекше орын алады. Бұл шығарма әрі этикалық, әрі экзистенциалдық ұстанымдарды өзіне негіз еткен туынды.

Рабғузидің «Қисас-ул әнбийасы» ислам өркениетінің аясында дүниеге келгендіктен сол кездегі жазба әдебиеттің дәстүрлі шарттарын қатаң сақтап отырған. Ислам дінінің кең қанат жайған ортағасырлық шығыс мұсылман әдебиетінде шығарманың басында міндетті түрде әуелі бүкіл болмысты жаратқан жаратушыға мадақ айтып, одан соң пайғамбарға салауат айтылады

Адамның оң қасиеттерінің ішінде Рабғузидің көп мән берген сипаттарының бірі – сабыр. Адам баласы түрлі қиындыққа тап болғанда, ақылды, ашуға жеңдірмей сабырлы болуға, өткен қателіктерге сабырмен қарауға керектігін айтады. Жүсіп Зылиханың жаласына ілігіп, дәрменсіз күй кешкенде: «Ей, Жүсіп бәлеге іліккен екенсің, сабыр ет, ізгі атың шықсын. Жақып пайғамбар екі ұлынан айырылып, Жүсіпке хат жазады: «Біз пайғамбар ұрпағымыз. Аталарымыз бабаларымен бірге бәлеге шырмалған едік. Атам Ысқақ пайғамбар Алла жарлығымен бауыздалды: үлкен атам Ибраһим пайғамбар Намруд отына күйді. Менде екі ұлымның қайғысына душар болдым. Бірісін бөрі жеді және бірін ұрлық қылды деп алып қалыпсың. Бізде ұрлық етер кісі жоқ.... маған рақым қыл, жарылқа, көзімнің жарығы ұлымды қайтар. Саған ізгі дұға етем: Бұл дүниеде ізгілік көр, ол дүниеде күнәден құтыл. Біздің көңіліміздіауыртпа, тілегімізді зая етпегін, саған жақсы болмас, Егер жібермесең, бір түнде ерте тұрып саған қарай тағы дұға оқып жіберемін. Сен және мемлекеттен, қол астындағы елден жоқ боласыңдар» дейді, Жүсіп бұл хатты алып мынандай жауап жазады: «Аталарың қалай сабыр етсе, сен һәм сондай сабыр ет» [3, 179-184 бб].

Рабғузи жақсылықтан үміт етсең, сабыр ет. Алла сабырлықты сүйеді, әр қасіреттің соңы қуаныш деген ойға тоқталады. Бұл дүниені үйлесімділік заңы билейтіндігінен хабардар ету деседе болады. Кісінің бойындағы жақсы-

жаман қасиеттері мен іс әрекеттері неше түрлі қысқа да қызық қисса әңгімелерде беріледі. Оларда достық қастықты, қарапайымдылық мақтансүйгіштікті, адалдық арсыздықты, әлсіз әлдіні жеңіп салтанат құрып отырады. Міне осы екі әлемнің арасында қайшылық тиімді шешімін тауып жатады.

Құтып ақынды қыпшақтар арасында « Құтбы» немесе «Құтып шайыр» деп атаған. Ақынның өмірі жайлы мәлімет жоққа тән. Құтыптың біздің дәуірімізге дейін сақталып қалған жалғыз шығармасы бар. Ол «Хұсрау -Шырын» дастаны. Бұл шығарма – әзірбайжан халқының кемеңгер ойшылы, ұлы ақыны Ілияс Жүсіпұлы Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасының аудармасы. Оны түпнұсқадан парсы тілінен қыпшақ-оғыз тіліне аударған – Құтып. Әзірбайжан халқының кемеңгер ақыны Низамидың «Хұсрау мен Шырын» поэмасын Құтып қыпшақ-оғыз тіліне 1341-1342 жылдары аударған.

Әр халық мақал-мәтелдерге үлкен мән беріп, күнделікте өмірде даналықтың белгісі ретінде қарастырып келген. Бір-біріне қарама-қарсы тұратын екі күштің байланысы бар екенін, олардың бір-бірімен оңайшылықпен ымыраға келмейтінін «Жараспас барша жерде от пенен су» деген мақалы арқылы жеткізеді. Осы екі қарсыластық белгілі бір үйлесімдікті ұстап тұрғандай. Шынымен су көбейіп кетсе от сөнеді, от қатты жанса су буға айналады. Осы мәселеге екінші бір мәтел сөзден жауап тапқандаймыз:

Қазан астында от болса қайнамас па,
Егер де көп қайнаса, ас айнымас па.

Әрине, ретсіз көп қайнаған астың дәмі қайдан болсын. Сол сияқты әр нәрсенің өзіндік ішкі шамасы болуы қажет [2, 375-376]. Құтып жалпы білімнің пайдасын, надандықтың зиянын туралы айтқан ойлары керемет даналыққа толы. Әрбір адамның бақыт жолына білім-ғылыммен жететінін, надандық ақылсыздық пен бостыққа апаратындығын көрсетеді. Ақын білімнің адамның ажырамас бөлігі екенін түсіндіруге тырысады.

Білімді інжуді дариядан іздер,
Табар топырақты жер үстінен іздегендер [4, 223],

– деп адам оқыған сайын жақсы нәрселерді іздейтінін көрсеткен.

Біліктіні білгені үшін сыйлайды,

– деп білімнің пайдасының айрықша мол екенін түсіндірген Құтып оған ұмытылғанның алды жарық болатынын айтады. Осындай ұлылықпен айтылған ортағасырлық ғұламаның сөздерінде керемет ойлар жатыр.

Түркі әлеміне енген рухани негіздерді түсіндіруде бұл еңбектердің құндылығы зор демекшіміз. Әрине, ойшылдардың басқа да шығармалары жарыққа шығып, халқымыздың рухани дүниесін байыта түсе береріне сенімдіміз. Сол мақсаттағы әрекеттер болашақ ғылыми зерттеулердің үлесінде. Бұл талпыныстар түркі тілді халықтардың интеллектуалдық күшін біріктіруіне тәуелді іс болып табылады.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап отандық ғылымдар өткен тарихымыз бен мәдени мұраларымызды қайта зерттеп, үлкен бетбұрыс жасалды. Түркі ойшылдары өздерінің даналыққа толы шығармалары арқылы әлемдік өркениетке ұшы қиырсыз үлестерін қосты.

Әдебиеттер

1 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 20 томдық. Ортағасырдағы түркі ойшылдары. 5 том. – Астана: Аударма, 2005. – 562 б.

2 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 1 том / З. К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 391 б.

3 *Асқарова Г.С.* «Шыншыл Жүсіп» қиссасының көркемдік ерекшелігі // Ұлт тағлымы 2003. – № 3.

4 *Құтып* // Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б. Аударған Ә.Ибатов.

Резюме

Бижанова М.А. Этические назидание тюркских мыслителей эпохи Алтын Орды

В статье рассмотриваются философско-этические и ценностно-смысловые аспекты творчества выдающихся тюркских мыслителей эпохи Золотой Орды. При помощи герменевтического анализа раскрываются содержательные, текстуальные, художественные, а также смысложизненные и этические основы их духовного наследия.

Summary

Bizhanova M.A. The Ethical edification of Turkic thinkers of the Altyn Orda

The article discusses the philosophical and ethical and value-semantic aspects of the work of prominent Turkish thinkers of the Altyn Orda. With the hermeneutic analysis revealed substantial, textual, artistic, as well as the purpose of life and the ethical foundation of their spiritual heritage.

КӨШПЕЛІ БАБАЛАРЫМЫЗДЫҢ БОЛМЫС ТАНЫМЫ

Бегдаулетова Қарлығаш Дүйсенбековна,
ОҚМПИ-ның әлеуметтік пәндер кафедрасының доценті м.а,
философия ғылымдарының кандидаты
(Шымкент қ., Қазақстан)
Karligash_15@mail.ru

Көшпелілік – кең аймақтағы және ұзақ мерзімдегі тарихи құбылыс, әлеуметтік қозғалыс, өркениеттің ықшамдалуы. Өркениеттің бұл жағдайында табиғатқа бейімделу – бас кәде, табиғатпен тілдесу – күнделік қажеттілік деген жалпы түсінік айқын. Расында, мал-жанымен бірге тұрып, бірге жүрген жұрт өмір бойы табиғилыққа тәнті болды. Табиғилыққа тәнтілік – өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктен және атамекенге деген ынта-ықылас әрі сүйіспеншіліктен туындады, сондай ішкі ұстанымнан демеулік тапты.

Көшпелі өз танымының нәтижесінде табиғатқа және әлемге деген құрметтен махаббатқа ұласады. Ол үшін әлем – жанды, киелі ишараттар дүниесі. Осы ишараттар арқылы табиғатты ақиқатқа ұластыратын күш деп қарап, оны қорғауды, сақтауды парыз санайды. Табиғатпен тікелей араласқан, жүрегімен жарасқан адам оның байлығы мен кереметін таза эмоциялы-эстетикалық тұрғыдан қабылдады, дара идеялық-эстетикалық бітімді өзіне жанды эмоциялық әсермен дарытып жеткізді. Айналасын қоршаған болмыстың тегіне көз тіккен адам оның тарихи-әлеуметтік орны мен рухани өмірдегі рөлін мейлінше кең, дәл жеткізуге ықылас танытты.

Қазақ қоғамының құрылымы көшпелілік тұрмыстан бастау алады. Көшпелілік тек қазақ халқына ғана тән дәстүр емес, әлем халықтарының бастапқы өмір сүру салты дәл осы көшпеліліктен басталған. Яғни, жоғары өркениетті елдердің барлығы дерлік отырықшылық салтын нәсіп еткендіктен олардың көшпелі халық болғандығы ұмыт қалған. Ал, көшпелілік салтын сақтап қалған қазақтар үшін бұл ұғым

өте құнды. Себебі, бір кездері халқымызды қаралаған да, бүгінде даралаған да – Көшпелілік. Өйткені, еліміз дәл осы көшпелілік үшін отырықшы халықтар тарапынан тарих бетіне «жабайылар» деген атпен еніп, мәдени халықтар арасынан аластатылса, бүгінгі күні керісінше, дәл осы көшпелілік салты үшін өзге халықтар арасынан ерекшеленіп, танымал болып отыр. Қазақ даласында орын алған көшпелілік – қазақ қоғамына тән әлеуметтіліктің бір түрі, ал, көшпелілік типтегі қоғам – номадизм. Белгілі ғалым А.М. Хазановтың пікірінше, «номадалар» терминінің мағыналық ауқымына ғалымдар тарапынан әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Бұған дәлел тағы да ғалымның төмендегідей ой-тұжырымдары. Аталмыш терминді қолдануда екі тенденция қалыптасқан. Біреулері үшін номадалар – өздерінің шаруашылық ерекшеліктеріне қатыссыз, қозғалыста өмір сүретіндер болса, басқалар үшін – отырықшылықпен мүлдем айналыспайтын, қозғалмалы және экстенсивті мал шаруашылығымен айналысатындар [1]. Олай болса, зерттеуімізге негіз болып отырған көшпелілер жоғарыда аталып отырған тенденциялардың қайсысына жақын екені айқын байқалып тұр. Тіпті бұл пікір әлі күнге дейін ғалымдар тарапынан осылай қарастырылып келе жатқандығы да белгілі. Сонымен көшпелілерге тән номадалар түсінігіне кеңінен тоқталып өтейік.

Номадизм – көшпелілердің шаруашылықпен байланысты тіршілік әрекеттерінің негізгі формасы, далалық өркениетке тән ерекшелік, далалық шаруашылықтың, далалық өмірдің бір ғана көрінісі. «Номада» сөзінің өзі кеңістікте орналасқан адамдандырылған топтар деген мағынаны білдіреді. Кеңістікті тұтастай иелену көшпенділердің мекендік қағидасына, ал, кеңістікке адамдық мәдени сипат беру олардың тіршілік әрекеттерінің болмыстық тірегіне айналды. Яғни, номадалық мәдени кеңістік, игерілген әлемнің өрісін ұлғайтып, адамзатқа бұрын дес бермеген жаңа территорияны меңгерумен байланысты. Олай болса, көшпелілік тек малшылықтың жалғасы емес, ол осы тәсілді жаңа жерге жалғастырып, бұрын экономикалық айналымда болмаған

қонысқа ие болумен қатысты. Номада жай жазық далада емес, ата-бабаларының қонысы болған, кіндік кескен киелі жерлерде өмір сүрді. Кең Дала төсінде қымсынуды, таршылықты білмей өскен көшпенді қазақ малдың соңынан ығып жүре бермейді. Оның кеңістігі тұрақты, бөлінген және қайталанбалы сипатта болады. Мысалы, жыл мезгілдерінің өзгермелілігіне байланысты қыста қыстауға, көктемде барлық тіршілік атаулы жаңарып, түлеп жатқан кезеңінде көктеуге, жазда жайлауға, күзде күзеуге көшу жайдан-жай жасалатын нәрсе емес. Аталғандардың барлығы көшпелілерде мал бағудың өзіндік технологиясы болғандығына айғақ бола алады. Бұл турасында Зардыхан Қинаятұлы былай деп айтып өтеді: «жыл мезгілдерінің уақыттық бөлінісі қазақ арасында дүниетаным тұрғысынан ертеректе тарағанымен көшпелілік өмірі өз бабымен жүрді. Мал шаруашылығы «өндірісінің» өзіндік уақыт айналымы болды. Ол қыс қыстау, мал төлдету немесе көктем, жаз жайлау, күз күзеу – күйек алу, қыстауға қону, соғым сою деген негізгі айналымнан тұрады. Әр мерзімнің өзіндік өндіріс айналымы бар. Күйекті ерте алсаң мал ертемен туып, төл шығынға ұшырайды, кеш алынса мал қысырап, арамза көбейеді, қыстаққа уақытында жетпесең, жаңа жолда жұтайсың, жазда жалқаулыққа берілсең, қыстың қылышына ұрынасың, пішенге кеш кіріссең буыны қатқан шөп шабуға келмейді және нәрінен айырылады, міне осының бәрі мал шаруашылық өмірінің уақыт үйлестігін өзінен-өзі аңғартып тұр» [2]. Сонымен халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің тұтастығы шаруашылықты жүргізудің жоғарыда аталып отырған ерекше түрімен анықталды. «Көшпелілердің өмір салтының тірегі, негізі – мал. Қазақ малы табиғаттың ыңғайымен қозғалады. Қысы жылы, көктемі сулы, жазы жемісті, күзі шұрайлы болса, қазаққа одан артық табиғаттың сиы болмас. Ендеше, қазақтың жанымен бірге жүретін мал атаулының да құдіреттілігі табиғатқа келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың мал дегені, дүние – мүлік деген ұғым беретіні міне сондықтан. Қазақ өмірінде адамның аруақтылығы ақылымен қоса малымен есептелінеді. Ата-

бабаларымыздың жөн сұрасып, қол алысқандағы алғашқы сөзі «Мал-жан аман ба?» деген аталы сөзбен амандасудан басталады. Бұл әр халықтың өмір сүру салтын білдіреді», [2] – деген Зардыхан Қиянатұлының тұжырымдары ойымызды толықтыра түседі.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтаған тарихи тәжірибесіне сай ұлттық тарих философиясы қалыптасады. Рухани сана үшін ең үлкен қауіп тарихи есті жоғалту болып табылады. Ш. Айтматов оны «мәңгүрттену» деп атаған. Өркениетті адамзат өзінің мәдени мұраларын қорғауға, мәңгүрттену үрдісіне түсіп кетпеуге үлкен мән береді.

Қазақ тарих философиясы тек көшпелі ауызекі мәдени ареалда қалыптасты деу сыңаржақтылыққа жатады. Қалыптасқан бірыңғай ұлттық тілдің жазба дәстүрі болуы – халық мәдениетінің, өркениетінің дамуындағы алғы шарттардың бірі. Тіл әрбір халықтың ерте кездерден бергі өніп-өсуінің, дамуының, бүкіл болмысының құдіретті көрінісі. Тілдегі әрбір сөздің ар жағында сол халықтың тіршілік-тынысы, салт-санасы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, басынан өткен қилы-қилы заманның белгісі, тарихы тұрады. Демек, оны халық болмысының айнасы деуге әбден болады. Тілсіз тарихи сана жоқ. Тарихи сана кез-келген халықтың бүгінгі болмысын, арманын, алдағысын, кешегісін, келешегін бейнелейді. Сондықтан оның қалыптасуы ұзақ уақытты, бірнеше ғасырларды, тіпті мыңжылдықтарды алып жатады. Қазақтың тарихи санасы да солай дамыды. Ол Еуразия құрылығының керіліп жатқан кең даласын мекендеген қыпшақ, қаңлы, үйсін, арғын, алшын, керей, дулат, қоңырат, найман сияқты тегі бір, түбірі туыс ру, тайпалардың рухани дүниесі арқылы қалыптасып, уақыт сынына төтеп берді. Оның електен өтіп, артынша сұрыпталып, сындарлы сапаға ие болуында қыпшақ тілінің айырықша рөлі зор. Осы тілде жазылған ежелгі қазақ жерін жайлаған халыққа, тайпаларға түсінікті жазба мәдениеттің бір нұсқасы XVI-шы ғасырда жарық көрген «Кодекс Куманикус» атты еңбек болды.

Ал жыраулар құбылысы – ауызекі дәстүрдің жемісі. Бұл дәстүр бұрын аңыз, ертегі, эпос тағы сондай дүниелер

туғызса, орта ғасыр кезеңінен бастап (мүмкін бұл дәуірдің біздің заманымызға біршама жақындығынан да болар) аса құнды деректер сақтаған далалық ауызекі тарихнама мен ауызекі дәстүрлі әдебиет туғызған.

Әрбір халық тарихи даму кезеңінде өз болмысын ойлау жүйесі, жеке дүниетаным арқылы зерделейді. Ұрпақтан ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізу ұлттық құндылықтардың тұрақты жүйесін жасайды. Сыртқы дүниедегі өзіне ұқсас қоғамдық өлшемдерді ішкі қажеттіліктерге жаратып тарих философиясы негіздерін қалыптастыруға мүмкіндіктер ашады. Дүниетанымның негізгі мәні дүниені тануда емес, оның мәнді мақсатын адамға байланысты пайымдау. «Жаһан ішінде дүниенің әр бұрышын кездім мен, – дейді Қ. Жалайыр. – Көп кітаптар оқып, көпті білдім мен. Әділдік пен ынсаптың хабарын да көрдім мен» [3, 19 б.]. Бұндай «тарихи рефлексия кез келген заман келбетінен жекелей, немесе кісілік рухты бөліп алады». Осы мәселені арнайы зерттеген белгілі батыс философы К. Ясперс былай деп атап өтеді: «Орталық Азиядан Қытайға, Үндіге, Батыс елдеріне жаугершілікпен жеткен көшпелі халықтарға (олардан ежелгі ұлы мәдениеттер жылқыны пайдалануды үйренген еді), дәл осындай үш бағытта оның септігі тиді: аттың үстінде осы көшпелі халықтар әлемнің кеңдігін танып білді. Олар ежелгі ұлы мәдениетті мемлекеттерді жаулады. Қауіпті іс-әрекеттер мен жойқыншылықтар оларға болмыстың нәзіктігін түсінуге көмектесті; билеп-төстеуші нәсілдер ретінде олар дүниеге батырлық пен зәбірлік санасын қоса әкелді, «бұлар өздерінің эпостарында бейнелерін тапты» [4, 46 б.].

Көшпелі бабаларымызға тән болған болмыс танымы бірнеше ерекшеліктерден тұрады. Бірінші, кеңістік уақытқа қарағанда жоғары орында, сондықтан да кеңістіктік ойлау басымырақ келеді. Аспанның мәңгілігі, адамның оған жақындығы ғарыштық түйсікті қалыптастырды. Дегенмен негізгі ерекшелік – ол кеңістік-уақыт екеуінің бірлігінде, уақыт қозғалысы адамның өткені, тарихын кеңістігін түсініп, сол арқылы, өмір мәнін ашып көрсету. Осы екі өлшемнің

ара қатынасын қосып, анықтап тұрған ұғым, ол «тарихи ес». Қазақ даласында көне дәуірлердің 25 мыңнан аса тарихи жәдігерлері жинақталынды. Ата-бабаларымыздың өткен өмірі туралы бұл мәліметтер мен құндылықтар елдік пен ерліктің іздері десек те, онда көшпелілік салттың нышандары басым. Көшпелі жанның мінез-құлық ерекшелігі неде? Ол туған жер мен өскен ортаның күнделікті тіршілігіне ыстық ықылас, жарқын жүзімен, ақ ниетімен амандасып, жарық дүниеге тағзым ете мекен-жайымен бірге оянды. Тағы бір ерекшелігі, өз тарихын екшеу ұрпақтардың уақыт арқылы дамуын, ішкі мәндерін Жер мен Аспан кеңістік өлшемдері арқылы айқындап отырып, ата-баба аруағын дүниені танудың кілті ретінде қабылдауы.

Ұлтымыздың санасында терең орын алып отырған «Жеті ата», «ата-бабалар», «немере-ағайын» деген ұғымдар баршылық. Оларды былайша сабақтайды: «Жеті ата: Әке, ата, Әз ата (Бұлар аталар), баба, тектін, төркін, түпқиян (Бұлар бабалар). Жетеуі бірігіп ата-бабаларды құрайды. Немере ағайындар: бала, немере, шөбере, шөпшек, шөбере. Жамағайын: туажат, жүрежат, жекжат, жұрағат, жамағат. Қалыс ағайындар: Өркен, Әулет, Зәузат, Жаран, Қалыс. Осыдан келіп жеті ата-жүз жетпіс бес жыл, онбес ата үш ағайын үш жүз жетпіс бес жыл, барлығы қосылып бес жүз елу жыл қазақ халқының тарихы болады екен.

Ата-баба ойлау жүйесі бөлектенушілікпен, ішкі дүниесінің оқшауланумен ерекшеленіп, оған, жалпы мәні бар универсалды құндылықтарға қарағанда символ көбірек тән. Болмыс шындығы жеке адам болмысы, ал даналық адам санасындағы жоғары мәнін тауып жатады. Сонымен бірге ерте заман, ата-баба рухы алдында бас иеді. Ерекше руханилық шығыс адамының мәдени санасын іштей нұрландырып тұрады. Өзіне тән тарих философиясын жасады: өз тарихи дамуының ерекшеліктерін, әрбір заманның мәдениет үрдісінің болмысын ескере отырып, номадтық мәдениет теориялық концепцияларын орнықтырды. Оның негізінде дүниені рухани-көркемдік қабылдау жатыр.

Көшпелі өмір салты уақыт пен кеңістік жөнінде өзінің қатаң заңдылықтарын қалыптастырды. Кеңістік байлығы мен уақыт ырғағында әлеуметтік тәжірибе қалыптастырған түсінік пен ой тұжырымы арқылы тұрақты ұғымдар сомдалып кесектелді. Бұл тұрақтылықтар – халықтың болмыс пен сана сезім арқылы бізге жаңғырып жеткен кеңістік пен уақыттың тұрақты параметрлік өлшемі болумен бірге сөйлеу тілінің образды бейнесін қалыптастырған рәміздік сөз тіркестері: «Сүт пісірім уақыт», «бие сауым уақыт». Көшпелі бабаларымыздың дүниетанымында уақыт пен кеңістік қатынасын түсіну үшін оның табиғи мүмкіндіктерін ескергеніміз жөн.

Дүниені, әлемді үздіксіз күрес ретінде қабылдасақ та, оның түрлерінің бірлігін, ұдайы қозғалыс пен ұзақтықтың біртұтастығын ұғамыз. Түркілер кеңістік пен уақыт әлемінде күнге, айға және жұлдызға үлкен мән бергенімен, Көк тәңірі жаратылыстың ең жоғарғы анықтаушысы болып қала берді. «Шыңғыс хан доңыз жылы туды, түрікше күн есебінде жетпіс екі жыл өмір кешті. Және тағы ай есебінен жетпіс бес жыл өмір кешті. Ай есебінен әр отыз жылда бір жыл тафаут (қосылады) етеді. Барша моғол түрік есебімен есеп қылады» [3] – дейді Қадырғали.

Қазақ аңыз, ертегілерінің ой туғызар дүниетанымдық тұстары олардың адамды бірінші орынға қоя білуінде, оны ең басты киелі күш деп ұғынуында. Табиғаттың тілсіз күштерін мифтік ойлаумен образдап, соған адам әрекетін қарсы қоятын қиял-ғажайып аңыз ертегілері осы ізде туған.

Көшпелілер үшін философия пән болған емес, ол олар үшін өмір салты, болмысы. Қазақ философиясының өмір сүруі, ол белгілі бір жоғары философиялық деңгейге көтеріліп барып өмір сүрді.

Қазақ философиясының өзіне тән ерекшелігі – адам, бақыт, көркемдік, сұлулық, өмір мен өлім, дүние, әлем, болмыс пен батырлық, адам мен табиғат үйлесімі мәселелері қазақтың фольклорында өзінің молдығымен, көркемдік сұлулығымен, тарихи деректілігімен, сыршылдығымен орын

алды. Егер де біз қазақ философиясын дамыту барысында тағы да батыстық үлгілермен кетсек қателесетін сияқтымыз. Біз түркілік төл дәстүрімізді сақтай отырып, ұлттық ойлау, ұлттық болмыс өзгешелік-ерекшеліктерімізді нығайта түсіп, қазақ философиясын Шығыс философиясының үлкен бір саласы ретінде қалыптастыру, сол деңгейге көтеру болмақ.

Көне заманда адамдарды күн сайын рудың немесе тайпаның дүниетанымдық ұстанымына адалдығын дәлелдеп отыруға мәжбүр етті, өйткені тіршілік етудің ауыр және қатал жағдайлары руластардың әлеуметтік бағдар мен салттардан бұлтаруына жол бермеді, әйтпесе оларға рудан аластауы, көп жағдайда мұның арты өлімге апарып соқтыратын еді. Дүниені сезіну айқындала түсті, дүниені түсіну айқын әрекеттерге итермеледі, дүниетаным нақты жағдайдан туатын, шын айқын болды. Табиғат дүниенің аяқталған қалыпты жағдайы, ал адам табиғаттың бір бөлшегі ғана болды.

Қазақтардың арғы тектерінің дүниетанымы қалыптасуында ерекше рөл атқарған генотеизм діннің атауы ретінде ғылыми қолданыста да, тұрмыстық қолданыста да әртүрлі мағынаға ие. Белгілі бір пайғамбарлар немесе оның ізбасарлары арқылы негізгі қаланған діндердің көпшілігімен салыстырғанда генотеизм ертеде пайда болғанына қарамастан, халық дүниетанымының негізінде табиғи, тарихи жолмен қалыптасқан дүниетаным болып саналады. Онда адамның қоршаған табиғатқа, оның тылсым күштеріне деген қатынасымен байланысты ерте діни және мифологиялық көзқарастар да ерекше орын алады.

Генотеизм адамзат қоғамы дамуының ерте кезеңдерінде материалдық өмір мен ұжымдық сананың жалпы заңдылықтары шеңберінде табиғи жолмен пайда болып, қалыптасты. Генотеизм ұрпақтан-ұрпаққа ауызша және визуалды дәстүр арқылы жеткізіліп сақталды және бұл бүгінгі ұрпаққа осы дін туралы белгілі бір түсініктің болуына мүмкіндік береді. Қазақтар мұсылман болғанымен дәстүрлі шамандық наным-сенімдерін, ерте түркілерден тарайтын Тәңірге, Ұмайға, Жер-Суға табынушылықтарын сақтап қалды. Қазақ

шамандары (бақсылары) өздерінің құрбандық шалуын мұсылман пайғамбарлары мен әулиелеріне жалбарынудан, мұсылман сүрелерін оқудан бастады және аяқтады. Ш. Уәлихановтың айтуынша «Ғаламның барлық ғажайыптарын тану қажеттілігі, өмір мен өлім мәселесі және адамның табиғатқа қатынасы шамандықты, яғни Ғаламды немесе табиғатты және өлген адамдардың рухын қастерлеуді тудырды».

Әрбір халықтың рухани мұрасында әлемдік мәдениеттің жалпы қазынасын байытатын құнды ойлар болатыны белгілі. Халықтың бай рухани мұрасын зерттеу тек осы мәселені зерттеушілер үшін ғана маңызды емес, сонымен қатар бүгінгі күнгі адамдардың өзара адамгершілік қатынастарын дұрыс пайымдау үшін де қажет, болашақта адамзаттың адамгершілік процесінің заңдарын дұрыс түсінуге көмек береді. Жалпы, көшпелі бабаларымыздың дүниетанымын, болмыс танымын зерттеудегі мақсат – өз болмысымызды түсінудегі олқылықтарды және түсіндірудегі кемшіліктерді болдырмау, өзіміздің тұлғалық бейнемізді қалыптастыру және еліміздің рухани түлеуінің құндылықтарын ғылыми айналымға қосу арқылы қазақ пен Қазақстанды басқа халықтарға таныту.

Әдебиеттер

1 *Хазанов А.М.* Кочевники и внешний мир. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 491 с.

2 *Қинаятұлы З.* Жылаған жылдар шежіресі. – Алматы: Мерей, 1995. – 297 б.

3 *Қадырғали Жалайыр.* Шежірелер жинағы. – Алматы, 1997.

4 *Ясперс К.* Смысл и назначение истории. – М., 1991.

Резюме

Бегдаулетова К.Д. Познание бытия предков-кочевников

В статье излагается формирование национальной исторической философии казахского народа, которая опирается на вековой исторический опыт. Казахская философия рассматривается с точки зрения особенностей исторических фактов. В данной статье рассма-

триваются такие философские понятия, как время, пространство, движение, сознание, которые представлены в качестве характеристик миропознания кочевнической культуры.

Summary

Begdauletova K.D. The Cognition of Nomadic Ancestors Being

This article states the formation of the national historical philosophy of the Kazakh people, which bases on century secular historical experience. The Kazakh philosophy is consider from the point of view of the peculiarities of the historical facts. In given article are considered such philosophical concepts as time, space, movement, consciousness, which are presented as characteristics of world-view of the nomadic culture.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ

Орда Гүлжаһан,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы
orda_68@mail.ru

Елбасы: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын. Қазақ халқының тарихына көз жіберсек, сан ғасырдан бері ата-бабаларымыз біз бүгіндері айтып отырған мәңгілік ел үшін күрескеніне көзіміз жетеді. Халықтығымызды сақтап қалу мақсатында қаншама хандар мен билер, шешендер мен көсемдер, батырлар мен бағландардың өмірден баз кешкені белгілі. Тіліміз, діліміз, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүріміз бен мәдениетімізді сақтау арқылы ғана Мәңгілік ел болатындығымызды ұмытпауымыз керек. Еліміздің мәңгілік болуын жолында мәдениетпен бірге әдебиеттің басты қызмет атқаратыны айтапаса да түсінікті. Осы тұрғыдан қарағанда «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы өткенімізді құрметтеп, болашағымызды баянды етуге бастаса, осы жолға қазақ жазушылары да өз үлестерін қосуда.

Қазіргі таңда ақын-жазушылардың тарих қойнауына үңіліп, бұған дейін айтылмаған, жазылмаған халықтың сан ғасырлық тарихының көркем шежіресін жасауы – соның жарқын мысалы. Нәтижесінде әдебиет бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін күрескен хандар мен батырлардың, билер мен шешендердің, ақындар мен қоғам-қайраткерлерінің көркем бейнесімен толықты. Сондықтан көркем әдебиетте жас ұрпақтың ұлттық санасын оятатын тарихи роман, мемуарлық роман, новеллалық роман, роман-эссе, шырғалаң роман, публицистикалық роман, деректі хикаяттар легі көбейді.

Қазіргі әдебиеттің мазмұны жаңа оқиғалармен толықты. Жазушыларымыз монғол шапқыншылығы, жоңғарлармен

кескілескен ұрыс, отаршылдық зардаптары, азаттық үшін күрес, XX ғасырдың басындағы Қазан төңкерісі, Қазақстандағы «Кіші Октябрь», тәркілеу мен жаппай колхоздастырудың салдарынан қандастарымыздың елден үдере көшуі, қызылдар қырғыны, жаппай ашаршылық, сталиндік репрессия, коммунистік тоталитаризм, Ұлы Отан соғысы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы ауыр тұрмыс, шаруашылықты қалпына келтіру, «Тың және тыңайған жерлерді игеру», 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысы, XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы ел экономикасының тығырыққа тірелуі, қазіргі өзіміз өмір сүріп отырған қоғам шындығы, сырттағы қандастарымыздың тағдыры тәрізді қазақ халқының өмірінен үлкен орын алатын тарихи оқиғаларға жан бітіру арқылы өткеніміз бен бүгінімізді түгендеуге бет бұрды.

Осындай айтулы оқиғалардың нәтижесінде қазіргі әдебиетте ұлт көсемдерінің жарқын бейнесі сомдалды. Олардың қатарында Тоныкөк, Мөде хан, Шыңғыс хан, Бейбарыс сұлтан, Есім хан, Абылай хан, Кенесары хан, Сырым батыр, Шу батыр, Қабанбай батыр, Шақантай батыр, Жарылғап батыр, Бердіқожа батыр, Оспан батыр, Мама батыр, Балуан шолақ, Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұлов есімдерін атауға негіз бар.

Осылардың ішінен жазушы Қ.Мұхаматеқалиұлының Сырым батыр туралы «Тар кезең» романынан бірер мысал келтіретін болсақ, автор шығармада батырдың төңірегінде жүрген би-шешендердің ақыл-кеңестерін орынды келтірген. Солардың бірі – Ысық Қаратау, екіншісі – Кете Көккөз болса, олардың халық кеңесінің басшысы Байбақты Сырымға кеңесші ретінде сайлануы да сондықтан.

Жазушының негізгі жетістігі – атадан-балаға жалғасқан дәстүрлі жолдың үзілмей жалғасып жатқанын нанымды бейнелеуі. Ол қандай жол десек, ол – елге ерекше қадірлі, жастары ұлғайып үйден шыға алмай отырса да өзінен кейінгілердің талаптарын қолдап, ақ батасын беріп отырған Қараман Тана Малайсары мен Есентемір Бөкен бидің Байбақты Сырымға берген ақ баталары. Жазушы «Батамен

ел көгерер» деген халық даналығын осылай қайта тірілтуге тырысқан.

Романның негізгі жетістіктерінің бірі бұған дейін бұратана, көшпелі атанған қазақ халқына деген көзқарастың өзгеруі. Оған бірден-бір себепкер – ұлықтың алдына қазақ атынан барған өкілдердің сөз саптауы мен ұсыныстары, өздерінің бойынан сан ғасырлардан бері қалыптасқан озық мәдениеттің үлгісін көрсете білуі деп айтуға негіз бар. Ұлықтың алғаш көрген қазақ өкілдері жөніндегі жоғары пікірі – қазақ халқының бойындағы тектіліктің, мәдениеттіліктің белгісі еді. Мұның бәрі жазушының суреткерлігін байқатса, бұл қазіргі қазақ романының табысы еді. Олай болса, ұлттық әдебиет Сырым сынды батырының жарқын бейнесімен толықты. «Өсер елдің баласы бірін-бірі батырым дейді» деген халық даналығына тоқталатын болсақ, бүгініміз үшін шаһид болған батырларымызды ұлықтау қазақ елінің өскендігін танытпақ.

Сонымен бірге ұлттық әдебиетте сан ғасырлық тарихы бар қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын Тұмар ханымнан бастап, Домалақ ана, Мөде ханның ақылды жары, Бөрте, Бопай, Күнімжан ханымдар мен Бәкей қыз, тәрізді қазақтың дана аруларының көркем галареясы жасалды.

Қазіргі әдебиеттің негізгі жетістіктерінің бірі – кеше ғана тарих қойнауына енген XX ғасырдағы ел өмірінің көркем шежіресі жасалуы. Солардың бірі – сталиндік репрессия болса, оны Р.Ниязбеков «Тас құдай» романында жеткізе бейнеледі. Тарихшылардың айтуына қарағанда «1929 жылы республикадағы 44 миллион 723 мың 200 бас малдан 1934 жылы 4,5 миллион бас мал ғана қалғанын» еске алатын болсақ, сол малдың есепсіз қырылуының басты себептеріне осы романда қанығамыз. Жазушы оны «Есек қырған» сайы арқылы нанымдылықпен суреттеген. Алғашында ауыл итін қуып жүріп атқан мергендердің көзі ендігі жерде еңбегі адал, еті арам есекке түсті. Есек біткенді жиып алып, ауыл жанындағы сайға алып барып қырып салу – «шаш ал десе, бас алатын» жандайшаптардың ісін айқындай түскен. Онымен де қоймай, кейін ауыл біткеннің бар жылқысын сыпы-

рып алып, мінерге тұяқ қалдырмай шаруа біткеннің бәрін жаяу жалпы қалдырғандарына не дерсің? Жазушы «Есек қырған» сайына қамаған жылқыларды пулеметпен қырып салған қызылдардың бұл әрекеті Сталиннің «революция кезінде өлім-жітім болмай тұрмайды» («төңкеріс шығынсыз болмайды») деген сөзін сол қалпында жүзеге асыруы екенін шынайылықпен бейнелеген. Автор осы әрекеттің астарында жатқан жымысқы саясатты жылқыларын сыпырып алмаса, жауынгер халықтың өр ұландары бір-бір сәйгүлікті мініп алып, өкімет басшыларының өзіне қарсы шығар деген қауіп жатқанымен ұғындырған.

Жазушы елдің басына келген зұлматты Сталиннің көзі қарақты Т.Рысқұлов, С.Садуақасов тәрізді азаматтарын елден ұзақ ұстауымен, Қазақстанды басқаруға қазақтың жерін де, елін де білмейтін жанның жіберілуімен, жаңа өкіметтің басына келгендердің Голощекин, Иван Петрович, Қарасейіт тәрізді қанішерлігімен баяндаған.

Ақарыс, Құтыбас, Федор Абрамович, Сұлтан-шер, Ақжігіт, Наркескен, Мархаба, Иман, Иван Петрович, Қарасейіт тәрізді кейіпкерлердің төңірегінде жүріп жатқан оқиға қызыл империяның елді қан қақсатып орнағанынан, асыра сілтеудің салдарынан қазақ халқы жойылып кетудің аз-ақ алдында қалғанынан толыққанды хабар береді. Алғашында жеті қазынаның бірі саналатын иттерін атқанға күйзелген халықтың өзі ит өліммен қырылғанын көргенде атың өшкір Сталин мен Голощекинге лағнет айтасың. Сондықтан отызыншы жылдардағы аштыққа жан бітірген шығарма тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ романына қосылған үлес болып табылады.

Тағы бірсыпыра романдарға қазақ халқының өмірінен ерекше орын алатын өнер иелерінің өмір жолдары негіз болды. Мұндай шығармаларда тарихи құжаттар пайдаланылып, негізгі оқиғаларға өмірде болған адамдар қатысатындықтан олардың деректілік сипаты басым болып келеді. З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», И.Жақановтың «Ықылас», Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы», Н.Әбуталиевтің «Наркескен», Д.Досжанның «Алыптың азабы», «Абайдың рухы»,

Е.Әкімқұловтың «Қалдаяқов – ән патшасы», Т.Мәмесейіттің «Таңжарық», Т.Әсемқұлов «Біржан сал», Е.Төлеутайдың «Жүсіпбек Елебеков», М.Сәрсекеевтің «Ермұхан Бекмаханов», «Қаныш Сәтбаев», «Евней Бөкетов» тәрізді деректі романдарына әртүрлі өнер иелерінің қилы тағдырлары арқау болды. Қазақ жазушыларының тәуелсіздік тұсындағы өнер және өнер адамдарының бейнесін сомдаудағы көркемдік-ізденістерін байқататын туындылардың ұлттық әдебиеттің тарихынан алар орны ерекше.

Мәселен Т.Мәмесейіт «Таңжарық» романында Қытай еліндегі қазақ ақыны Таңжарық Жолодыұлының өмірі мен шығармашылығын бірлікте қарау арқылы оның сом тұлғасын жасаған. Ақынның алғашқы өлең жаза бастаған кезінде оған қазақ ақындарының үлгі-өнеге болғандығы нанымды бейнеленген. Ақынның өміріне қатысты Қазақстан мен Қытай еліндегі ауыр кезеңдер нанымды бейнеленген. Романның тарихилық сипатын арттырып тұрған тарихи оқиғалармен бірге тарихи тұлғалардың көптеп кездесуі. Сондай көркемдік детальдың бірі – жер-су атаулары. Негізгі оқиғаға қатысты кездесетін Текес өзені, Шалкөде, Әулиешоқы, Хантәңірі, Қаратұмсық, Ілебасы, Талдыбұлақ, Көккырқа, Қызылқия, Қарабұлақ, Айғыржал, Сарыжазық, Ойқарағай, Дардамты, Үш Қарқара, Есекартқан, Сүмбе, Нарынқол тәрізді жер атаулары бұл оқиғаның Жетісу жерінде өткенін байқатады. Ал Шұбартал, Қабанды асуы, Таңбалы тас және басқа жер атаулары – қазақтың жерді ерекшелігімен атайтындығына мысал. Ал, ақалақшы, мампаң, зәңгі, тәйжі тәрізді билеушілердің мансаптары Қытай еліндегі ел билеу жүйесінен біраз хабар береді. Сонымен бірге жазушының «Ағайын бір өлі, бір тіріде» деген сықылды қазақтың мақал-мәтелдерін көптеп қолданғанын, этнографиялық бояудың қалыңдығын баса айтқан абзал.

Ал, соңғы ширек ғасырдағы хикаяттарды (повестерді) жинақтай келгенде, Қ.Жұмаділов, Н.Ақыш, Ө.Ахмет, Қ.Түменбай тәрізді жазушылар өз шығармаларында кешегі тарихымыз бен бүгінімізге жан бітірсе, Т.Нұрмағамбетов, Т.Сәукетаев, Н.Қапалбекұлы, Ә.Асқаров, Н.Дәутайұлы

XXI ғасыр дертіне айналған қасіреттерге жауап іздеді. Ш.Құмарова, М.Базарбайқызы, С.Досжан, Ж.Қайранбай шығармаларында қазақ қыздарының әртүрлі тағдырларын арқау етсе, М.Қаназ, С.Нұғыман атбегілер өмірі арқылы дала қазақтарының өмірінен сыр шертіп, ұлттық этнографиямызға жан бітірді. Хикаяттарында Е.Қойбағарұлы дәрігерлер өмірі арқылы аурудың алдын алу туралы ой қозғаса, Қ.Жиенбай мен С.Дүйсенбиев үлкен қаладағы кішкентай адамдардың тұрмыс тіршілігінен хабар берді.

Осы аталған авторлардың ішінен мысал келтірер болсақ, Қ.Түменбай шығармаларының тақырып ауқымы кең. Ол – аз сөзге көп мағына сыйғызатын, үлкен әлеуметтік мәселелерді шағы оқиғалармен суреттеуге шебер қаламгер. Жазушы қаламына негіз болған шығармалардың бірсыпырасына Ыбырай Жақаев өмірі негіз болса, енді бірқатар шығармаларында 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, оның қоғам мен адам өміріне тигізген зиянына көңіл аударды. Жазушы шағын жанрмен қоғамдағы шарықтау шегіне жеткен, ел өміріндегі өзекті мәселелерді көтеруге болатындығын көрсетті.

Ал жазушы С.Дүйсенбиев шығармаларына XXI ғасырдың өзекті мәселелері негіз болғанын баса айту керек. Ауыл мен қаланың арасын жақындатып жүрген жазушы «гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» дегендей, тағдыр тауқыметін тартып жүрген ауылдық ағайындардың қалалықтар тәрізді тұрмысты өмір сүруін қалайды. Бұл – алдыңғы қатарлы елдердің қатарынан көрінуді көздеген тәуелсіз қазақ елінің бірінші мүддесіне айналса игі. Жетімдер тағдыры, жұмыссыздық тәрізді қазіргі заманның қасіреттеріне шипа іздеген жазушы оның шешімін оқырманға қалдырған. Сонымен бірге шаңды борпылдатып жүрген ауыл балалары мен бозбалалардың, бойжеткендер мен қыз-келіншектердің, немерелерін бауырларына басып, әке-шешесінен қызғанған ата-апаларымыздың мінез-құлқын шынайы бейнелеген жазушы шығармаларында ұлттық бояудың қалыңдығы байқалады.

Қазіргі әдебиеттің келесі жетістігі – ұлттық әдебиеттің бізге таныс, бейтаныс замандастарымыздың бейнесімен

толығуы. Қазіргі әдебиетке жаңа кейіпкерлер галереясының келуі саясатқа негізделген жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді әдеби әлемнен ығыстырды. Ақын-жазушылар адамды ет пен сүйектен жаралған пенде ретінде бейнелеп, әдебиеттің көркем өнер екенін сөз құдіретімен танытуда. Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның жан айқайы мен шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелерін арқау еткен туындыларда біздің заман қаһармандарының көркем бейнесі сомдалуда. Ол – кім? Ол – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлынан бастап қоғамның әр саласындағы, түрлі ортадағы, әр түрлі жастағы замандастарымыз.

Қазіргі прозаның негізгі жетістіктерінің бірі – өмірдің күнгейін емес, көлеңкелі жақтарын шынайы бейнеленуі. Сондықтан ұлттық әдебиетте әулет жүгін арқалаған қыздардың, жатырынан айрылған немесе жатырын жалға берген бейкүнә аналардың, көше кезген қаңғыбастардың, тастанды балалар мен тұлдыр жетімдердің, шалғайдағы ауылдан үлкен шаһарларға жұмыс іздеп келген жігіттер мен қыздардың шынайы өмірден алынған нанымды бейнелері жасалды. Бұлардың барлығы – жазушылардың қиялынан жасалған жасанды кейіпкерлер емес, өмірдің қайнаған ортасынан алынған өмір, тіршілік үшін күресте тағдыр тауқыметін тартқан кейіпкерлердің жиынтық бейнесі.

Ұлттық әдебиеттің даму үрдістерін сөз ететін болсақ, қазіргі қазақ әдебиеті жаңа ағымдармен толығуда. Олардың қатарында сан ғасырлық тарихы бар, кеңестік дәуір тұсында дәстүрлі жолынан көз жазып қалған – діни-ағартушылық ағымды ерекше атауға негіз бар. Тәуелсіздігіміздің негізгі жетістіктерінің бірі – дініміздің қайта оралуы болса, ақын-жазушыларымыздың осы бағытта жасап жатқан істері де жетерлік. Қаламгерлер ислам дінінің жақұттарын әдебиетке алып келу арқылы имандылықтың не екенін қарапайым тілмен елге түсіндіруде. Дін мен әдебиетті бөліп қарауға болмайтындығын түсінген дінтанушылар бүгінгі таңда діннің өзін Бұқар, Абай, Ыбырай, Шәкәрім тәрізді ұлттық әдебиет алыптарының шығармалары арқылы ұғындыруда.

Қазақ жазушылары әдебиетте қалыптасқан дәстүрлі жолды жалғастырумен бірге жаңа түрлік ізденістерге де барууда. Бұл қатарда қазіргі әдебиеттегі модернистік, постмодернистік бағыттағы шығармалар қатарын атауға негіз бар. Олардың қатарында М.Мағауинның «Жармақ», Х.Әдібаевтың «Созвездие близнецов», А.Жақсылықовтың «Сны окаянных», Т.Әсемқұловтың «Талтүс», А.Кемелбаеваның «Мұнара», Д.Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар», М.Омарованың «Анағұмыр», А.Әлменбеттің «Мимырт» романдарын атауға болады. Бұл шығармалар қазіргі әдеби үдерісте жаңашыл әдебикөркем үрдістердің қалыптаса бастағанын байқатады.

Қазіргі прозадағы түрлік ізденістер қатарында Д.Досжановтың неомифологизмге құрылған «Жан құмары», Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз», М.Мағауинның «Қыпшақ аруы», Т.Әбдіковтің «Парасат майданы» романдарын атау лəзім. Тәжірибелі жазушылар ақпараттар тоғысында өмір сүріп отырған XXI ғасырдағы оқырманға әдебиеттегі дәстүрлі жолды жаңа ізденістерімен түрлендіру арқылы оқытуға болатындығын көрсетті.

Адам, қоғам, заман жөніндегі филолософиялық шығармалар замандастарымызды өмір жайындағы толғамдарға жетелесе, психологиялық шығармалар өмірдің тек қана қуаныш пен бақыттан тұрмайтындығын, ақ пен қараның араласып келетіндігін нақты кейіпкерлер өмірі арқылы шынайы бейнелеуде. Ал сатиралық шығармалар ұйқы, тамақ, күлкінің арсыз екенін нанымды бейнелеп, өмір бар жерде бұлардың қоса жүретінін қоғамдағы келеңсіздіктерді сынаумен, әшкерелеумен санамызға сіңіруде.

Жазушылар сүйекті жанрлармен бірге шағын жанрдың жүгі қашан да ауыр болатындығын фантастикалық, антропологиялық, этнографиялық, символдық, мифологиялық, автобиографиялық, мистикалық, сатиралық және қысқа әңгімелер арқылы дәлелдеп келеді.

Жоғарыда аттары аталған ұлт қаһармандарының барлығы қазіргі әдебиеттің жетістігі болса, олардың бүгінгі тәуелсіздігіміз, «Мәңгілік ел» үшін күрескені тарихтан белгілі. Бұл келтірілген мысалдар – қаламгерлеріміздің

«дүниеге тәуелсіздік көзімен қарайтын әдебиетті» жасап жатқандығының көрінісі. Олай болса, қазақтың мәңгілік ел болуы үшін қазақ жазушылары да аянып қалмай, ғұмырлы шығармалар жазуға белсене кірісіп жатқанын баса айтқанымыз жөн.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ел дамуындағы бес институционалды реформаны жүзеге асыру үшін «100 нақты қадам» жоспарын ұсынған болатын. Сонда көрсетілген «Мәңгілік ел», «Менің елім», «Нұрлы болашақ», «Үлкен ел – үлкен отбасы» жобаларының барлығында қазақ елінің мәңгілік мұраттарын жүзеге асыру көзделіп отыр. Мемлекеттігіміздің мәңгілік болуының алғы шарттарының бірі – ұлттығымызды сақтау болса, сол ұлттығымыздың қайнар бұлағы болып табылатын рухани мұраларымызды сақтау, оларды насихаттау, ел игілігіне жарату әдебиеттанушылардың басты міндеттерінің бірі болмақ. Олай болса, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, рухани мұраларымызды насихаттауға жабыла кірісейік. Ол – осы отырған сіздер мен біздердің ортақ міндетіміз.

Резюме

Орда Г. Идея «Мәңгілік ел» в современной казахской прозе

В статье изучаются вопросы претворения идеи «Мәнгілік ел» в современной прозе. Автор через анализ наиболее интересных работ современных казахстанских прозаиков обобщает мысли о том, что данные произведения имеют определенное значение в сохранении нации и укреплении государственности.

Summary

Orda G. The Idea «Mangilik el» in the Modern Kazakh Prose

The article is about the view of idea «Eternal Country» («Mangilik el») in modern prose. The author said that the statehood formulated by the works of the modern Kazakh prose writers live forever.

К ПРОБЛЕМЕ САМОИДЕНТИФИКАЦИИ ЖИВОПИСИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Ергалиева Райхан Абдешевна,
заведующая отделом изобразительного искусства Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова КН МОН РК, доктор искусствоведения, профессор
(г. Алматы, Казахстан)
yergaliyeva@rambler.ru

Период независимости нашего государства, обретение суверенитета, активное вхождение Казахстана в мировое сообщество, поставили перед национальной культурой новые духовные и творческие задачи. Одной из важных для этого периода задач стала задача национальной культурной самоидентификации, необходимость выразить свой взгляд на общечеловеческие мировоззренческие вопросы, гуманитарные и культурные ценности. Самоопределение во все более активно внедряющем свои ориентиры внешнем мире стало актуальной задачей. В этой ситуации определяющими вопросами для изобразительного искусства стали, во-первых: идеи и принципы национальной культурной памяти, трансформации древнего и средневекового пластического наследия, во-вторых: экзистенциальные проблемы человеческого и социального бытия. В целом такая ситуация характерна для общемировой художественной практики современности, проявляясь самобытно в разных культурных регионах Запада и Востока, она определяет основные направления развития мирового искусства.

Наступление мировых глобализационных вызовов совпало в Казахстане с новым этапом национальной истории, вдвойне стало временем масштабных социальных, идеологических, духовных преобразований. Этот период внес новое содержание во все виды искусства. Продолжили свое развитие и получили новые импульсы такие виды изобразительно-

го искусства как живопись, скульптура, графика, декоративно-прикладное искусство, возникли и успешно развиваются инновационные формы культуры, такие как инсталляция, перформанс, инвайронмент, объект, художественная акция. Новый импульс и мощное развитие получила архитектура Казахстана, впечатляюще воплотившись в строительстве новой столицы страны – Астаны.

С одной стороны культура и изобразительное искусство суверенного Казахстана получили возможность свободной самореализации, глубинного внутреннего самопознания. В изобразительном искусстве этого периода отразились фундаментальные тенденции развития общественного сознания Казахстана, преломились и художественно трансформировались наиболее емкие идеи и смыслы современной национальной духовности. Её главные траектории – активное стремление к глубинной самоидентификации, формирование национальной идеи и мощная потребность выхода на мировую художественную арену.

В то же время появилась возможность настоящего выхода на широкую международную арену, возможность сравнить и увидеть себя рядом с другими национальными культурами. В страну хлынул мощный информационный поток, оказавший немалое влияние на сознание художников, принципы и даже виды творческой деятельности. Окончательное падение железного занавеса привело культуру Казахстана к тотальной встрече с огромной информацией об инновациях культур Запада и Востока XX-го века. Все это во многом повлияло на процессы развития искусства. И если в начале 1990-х информационный поток вылился в своеобразный художественный шок и усиленное развитие инновационных творческих практик актуального искусства, то постепенно, словно получив прививку и пройдя искушение новаторскими поисками, изобразительное искусство в стране все же не утеряло свои профессиональные возможности и статус.

Еще одной особенностью искусства этого периода стал постоянный поиск взаимного понимания, сосуществования

ярких творческих индивидуальностей, разнообразия стилей, манер и почерков. Современному искусству Казахстана кроме активного возрождения необходимой государству национальной идеи присущ принцип равноправного сосуществования разных этнических групп. Этот принцип общей гармонии при сохранении и развитии искусства разных национальных диаспор также характеризует современную культурную ситуацию в Казахстане.

Концептуальной основой для изобразительного искусства Казахстана в эпоху глобализации стал фактор абсолютной самостоятельности. Зародившееся и сформировавшееся в советский период изобразительное искусство Казахстана впервые начало развиваться без внешней идеологии и цензуры. Утрата советской идеологии и развитие казахского искусства впервые в новейшее время как самодостаточного в феномена обусловили активный поиск им подлинных духовных опор, преемственности художественных принципов и инновационных возможностей.

Идеологический центр общей советской культуры исчез безвозвратно, а эпицентры развития национальных культур постсоветских государств де-юре восстановили свои истинные исторические координаты и параметры. Нельзя не сказать, что эта резкая переориентация, как в свое время переориентация народного казахского искусства на искусство изобразительное (1920-30-е гг.) внесла свои коррективы в ситуацию в искусство периода независимости. Де-факто изобразительное искусство независимого Казахстана вплоть до настоящего времени находится в реалиях поиска и становления. Разнообразие и противоречивость существующих художественных течений, стилей и творческих практик казахских художников говорит не только о свободе творчества в отечественном искусстве, но и о длительности периода становления современного искусства.

Современное искусство Казахстана дает наглядное представление о безграничных возможностях живописи, о поисках казахскими художниками новых путей в этом «старом»

виде искусства, а также о новом возвращении современной живописи Казахстана к вечному синкретизму древнего искусства наших предков. Единым и очень активным, особенно в первой половине 1990-х годов стал процесс трансформации художественной формы. Средства и способы изображения, обобщения стремительно изменяются в сторону символизации, знаковости, условности и метафоризации.

Создание художниками своих творческих концепций в тесном сплаве с традиционными представлениями казахов, становится одним из отличительных признаков искусства этого десятилетия. Удивительные откровения – сочетания светоносной живописной формы и пульсирующего энергетикой духа создает Е.Тулепбай. Своеобразие насыщенности цвето-фактурной лепки и цветового богатства находит А. Аканаев. Экспрессивные формулы, словно с усилием сдерживающие внутреннюю энергию и силу вещей, возникают в холстах К.Дуйсембаева. В аналитической лаконичности ритма и масштабов цветовых пятен и оптически точно выверенных соотношений мир вновь обретает свою гармоничную соразмерность в полотнах К.Ахметжана.

Поиск новизны, остроты и масштабности видения вызвал обращение к архаике самых разных времен и культур, дав сильные и выразительные произведения. В искусстве проявились многогранность и универсальность взгляда на мир. Стремление к передаче многообразия мира зашифрованным многообразием знаков и символов приводит к углубленному интересу к структуре мира, к потребности выразить его богатство через аналитическую строгость бесконечно варьируемых форм. В этой тенденции наиболее интересны утяжеленные полностью земного притяжения картины М.Наримбетова, хрупкие, тленные как дыхание полотна С.Атабекова. Или динамичные, броские, раздвигающие пространство холстов, композиции С.Баялиева, вбирающие идею бесконечного движения и возникновения новых форм жизни.

Одной из узнаваемых в современном искусстве стала тенденция к сосредоточению в отдельном изображенном объекте или наборе постоянных объектов. Избираемый объект

или сюжет превращается в творчестве художников в своеобразный символ. Миф, посредством которого они стремятся передать всю полноту и вариативность Вселенной: от ее генезиса и величия до существующего в ней порядка, действующих правил, предощущаемых перспектив.

В русле подобного универсального мифотворчества развивалось творчество ведущих художников Казахстана. А.Сыдыхан, взявший специфическим кодом своей живописи вариации тамги – родовых символов казахов, сумел преобразовать по правилам структурного формообразования всю возможную полноту окружающего мира. Условность, цветофактурный изыск подчиняют себе видимый мир и преобразуют его по своим собственным законам. Е.Тулепбай при всей сложности своих пространственно-цветовых решений так же приходит к устойчивому знаковому ряду – удлиненному силуэт, напоминающему человеческую фигуру, условность которого очень близка условности вытянутых пропорций сакского вождя – «золотого человека».

Воспоминаниями о мифах и легендах пронизано как пластическое, так и духовное пространство, насыщенное энергией солнца, напоенное запахами степи, в полотнах и сложных конструкциях А.Аканаева.

Художники разрабатывают и в результате создают собственные живописные мифы, схожие с анималистическим тотемизмом древних. Такие как А. Иса – на образе тигра как символа вселенного абсолюта, А.Есдаулетов – носороги и быки которого воссоздают густую атмосферу первозданного мира, мифологического времени, А.Ахат, в чьих живописных преданиях – сгустках ушедшего в прошлое древнего Турана, запечатлены мечты и ностальгия о прошлом, фетишизирует линеарную идею петроглифов А.Бектасов.

Реалистическая линия продолжена А.Накисбековым. Продолжает развивать экзистенциальные идеи и формальную утонченность Б.Бапишев. В русле живописного конструктивизма работает Г.Маданов. Исторические реконструкции событий национальной истории воссоздают К.Ажибеков, А.Жакыпбеков, Д.Касымов, З.Медетбеков, Б.Тургынбай. Ли-

рические образы казахского кочевья воссоздают М.Каспак, О.Жубаниязов.

Усилился интерес искусства к национальной идее на самых разных уровнях. От государственной символики (национальная волюта, герб, флаг, скульптурные комплексы, исторические полотна), до свободных творческих поисков мастеров. Любопытно, что национальная идея входит в построения нонконформистского искусства, активно манипулирующего концептами и понятиями традиционного мировоззрения казахов в своих акциях, перформансах и объектах (С.Атабеков, Е.Мельдибеков, Ю.Сорокина).

Влияние глобализационных импульсов проявляется в искусстве Казахстана скорее в активном стремлении отечественных художников к выходу на информационную мировую арену, чем на изменение внутренних достаточно интенсивно протекающих творческих процессов. Результатом стало увеличение числа казахских художников, представленных на художественных выставках и галереях Европе, Азии и США. При этом данный период верно расставил многие акценты в культурной ситуации в стране, он показал ценностное значение высокого живописного мастерства, искреннего эмоционального переживания, самобытной красоты и силы древней традиции, уникальное своеобразие национальной культуры казахов. Живопись не растеряла своих наработок и достижений. Создает новые произведения классик казахской живописи С.Мамбеев, чья юбилейная выставка с огромным успехом прошла в ГМИ им.А.Кастеева. Свободно трактуют реалистическую традицию З.Тусипова, М.Каспак. Их сюжеты, укорененные в обыденный повседневный быт, притягательны поэтическим обаянием. Своеобразно сочетает живописность и декоративные качества живописи, психологизм состояний – настроений в своих полотнах Ж.Кайрамбаев.

Традиции декоративной условности, идущие от трансформации приемов казахского декоративно-прикладного искусства и уроков западно-европейского постимпрессионизма наиболее любопытно преломляются в творчестве М.Касымбекова и Т.Муката. Новую волну с несколько иной,

авангардно трактованной этнографической нотой развивают С.Смагулов, А.Колке. Продолжают вольную, непосредственную живописную игру – интерпретацию свободных полетов воображения А.Тазиев, С.Сулейменова, А.Менлибаева, З.Султангазина, М.Бекеев, К.Ибрагимов.

Обращение к истории родного народа, его обычаям, жизненному укладу, став одной из самых характерных особенностей современной живописи Казахстана, позволяет назвать новый этап, в который вступило наше искусство возвращением к себе. Память национальной истории, цепь славных побед и событий, легенды о величии героев и воспоминания о мирной жизнь поколений предков на просторах казахской степи неодолимо манят художников, словно заключая в себе разгадку чего-то сугубо личного, сокровенного. Воспринимаемое почти сакральным причащение этнической, национальной культурной памяти выводит нашу культуру к новому витку самопознания, к философскому, интеллектуальному, осознанному пониманию своей самости, своего духовного вклада в сокровищницу общечеловеческой культуры.

В вопросе самоидентификации остро обозначилось традиционная для казахского искусства тяга к экзистенциальным, сущностным вопросам бытия. Реконструируя в живописных полотнах посредством цвета, композиции, фактуры или пластики свое национальное представление о мироздании, истоки которого сопряжены с традиционными, отшлифованными столетиями ценностями, художники словно собирают в некую совокупность утерянные и разрозненные фрагменты. Кардинальной идеей становится идея свободы творчества. Идея безграничности возможностей познания мира и самого творчества обыгрывается живописцами и скульпторами в разнообразнейших вариациях.

Одной гранью этой мысли, своего рода почвой для широчайшего диапазона творческих проявлений является ставший для искусства Казахстана практически концептуальным, принцип абсолютной свободы творчества. Возможно поэтому, не существует главенствующей стилистической тенденции. Современное искусство Казахстан находится в

бурном, непрерывном движении, в процессе непрерывного творческого эксперимента. Сосуществование всевозможных стилистик, манер, живописных и пластических подходов к миру, от прямо противоположных друг другу до различающихся лишь тончайшими нюансами мировидения становится его отличительной характеристикой. Художники пытаются научить зрителя воспринимать любое, даже трудно воспринимаемое, творческое проявление. Беспредметное искусство и фигуратив, новая волна авангарда и интерес к классическому реализму, неопримитивизм и чистая абстракция, символизм и экспрессионизм соседствуют на выставках, раскрывая усложнившееся восприятие реальности, переводятся художниками в особые авторские миры, системы метафор и пластические коды.

Экспрессивный формализм наполняет метафорические пейзажи и натюрморты К.Дуйсенбаева. Мощный потенциал внутренних сил природы и человеческой души накапливается в них, словно едва сдерживаемый силой живописно-пластической формы. Каркас мира разбивается на кусочки цвета и вновь собирается в «оптических» полотнах К.Ахметжана. Возрождается интерес к орнаментальному, фольклорному стилю, изъятому из разных пространственных и временных культурных пластов (А.Менлибаева, Э.Казарян.).

Принципиальная сосредоточенность на потребности предельно острого самовыражения находит себя в приверженности к определенным, конкретным объектам, превращающимся в творчестве в некий, емкий символ, миф о Вселенной. Вырываемый из реального контекста объект нагружается всей возможной полнотой значений, превращаясь в некий специфический шифр, через который каждый автор пытается передать всю вариативность Вселенной: от ее генезиса и величия до действующих в ней правил, законов и возможных, предощущаемых итогов. Реализуется в создании живописных легенд о мироздании – в тигровых версиях абсолюта А.Исы, анималистическом тотемизме А.Есдаулетова, фетишизме сакральной утопии балбалов Б.Бапишева, золотых, апокалиптических фресках В.Люй-ко.

Формальное многообразие живописи давно стало своеобразной нормой современного художественного процесса в Казахстане. В работах молодых художников Д.Малика, Н.Саутбекова, М.Хитахуновой абстрактный подход к форме сочетается с внешними и эмоциональными отголосками фигуратива, наполняя их своеобразный живописный аскетизм изощренным эстетизмом, сосредоточенностью на главном.

Живопись Казахстана настоящего времени можно воспринимать как постоянно движущийся вперед обогащающийся извне и из глубин собственной традиции культурный феномен. Заложенные в самой этой культуре общечеловеческие ценности раскрываются художниками в диалоге с традициями и новациями мирового искусства, новейшими явлениями философии и культуры XX века. Постижение основ национальной культуры рождает в искусстве Казахстана новые творческие концепции. В итоге современное казахское искусство, возникшее на почве инноваций меньше века назад, смогло не только не растерять собственную духовную самобытность, но и создать адекватный ей неповторимый пластический язык.

Изобразительное искусство Казахстана, принимая все вызовы глобализационных процессов, выходит через них к своим духовным ценностям и приоритетам. Входит в третье тысячелетие интеллектуально и духовно зрелым. В нем осмыслены и интерпретированы древнейшие корни казахской кочевой культуры. Заложенные в национальной культуре общечеловеческие ценности раскрываются художниками в диалоге с традициями и новациями мирового искусства, крупнейшими течениями философии и культуры XX века. При всем многообразии конкретных проявлений, искусство Казахстана отличается общими узнаваемыми чертами – интересом к экзистенциальным вопросам бытия, утверждением гармонии как основы существования человека и природы, универсальной широтой творческих взглядов, органичной преемственностью национальных традиций, свободной интеграцией в культурное мировое пространство.

Түйін

Ерғалиева Р.А. Жаһандану заманындағы Қазақстандағы көркемсурет өнерінің өзіндік бірегейлену мәселесі

Р.Ә.Ерғалиеваның баяндамасы Қазақстанның заманауи кескіндемесіндегі өзін-өзі сәйкестендіру мәселелеріне арналған. Бұл кезеңдегі өнер дамуының негізі сұранысы – ішкі тереңдегі өзін-өзі теңестіруге белсенді ұмтылыс, ұлттық идеяны қалыптастыру және әлемдік көркемөнер сахнасына шығуға деген күшті қуатты қажеттілік. Қазақстан кескіндемесі – ұдайы тек алға қарай ұмтылушы, өз дәстүрінің өзегінен және сырттай сусындап отырған мәдени феномен. Ұлттық мәдениеттің негізіне салынған жалпы адамгершілік құндылықтар суретшілер тұрғысынан дәстүрмен және әлем өнерінің байланыстары арқылы, XX ғасырдағы мәдениет пен философиядағы жаңаша құбылыстар арқылы ашылады. Қазақстан өнеріндегі нақты көріністердің көптігіне қарамастан ол жалпыға танымды қасиеттерімен – шығармашылық көзқарасының әмбебаптық кеңдігімен, ұлттық мәдени дәстүрмен жанды сабақтастығымен, әлемдік мәдени кеңістікке батыл әрі еркін интеграциясымен ерекшеленеді.

Summary

Yergaliyeva R.A. On the Problem of Self-identification of Kazakhstan Painting in the Globalization Period

Report of Yergaliyeva R. is devoted to self-identification problems in modern painting of Kazakhstan. Active aspiration to deep self-identification, formation of national idea and strong requirement of an exit to the world art scene are the main tendencies of contemporary art. Painting of Kazakhstan is a cultural phenomenon, constantly moving forward, enriched from the outside of and from depths of own tradition. The universal values put in national culture reveal artists in dialogue with traditions and innovations of world art, the newest phenomena of philosophy and culture of the XX century. At all variety of concrete manifestations art of Kazakhstan differs in the general recognizable properties – the universal width of creative views, organic continuity with national cultural tradition, courageous and free integration into world cultural space.

КУЛЬТУРА САМОСОХРАНИТЕЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ

Спанкулова Лазат Сейтказиевна,
Новый Экономический Университет имени Т. Рыскулова,
доктор экономических наук, профессор
(г. Алматы, Казахстан)
spankulova@mail.ru

В природе человека есть свойство, естественное стремление к самосохранению. Самосохранительное поведение – это система действий и установок личности, направленных на сохранение здоровья и продление жизни. Женщины больше чем мужчины вовлечены во множественную занятость, и это лишает их возможности полноценно поддерживать свое здоровье и здоровье членов семьи.

От одного-единственного источника дохода – это рискованная стратегия, так как он никому не гарантирован. Сфера классической загруженности постоянно уменьшается, а «… усиление конкуренции со стороны коллег и жесткий истощающий ритм работы с каждым годом сокращают шансы на дальнейшее пребывание в ядре организации» [1]. В «теневой экономике» они занимают самую низкую ступень: уличная торговля, «ученичество». Они работают в экстремальных для здоровья условиях (тяжелый физический труд, работа на морозе или в жару, ненормированный рабочий день, криминальные риски, среди которых насилие и т.д.). Неравенство мужчин и женщин на рынке труда так же отражается на состоянии здоровья женщин.

В своем исследовании «Неравенство и смертность в России» В. Школьников, Е. Андреев и Т. Малева [1] рассматривают гендерные различия в практиках здоровья с поведенческими аспектами. В работе отмечено что, «…Мужчинам больше свойственно вовлечение в политическую и экономическую сферу, где разочарование и ощущение потери контроля над собственной судьбой могут доминировать. Женщины, в

силу ключевых причин экономического характера также вовлеченные в сферу общественной занятости, имеют обычно традиционный круг забот: домашнее хозяйство, семья, дети, муж, родители. Эти заботы вносят в их жизнь ощущение смысла и чувство ответственности, которые в определенной мере служат защитой от социального стресса и способны компенсировать его последствия…». По их мнению, избыточная смертность во многих социально-демографических группах в большей мере связана с психологическими, культурными и поведенческими аспектами, чем с бедностью или плохой работой медицинских служб. Гендерные различия моделей приспособления к изменившимся условиям: мужчин-через большую активность на рынке труда, которая нацелена на поиск более высокооплачиваемого места работы (исполнение роли основного добытчика в домохозяйстве, а с другой –значимость социально профессионального статуса), женщин – через минимизацию потребностей (вынуждена экономить на своих потребностях). Обострение гендерного конфликта ролевых норм и структурных ограничений и у женщин, и у мужчин становилось фактором стресса, механизмом ужесточения порочного круга бедности и нездоровья в малообеспеченных семьях.

В Казахстане с середины 50-х гг. и вплоть до начала 1970-х гг. общий коэффициент смертности снижался; в 70-е – 80-е гг. немного увеличился, но колебался в пределах 7,6-8,0%. Сокращение смертности от внешних причин, перемещение смертности из детских в старшие возрастные группы, происходил у казахов в конце 1950-х – 1960-е годы. В эти годы вырос суммарный коэффициент рождаемости. В целом по Казахстану в 1958-1959 годах он равнялся 4,4, а у казахов вообще был самым высоким в СССР – 7,46. Многодетные семьи стали распространенным явлением, социальные гарантии советского государства, действовавшие до конца 1980-х годов, в принципе благоприятствовали именно такому типу демографического поведения. В то время общий коэффициент смертности значительно сокращается, рождаемость немного

увеличивается, коэффициент естественного прироста достигает максимального значения, в следствии чего наблюдается форсированный рост населения.

деректерді білу ғана емес, сол тарихи оқиғалар мен деректер арқылы ақиқатқа жету. Төл мәдениетті терең білу оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады. Шындығында жан-жақты мәдениет иесі тарихи сана белгілерін мол менгерген адам. Басқаша, айтқанда тарихи сана-этикалық және жалпы мемлекттік сананың негізі. Ұлттық ой – сана, этностың мындаған жылдық аңыз этнос санасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтың тарихын білу арқылы ғана ерекшеленеді.

Жер бетіндегі тіршілік эволюциясының қолы жеткен ең жоғары жетістігі – ойлай білетін адамның дүниеге келуі. Адам санасының қалай пайда болғандығын ғылыми тұрғыдан бірден-бір дұрыс түсіндіреген марксизм-ленинизм классиктері болды. Ғылыми психологиялық сананың бақылауынан тысқары тұратын психологиялық құбылыстар болатындығын жоққа шығармайды.

Адамның санамен тілдесуі. Эволюциялық процесті білмей тұрып, әлемді түзеу мүмкін емес. Шежіре айналымға түсетін рухани әлем. Тарихи сана өз жолында мына баспалдақтардан өтеді: өмір-өлім, ұғымтал-ұмытшақ, ізгілік-зұлымдық, өсу-өшу. Бұл баспалдақтардан өту пендеге борыш, парыз.

Моральдың ұлттық жүйесін ұғыну оңай шаруа емес, оны әрбір ұлттың түпкі негізіне талдау жасау арқылы ғана жүзеге асыру мүмкін. Жалпыадамзаттық және ұлттық моральдың бір-бірімен байланысы өте тереңде, әрі жалпыға ортақ ұғымдар баршылық. Мораль қасиеттері: мораль бәріне ортақ ізгілік, тұлғаны бағалау, кісілікті құрметтеу.

Қоғамның әр кезеңінде адамзат баласы небір моральдық-этикалық талғамдарды бастан кешірді. Мысалы, бір ұлт үшін әйелдің некелік адалдықты бұзуы сорақылық болса, екінші бір ұлт үшін керісінше, «іскерлік» т.б. тарихи дерек: Палестинаны басып алған рыцарлар арабтардың көп әйел алатындығына шошына қараса, ал арабтар француз әйелінің бетін ашып жүруін нағыз әдепсіздік санаған.

Тұжырым: әрбір ел, ұлт өзінің қылық қасиетін, ұғым түсінігін ең озық, ең адамгершілік деп есептеген. Мораль,

мәдениет түсінігі көп жағдайда этика, талғам ұғымдарына тәуелді. Көшпелі тұрмыста өмір сүрген қазақ халқында өзіндік ұлттық ерекшелік болған.

Адамзат дамуы XIX ғасырдың ғылыми-техникалық жетістіктерін меңгергенге дейін әр елдің өмір сүруіне лайықталған салты, мәдениеті, моральдық-этикалық қарым-қатынасы қалыптасты. Жалпыадамзаттық мәдениет үшін ұлттардың өзіндік болмыс-бітімін бір-біріне таңу әбестік. Этнография ғылыми халықтың этникалық тегін, рухани болмысын, мәдени талғамын, моральдық-этикалық қалыптарын саралайды. Мысалы, дәстүрдің озығы бар, тозығы бар.

Адам баласының бойына жан сұлулығы мен тән сұлулығы қатар, сабақтас дамымаса, қоғам рухани тығырыққа тіреледі, оның салдарынан адамгершілік ауқымына сыймайтын қылықтар өрістеуіне апарады. Егер жас ұрпақ руханилығынан айырылса, онда ол жалаң, жұтаңдыққа бой алдырады.

Ұлт талғамы – тегінде. Рухани биіктік, рухани ізденіс, рухани талғам. Адам өзін-өзі тануға ұмтылғанда қажеттілік-ұят сезімі оянады, нәтижесі – талғам.

Қай ұлт болмасын өз бойын өзі ұдайы ұқыптап, тексеріп тұрмаса ұлт ретінде ұлық пен кішік сипаттарын, құлықтық көзқарасын, тәлім-тәрбиесін, салт-санасын, мәдени өріс, қонысына жіті зерделемесе, ол зерделегенінен тағылымдық-тұрмыстық ғибрат алып отырмаса, онда кейбір, қасиетсіз әдет-қылықтар атадан балаға ауысып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, әр ұлтқа мінез, салт, болып ене бастайды. Асқына келе мұндай дерт ұлттық мінездің құрамдас бөлшегіне, ажырамас серігіне айналып кетеді. Мысалы, кеңестік дәуірдегі 70 -жылда тегімізден (тектілік) қалған талғам, құдіреті төтеп бере алады. 70-жылдық саясаттан рухани талғамда «қуыс» пайда болды; алған талғам адам болмысына жұғыспайды. Мысалы, теледидардағы хабарлар мазмұнына уақыт өте келе пікір өзгереді, көзқарас пайда болады. Тәрбие білім мен әлем кеңістігіне шығу мүмкін емес. Ұлттың ұлылығы оның тектестік, тұтастық деңгейінен, атадан қалған қанатты

қазынасы – тілінен, өнегесі – өрісі болатын тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан мұрасы-дәстүрлі өнеріне деген құштарлықтан көрінеді. Ұлт талғамының тамыры-халықтың тегінде, болмысында. Тегінде бар тозбайды. Қажеттіліктер:

1. Қолда барды бағалау, нарқын білу. Мысалы, Абай эпопеясын дүние жүзі бағалаған кезде, қазақ түсінбеді, себебі тұтастықта қалыптасқан рухани талғам болмады.

2. Әдеби шығармалар тауар, оны ұлттық әлемдік деңгейде жарнамалау, өткізу керек.

3. Рухани талғамға ширығу қажет.

4. Ұлттық деңгейдегі болмысқа тән сұраныс, талғам болуы.

Жас ұрпақты рухани мәдени мұралар негізінде баулу, өсіп келе жатқан жас өрендер өздерінің ұлттық мәдениетін дамытып отырып, ғылымда, өндірісте, әскери және құқық салаларында еуропалық сияқты алға басу, яғни өркениетте оларға теңелуі қажет. Адамның мәдени болмысы өзі туып-өскен, тәрбиеленген мәдениеттің болмысына байланысты толысады. Адам баласының рухани жетілуінде шарықтаулар мен құлдыраулар алмасып отырған. Адамзат баласының әлеуметтік және рухани өмірінде үздіксіз козғалыс болуы заңды құбылыс. Ұрпақ өткенді меңгеріп, қабылдап, түсініп, өзіміздің тарихи, рухани, мәдени байлықтарымызды, оның берік ірге таста сүйене отырып игеретін, бүкіл әлемдік өркениетке лайықты орын алатын кез туды.

Жалпы адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу-ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдардың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да бай, дамыған мәдени-ғылыми, философиялық ойлары бар халық. Мұнда зерделі халықтың әлемдік мәдениеттен тыс қалуы қиянат. Мақтануға да, өзгеге жарқыратып көрсете аларлық та рухани қазынамыз, ата-баба калдырған өткеніміз бар. Әрбір халықтың ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген әлеуметтік-философиялық ой-пікірлері болады. Жас-

тардың мәдени және рухани өсу белестерін анықтау ісі өз алдына бір мәселе.

Сонымен, ұлттың рухани мұрасы адамзатқа ортақ болғанымен, әр халық осы түсінікке өз тіршілігі тұрғысынан келді. Қазақ жерінің батысы Атыраудан, шығыс Алтайға дейін созылып, орасан зор көлемді алып, ертеден рулық, тайпалық бөлінуіне қарамастан, түрлі аймақтардағы дүниетанымдық көзқарастары ортақ. Қазақтың кең алқапқа қоныс тепкен, сан жағынан көп, өзіндік этномәдени мұрасы бар, бірегей антропологиялық тұрпаты, ұлттық мінез-құлқы бар екенін де естен шығаруға болмайды.

Жастардың тарихи санасын қалыптастыруда олардың тарихи танымдарын дамытуымыз керек. Тарихты тану кейбіреулердің ойлағанындай, тарихи оқиғалар мен деректерді білу ғана емес, сол тарихи деректер арқылы ақиқатқа жету. Шындығында жан-жақты мәдениет иесі тарихи сана белгілерін мол меңгерген адам. Басқаша айтқанда, тарихи сана – этникалық және жалпы мемлекеттік сананың негізі ұлттық ой-сана, этностық мыңдаған жылдық аңыз-этносанасы, бейне-белгілері, наным-сенімдері халықтық тарихын білу арқылы ғана ерекшелінеді. Халықтық ұлттық ерекшелігін өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында болып, халықтың салт-дәстүрлі мен әдет-ғұрпын терең зерттеген, өзінің «Из Сибири» деген еңбегін жазған неміс оқымыстысы, академик В.В. Радловтың (1837-1918) еңбегінде былай деп көрсетілген: «Менің қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат – бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, басбұзар, қарақшы, тұқымын құртуға тұрарлық халық емес. Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға караған көзқараспен қарау керек... Олардың өмірге көзқарасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпы, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан жыл бойы көшіп-қонуға негізделген» [3, 54 б.]. Ойды бейнелеп беруі және ашық өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды) тіпті Батыс Азияның француздa-

ры деуге болады. Қазақ халқының дара ерекшелігіне небір шетел зиялылары бас иген, құдіретін мойындаған. Демократ, интернационалист ғалым А. Янушкевич: «өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасында бұл көшпенділердің құрметті орын алатын кезі келді» [4, 88 б.] – деп, көрегендік пікір айтқаны дәлел. Егемендікке қол жеткізгеннен соң жаңа тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени-рухани дүниелеріне зер сала бастады. Ұлттық қоғамдық ойлар ішінде дәстүр мен қазіргі уақыт арасындағы кайшылық пайда болды. Батыстық рухани байлықтарына тәнті болудан арылып, ұлттық ойдың ерекшелігін менгерудің уақыты келді. Бірақ Еуропаға тән нәрсенің барлығынан бойды ала қашудың кажеті жоқ. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтарды тиімді үйлестіру мәселені алға қоя отырып, оларды мүлдем жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы айтылып отырған тұжырым мектеп оқушыларының қазіргі ұлттық санамыздың өткенін, бүгінгі игілігін, болашақ мақсатын диалектикалық тұтастыққа қарастырып, дүниетанымдарының сапалық нәтижелерін дамытуға мүмкіндік береді. Қазақ халқының әлемдік өркениеттегі орны немесе тарихи сахнадағы ролі туралы ой қозғасақ, әуелі жеке әрі бірегей ұлт ретінде оның өнерін, ұлттық психологиясын, салты мен дәстүрін, әдеті мен ғұрпын, мінез-құлқын, сенімін жете түсініп, дұрыс көзқараспен бағалау қажет. Тіпті, тамыры ортақ, тегі бір, тілегі үндес жатқан түркі халықтарының өздерінің де айырмашылық ара қатынасы бар. Ауыз әдебиетінсіз халық болмайтыны ақиқатты шындық. Сондықтан да қазақ халқының жеке ұлт ретінде дараланууына дәлелдердің бірі – қазақ халық ауыз әдебиеті түрлеріндегі өзіне тән ерекшеліктері. Бұл ерекшеліктер халықтың төл-тәрбиесімен ұштасып, өзекті түрде жалғасып жатыр. Заман желінің оңынан туып, қазақ халқы егемендікке қол жеткізіп өз қазынасына үңілгелі халықтың тәлім-тәрбие ілімі қайта

түлеп, жаңарып, тұрмыс-тіршілікте іске асырыла бастағаны, бұған деген халық құлшынысы қуанарлық жай. Осы жолда тәрбиенің таза, шынайы мөлдір болуы басты шарт.

Әдебиеттер

1 *Нұрмұратов С.* Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.

2 *Машанов А.* Әл-Фараби және Ислам // Зерде. – 1993. – № 11. – 8-19 бб.

3 *Радлов В.В.* К вопросу об уйгурах. Из Сибири. – *Л.*: Наука, 1975. – 243 с.

4 *Сейдімбек А.* Көшпенділер тарихы. – Алматы: Мектеп, 1995. – 353 б.

Резюме

Кемелбеков К.Б. Ценности национальной культуры

В статье всесторонне рассматривается в качестве священного долга для казахской нации впитывание в национальное сознание и передача будущим поколениям духовного наследия на основе собираемого по крупицам и возрождаемого в условиях обретения независимости национального образа мира.

Наряду с этим, говорится, что каждый народ на земле посредством познания, прославления и пропаганды своих ученых, способен развить настоящую национальную культуру.

Summary

Kemelbekov K.K. The Values of National Culture

The article comprehensively regarded as a sacred duty for the Kazakh nation absorption into the national consciousness and the transmission to future generations of the spiritual heritage on the basis of collected bit by bit and is reborn in the conditions gaining independence of the national image of the world.

Along with this, they say that every nation on earth by means knowledge of praise and promote their of scientists capable of developing real national culture.

ЕВРАЗИЙСКАЯ ЦИВИЛИЗАЦИЯ – ИМПУЛЬС В ВОЗРОЖДЕНИИ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ КАЗАХСТАНА

Дайрабаева Гуланда Бегалиевна,
доцент МКТУ имени К.А. Яссауи, кандидат философских наук
Малдыбек Акмарал Жұмағұлқызы,
доцент МКТУ имени К.А. Яссауи,
кандидат философских наук
akmaral.maldibek@mail.ru
Ахметова Гулдана,
магистрант МКТУ имени К.А. Яссауи,
(г. Туркестан, Казахстан)

Статья выполнена на основе научно-исследовательского проекта университета Ахмеда Ясави «Түркі әлемі және Ұлы Жібек жолы ареалындағы интеграциялық, жаңашылдық үрдістер» (договор № 15/1167)

XXI век наследовал тревоги и противоречия века XX. Это – извечные проблемы войны и мира, сосуществование разных культур и религий, геополитическая рутина. Вот почему сегодня все более очевидна ценность открытий евразийцев. Л. Н Гумилев определил историю не гуманитарной, а естественной наукой, обосновав закономерность возникновения все новых и новых этносов. Полный запрет с евразийских трудов был снят только в конце 80-х годов XX столетия, перед самым распадом Советского Союза.

К счастью, на постсоветском пространстве нашлось государство, где внимательно отнеслись к евразийскому учению. По общему признанию, именно Казахстану – единственному государству СНГ – удалось нащупать пути-дороги преодоления всеобщего кризиса: морального, интеллектуального, культурного. Это произошло потому, что началось не скованное догмами и запретами советской эпохи обращение к прошлому, глубокое освоение исторического наследия, под-

робное изучение личностей и событий от седой древности до наших дней. Совершилось (и продолжается) открытие многих ранее недоступных источников, появились многочисленные исследования по истории казахов и других народов Центральной Азии, о конно-кочевой культуре, о связях с иными культурными мирами.

29 марта 1994 года Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым было высказано предложение о необходимости евразийской интеграции постсоветских государств. Это произошло на встрече с профессорско-преподавательским составом и студентами Московского государственного университета им. М.В. Ломоносова в рамках первого официального визита Президента Казахстана в Российскую Федерацию. Нурсултан Абишевич высказал тогда идею создания Евразийского союза (ЕАС) – совершенно нового объединения из стран-участниц СНГ, а позднее представил всем главам государств Содружества конкретный проект его создания, в котором обозначил формирование единого экономического пространства как неотложную и приоритетную задачу для СНГ.

Сегодня именно Казахстан становится оплотом концепта евразийства, и это неслучайно. В свое время, Л.Н. Гумилев полагал, что неотъемлемый признак пассионарности, готовности народов и культур к созиданию и творчеству, к великим деяниям и свершениям – «пассеизм» – любовь и верность к прошлому, истории, духовным энергиям народа и традиции [1, с. 112]. Стремление к будущему должно быть основано на любви к прошлому, на верности своим истокам, своим корням. Современное казахстанское общество переживает национальное возрождение – оно «пассеистично» и «пассионарно».

Идея евразийства основана на духовно-нравственном и культурно-историческом взаимодействии евразийских народов в течение тысячелетий. Сама история сформировала и одобрила Евразийский союз народов. Этот урок евразийского содружества особенно поучителен в условиях глобального кризиса, который в своей глубинной основе есть кризис си-

стемы ценностей, кризис человеческого сознания и человеческой психологии. Следовательно, его разрешение связано в первую очередь с выдвижением именно таких идей, как идея евразийская – имеющих духовно-нравственную сущность и мощный интегративный потенциал. То, что идея евразийства не отождествляется с какой-либо одной страной, что она принципиально многосубъектна, имеет для мировой политики XXI века принципиальное значение. Идея евразийства нацелена на такое единство и целостность, которые бы не подавляли и не ассимилировали уникальность народов, а, напротив, питались их разнообразием. Ведь фундаментальной особенностью современной Евразии является этнокультурное богатство и соединение в одной модели элементов тюркской, исламской, славянской и западноевропейской цивилизаций. В нашем регионе, и, даже более конкретно, в нашей стране, переплетаются и взаимопроникают традиции Востока и Запада, происходит реальный диалог культур и цивилизаций. Во всестороннем и активно развивающемся диалоге, на основе идеи евразийства, основополагающим фактом становится то, что Евразия не только была колыбелью некоторых крупнейших мировых цивилизаций, но и служила мостом между ними.

Утверждая и развивая свою этническую, культурную, языковую и религиозную самобытность, Казахстан укрепляет базу для цивилизационного сближения народов и государств на новом этапе развития евразийства. «Евразийская общность – это не интернационал «безродных космополитов», это достойный и взаимоуважительный диалог древних культур и традиций. И чем лучше человек знает свою собственную традицию, тем больше склонен уважительно относиться к традициям других». Поэтому евразийская интеграция не только не противоречит национальному возрождению, но, наоборот, немыслима без такого возрождения, основывается на нем [2, с. 21].

Чтобы найти свое место в мировой системе отношений и эффективно и свободно конкурировать на мировом рын-

ке, постсоветские государства должны делать шаги навстречу друг другу, согласовывать свои национальные интересы и основные параметры динамики социально-экономических процессов, развивать экономическую и гуманитарную интеграцию. Именно на пути региональной интеграции можно, по мнению Н.А. Назарбаева, адекватно ответить на вызовы и угрозы глобализации. От национальных государств к региональным интеграционным объединениям и от них к глобальному миру – такова перспективная формула концепта евразийства. В свете этих позитивных процессов обретает особую значимость мысль Президента РК: «…Я выдвинул и буду развивать идею евразийства, за которой, я убежден, стратегическое будущее» [3].

Любая страна, взятая в определенную эпоху, либо принадлежит к одной из существующих цивилизаций, либо тяготеет к какой-то, либо, наконец, сама по себе представляет отдельную цивилизацию, являясь страной-цивилизацией. В этой связи очень правильны, на наш взгляд, слова академика НАН РК Г. Есима о том, что: «Біз ұлттық мәдениет, қазақстандық мәдениет, ұлттық ерекшелік деп айтып та, жазып та жүрміз. Ойлаймын, осының бәрінің басын бір ұғымға сыйғызып, оны «казақстандық өркениет» дейтін мезгіл жетті» («Мы говорим и пишем о национальной культуре, казахстанской культуре, национальном менталитете. Думаю, что пришло время все это объединить в одно понятие «казахстанская цивилизация») [4, с. 31]. Этот тезис казахского философа в какой-то мере совпадает с мнением современного узбекского философа А. Д. Шарипова, согласно которому «цивилизация есть определенное единство духовно-материального состояния общества, проявляемое в контексте основных духовных особенностей и конкретных материальных стандартов разных масштабов» [5, с. 6]. К такому единству и стремится сегодня Казахстан, ставя перед собой амбициозные цели и формируя свою цивилизационую идентичность.

Казахстан как страна, находящаяся в центре Евразии, стремится участвовать в создании новой многополярной

мировой политической системы, целями которой являются обеспечение безопасности и высокая степень интеграции. Как отмечает Президент РК Н.А. Назарбаев: «Казахстан – уникальное государство в Азии, в котором переплетаются европейские и азиатские корни. Представители разных народов составляют единство в многообразии. Сочетание разных культур и традиций позволяет нам впитывать лучшие достижения европейской и азиатской культур», Востока и Запада [3].

Казахстанская модель миропорядка, предложенная Н.А. Назарбаевым, созвучна всем странам, так как она опирается на общегуманистические ценности, которые понятны каждому человеку. В таком контексте феномен межкультурного диалога в рамках евразийской интеграции приобретает первостепенную значимость. В современных условиях межкультурный диалог приобретает новые формы и значение. «Оценивая перспективы взаимодействия цивилизаций на современном этапе, необходимо выделить активную роль диалога культур, диалога цивилизаций и создание единого человеческого сообщества, которое не отрицает многообразие культур, но базируется на этом многообразии как богатстве всего человечества» [6, с. 41]. Неслучайно интеграционным процессам, предложена роль движущей силы мировых духовных ценностей, гуманистического образования и созидательного творчества на всем евразийском пространстве. Республика Казахстан, будучи активным участником интеграционных процессов, вносит посильный вклад в распространение, обогащение сокровищницы мирового культурного многообразия. Культурный пласт, который затрагивает интеграционный процесс, обусловлен логикой исторического развития и отвечает требованиям времени. Вопросы культурной интеграции требуют своего развития в контексте диалога взаимодействия и равноправного сотрудничества цивилизаций. Ввиду актуальности тематики, правительством Казахстана предпринимаются шаги по достижению лидирующих позиций не только в системе евразийской или тюркской экономики и политики, но и

науки и культуры. Перспективным направлением становится развитие и модернизация сферы культуры, и ее интеграция в систему международной культурной коммуникации. В Астане 15 июня 2012 года состоялся форум «Евразийская культура в новом мире». Культурный форум – это еще одна возможность для совместного поиска путей устойчивого развития стран, укрепления доверия и взаимопонимания между ними. Заявленная цель форума – укрепление культурно-гуманитарного сотрудничества между странами СНГ. На форуме творческая интеллигенция заявила о новом этапе интеграции – объединении усилий в сферах культуры, искусства и образования, для осмысления духовных аспектов реализации евразийской идеи и ее роли в процессах глобализации. Все выступления участников форума проявлялись в виде ведущих культурных императивов: свободы, терпимости, взаимопонимания. Озвученные на нем идеи, уникальны по свое сути. Они выступают за проявление всеобщего, консолидирующего начала культур Востока и Запада, как самодостаточного явления, влияющего на процесс формирования мировой метакультуры. На форуме особняком стоял вопрос по расширению сотрудничества между странами в сфере образования и науки. МОН РК, являясь неотъемлемым каналом интеграционных контактов должен продолжить поиск новых подходов по укреплению научных, образовательных связей для формирования модели «евразийского» патриотизма молодежи. Поиск объединяющих точек соприкосновения в этом вопросе, позволит укрепить связи Казахстана со странами Содружества. Казахстан – страна с глубокими традиционными корнями, обладающая непостижимо богатым духовным наследием. В настоящее время все больше и больше людей, осознавая это, стали обращаться к своим истокам, к культуре предков, стали стремиться осознать всю степень значимости бесценной духовной сущности традиций, искусства, мировоззрения своих предшественников. Межкультурный диалог Востока и Запада необходим не только ради изучения и понимания другого, но и для осознания самого себя. Он позволит каждому человеку

постичь всю несоизмеримость того духовного богатства, которое создавалось и накапливалось на протяжении всего периода истории мировыми цивилизациями. «Именно в диалоге цивилизаций каждая культура обретает вновь свою идентичность, возвращается к своим истокам» [7]. Астанинский форум научной и творческой интеллигенции СНГ, призвал развивать культурно-гуманитарное и информационное сотрудничество на евразийском пространстве. Считая, что «культурное взаимодействие… создает максимально благоприятные условия для наращивания сотрудничества в политической, экономической и других сферах», дает уверенность «в плодотворности сотрудничества основанного на стремлении наших народов к добрососедству, политической воле наших лидеров, порыве к сотворчеству людей культуры и искусства».

В начале XXI века возрождение идей тюркской интеграции было связано с Республикой Казахстан. В 2006 году впервые идею создания Совета сотрудничества тюркских государства высказал на саммите в Анталье (Турция) Н.А. Назарбаев. Стержнем тюркской интеграции традиционно выступает гуманитарная составляющая, где центральными являются вопросы культуры и языка. Тюркский Совет стал базой для создания нового регионального общетюркского объединения, призванного усилить единство народов, живущих в сходной языковой и культурной среде, и укрепить политические и торгово- экономические связи между ними. На IX саммите, Казахстаном было предложено создать ряд общетюркских институтов гуманитарной направленности: Центр изучения тюркского мира и Тюркскую академию, а в ее составе – Центр тюркской истории и культуры, Центр изучения тюркского языка, Тюркскую библиотеку и Тюркский музей. В мае 2010 года эти инициативы Казахстана обрели первые реальные черты. Так, 25 мая 2010 года в Астане во Дворце мира и согласия Президенты Казахстана Нурсултан Назарбаев и Турции Абдулла Гюль открыли новый научно-исследовательский центр – «Тюркскую академию». Тюркская академия стала показательным примером практического воплощения по-

литических решений, направленных на укрепление духовного единства тюркского мира. При этом, как отметил Президент Казахстана, Тюркская академия будет «через шкалу общечеловеческих ценностей способствовать глубокому осмыслению богатейшего научного и исторического наследия как тюркской, так и всей мировой цивилизации». Президент Турецкой Республики Абдулла Гюль, выступая на церемонии открытия академии, заметил, что «мир еще до конца не осознал и не оценил роль тюркского мира в общем развитии цивилизации. Наша задача – открыть человечеству богатый пласт культурно-гуманитарных ценностей, веками формировавшихся на нашей территории» [7, с. 54]. Со своей стороны Глава Казахстана подчеркнул, что «мы являемся наследниками тюркского народа и имеем общие исторические корни, поэтому должны уметь пропагандировать священное наследие на евразийском пространстве». Следующим шагом в реализации тюркского проекта стало создание международной Ассоциации историков и обществоведов, которая начала координировать деятельность ученых разных стран, направленную на изучение проблем общественно-политической и социально-культурной жизни евразийских государств. Признание Турцией лидерства в Центральной Азии именно за Казахстаном все больше привлекает к Астане симпатии тюркоязычного мира. Таким образом, сближение тюркоязычных государств в целом является важным фактором евразийского сотрудничества. Современные реалии таковы, что консолидация тюркского мира не противоречит широкой евразийской интеграции, а, наоборот, влияет на нее позитивным образом. Таким образом, Казахстан, имеющий потенциально выгодное историко-географическое расположение становится своего рода центром, связующим мостом в интеграционных процессах Содружества и тюркского мира. Решающим фактором сохранения и развития диалога культур в этом процессе становится межкультурная коммуникация. Она позволяет формировать и поддержать культурный имидж Казахстана, развивать международное сотрудничество в областях науки,

культуры, образования, способствовать распространению достижений современного Казахстана. Вместе с тем этот процесс может упрочить демократическое государство, обеспечить права и свободы общества, способствовать формированию национальной культуры, сохранить многообразное культурное наследие и обеспечить межконфессиональное согласие народа Казахстана [8]. Становится очевидным, что перспективы межкультурного диалога в рамках евразийской интеграции весьма обширны и показательны, и роль Казахстана в нем действительно ощутима. Диалог в рамках науки, культуры, и образования – едва ли не один из самых совершенных и доступных механизмов евразийской интеграции для тюркского мира.

Литература

1 *Шалабаева Г.К.* Казахстан: от древних цивилизаций к современности. – Алматы, Экономика. 2012. – 258 с.

2 *Гаджиев А.* Проблемы и перспективы интеграции тюркского мира: создание Делового совета тюркоязычных стран. // www.iimes.ru/rus/stat/2011/23-10-11b.htm

3 *Назарбаев Н. А.* Евразийский Союз: от идеи к истории будущего / Известия, 25 октября 2011 года.

4 *Есим Ғ.* Қазақстандық өркениет және өркениеттік сана /Казахстанская цивилизация в контексте глобализации и поиски путей культурной идентификации: Материалы международной научной конференции, 30–31 октября 2003 г. – С. 18-21

5 *Шарипов А.Д.* К истокам цивилизационного подхода в трудах некоторых центральноазиатских мыслителей / Материалы V Российского философского конгресса, том II. – Новосибирск: Параллель, 2009. – 544 с.

6 *Мадияр Д.* Культурная интеграция // www.centrasia.ru/newsA.php?st=134057202

7 *Нечипоренко О.В., Нысанбаев А.Н.* Россия и Казахстан в XXI веке. Опыт модернизационных реформ. – Новосибирск, 2005. – 177 с.

8 *Николенко Н.Н.* Межкультурный диалог в контексте современных казахстанских реалий // sibac.info/index.php/2009-07-01-10.../576-2012-01-17-04-53-29

Түйін

Дайрабаева Г.Б., Малдыбек А.Ж., Ахметова Г. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы толеранттылық мәдениетті қалыптастырудың кейбір мәселелері

Еуразияшылдық идеясы белгілі бір мемлекетпен байланыстырылмайды, ол ұлттық бірегейліктің ерекшелігімен қуаттанатын бірлік пен тұтастыққа бағытталады. Қазіргі Еуразияның түбегейлі ерекшелігі бір модельге жинақталған түркі, ислам, славян, батысеуропалық өркниеттердің этномәдени байлығы.

Summary

Dayrabaeva G.B, Maldybek A.Zh, Akhmetova G. Some Issues of the Formation of Tolerance Culture in the Modern Kazakhstan Society

The idea of Eurasianism is not identified with any single country, it focuses on is the unity and integrity who would not suppressed or assimilated unique people, but rather eat their diversity. After all, the fundamental feature of contemporary Eurasia is an ethno-cultural richness and connection in one model elements of Turkish, Muslim, Slavic and Western civilizations.

ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ АДАМ КАПИТАЛЫ ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Килыбаев Талғат Берікказиевич,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия кафедрасының PhD докторанты
(Алматы қ., Қазақстан)

Көне Шығыстағы адам хақындағы ойтолғамдарды байыптап, оның ішінде ежелгі Қытай мен Үнді философиясындағы антропологиялық көзқарастарға тоқталып, оны былайша жүйелеп ұсыну жөн. Демек, адамды капитал ретінде танудың мынадай ниеттелген бағыттары болғандығына көз жеткізе аламыз. Алдымен, көне Үнді заманындағы адам туралы толғаныстардың «капиталдық» қырларына үңілсек, біріншіден, адамды, алдымен, рухани капитал ретінде бағалауға кезігеміз, екіншіден, адамды әлеуметтік қабаттарға орналасқан әр түрлі тип ретінде тағайындаған идеяларға жолығамыз, үшіншіден, адам өзін шексіз жетілдіруге қабілетті дайын қор, демек, «капитал» деп бағамдаған көзқарастарды табамыз.

Бұндай адамтану мен адам қалыптастыру үлгісі, сайып келгенде, адамды рухани капитал ретінде бағалауға және тағайындауға және сол халықтың баршаға жуық адамы өзінөзі, алдымен, рухани тұлға ретінде тануына келіп бағдарланған деп тұжырымдай аламыз. Бірақ, әрине, бұл тұста, батыстық емес, шығыстық, нақтырақ айтқанда, «Көне Үнділік рухани капитал моделі» деп айтуға болатындай өзіндік бір нұсқаның стихиялы түрде қалыптасқандығының куәсі боламыз. Бірінші тарихи тұрғыдан, бұл елдің руханиятында неліктен, нирваналық жағдай, иога өнері, ахимса т.б. терең экологиялық этикалардың орныққандығымен дәйектелсе, екіншіден, әлеуметтік тұрғыдан, бұл елдің халқының басым көпшілігі, бүгін де, материалдық игілікке ұмтылмай, тым кедейшілік қалыпта өмір сүріп отырғандығымен өздігінен ұғынылады. Міне, біз, бұдан көне дәуірлердегі діни

философияға негізделген адамды капиталдандырудың ұзақ мерзімдік сратегиясын байқай аламыз.

Ендеше, руханилықты басымдыққа шығаруға тағайындалған буддизм, индуизм, сикхизм діндері олардың адамгершілік қырларына маңыз берді де, ол бостыққа медитациялармен, нирваналық жағдайлармен, физиологиялық кемелденумен көмкерілген болатын, бұл тұста, адам экстра капитал емес, «интроспекцияланған капитал» деп айтуға болатын өзіндік тұйықталумен шектелді. Бұл тұйықталу үмітсіз өзін-өзі жоғалту емес, өзін-өзі шексіз жетілдіруге қабілетті қор ретінде белгіленді. Ендеше, бұл жердегі «капитал» «адам – шексіз қорлары мен мүмкіндіктері бар тұлға» деген сияқты ұстанымменкеліп орайласты, бірақ, бұл жетілуден игілік пен байлыққа деген ұмтылыспен ниеттелетін экономикалық жағы тыс қалып жатты. Сайып келгенде, бұл қатаң варналар мен әлеуметтік қабаттардың ара жігінің алшақтай түсуіне алып келді. Демек, бұндағы тұлға «рухани капиталданған тұлға» және «материалдық жағынан қамтамасыз етілген тұлғаға» қатаң ажырап кетті деп айта аламыз.

Көне үнділік адам капиталының қалыптарындағы жағымсыз жақтар мен жағымды келбетті былайша таразылап беруімізге болады: жағымсыз ықпалдар – адамның қоғамнан оқшауланып, әлеуметтік-экономикалық капитал ретінде өздігінен ығыстырылуы, қоғамдық прогреске, ұлттық мүддеге айтарлықтай шабытты үлес қоса алмауы т.б. болса, жағымды қырлары – толыққанды, кемелденген рухани капитал ретінде жеке тұлғалардың жаппай қоғамдық сипат алуы, медитация, иога, транс жағдай т.б. арқылы үздіксіз терапиялық жағдайда болып, денсаулығы мықты ресурстардың кемелденуі, дінге ынтасымен бет бұрғандардың үлес салмағының артуы т.б. Олай болса, адамды капиталдандырудағы діни философияның ивестициялаушылық қызметінің маңызды болғандығына көз жеткізе аламыз.

Ал көне Қытай философиясының діни сипатты құрылымында да адамға баса назар аударылды. Адам қоғамдағы белсенділігі арқылы кемелденген және ізгілікті болуы талап

етілді. Конфуции іліміндегі «Қайырымды ер» идеалы мен «Дана» қастерлілігі адамды интеллектуалды және білім капиталына қарай баулуға жетеледі. Дана мүлде оқшау, аса интроверттелген емес, қоғамдық санаға ықпал ете алатын, шәкірттер дайындайтын, білім мен адамгершілік құндылықтарының идеологтары қызметін де қоса атқарды. Ендеше, Дана мен Қайырымды ер адам капиталының кемелденген, озық үлгілерін адамгершілік пен парасаттылық негізінде ұсынды. Бұдан, біз, адам капиталының сапасы оның «Қайырымды ер» болу идеалымен қамтасыз етілгендігін көре аламыз.

Бұл мұраттар Қытай дүниетанымы мен ділінде бірнеше ғасырларға созылды, сәйкесінше, мемлекетте ғылым мен өнердің дамуы да айтарлықтай нәтижеге көтерілді. Ендеше, көне Қытайлық адам капиталы туралы ниеттелген идеялар «оқшауланған-әлеуметтенген» кейіпте құрылды деп бағамдай аламыз. Бұл ілімде де адамды ұзақ мерзімге капиталдандырудың белгілі бір қалыптары мен стандарттары құрылғандығының куәсі бола аламыз.

Ал Даосизмдегі даоны асқақтандыру мен қастерлеуден туған адам болмысының құрылымы: ғарыштық үйлесімділікпен үндескен, тәні мен рух бірлігі қамтасыз етілген, қоғамда кемелденген әлеуметтік әлеует құру болып табылады. «Даоның антропологиялық және тәжірибелік мәні: адамгершілік нормаларын сақтап, ой тазалығына дейін өрбуге жол көрсететін, әлеммен үйлесімділікті негіздейтін, тұлғаны жан-жақты жетілдіруді қалайтын ілім болуында. Бұл ілімнің тағы бір ерекшелігі адамның рухани өрлеуімен қатар, тәндік жетілуін де назардан тыс қалдырмауында болып отыр», – деп бағамдаған көзқарастар да [1] біздің пікірімізді қуаттай түседі.

Н.Байтенова, А. Құрманалиева сынды дінтанушы-философтар тұжырымдағандай, даосизмнің тәжірибелік қырлары: ұзақ өмір сүруге жаттығу, эликсир мен алхимия, фэн-шуй, диета сақтау, гимнастикалар, цигун, жекпе-жек өнері, шөппен және инемен емдеу т.б. дәстүрлер мен қазіргі

ғылым негіздеріне алғышарттар болды [2]. Міне, бұдан, даостық философияның адамның денсаулығын капиталдандырып отыруға баса мән бергендігін аңдай аламыз.

Ендеше, көне Қытай мен ежелгі Үндідегі адамды капиталдандыруда дін мен философияның маңызды роль атқарғандығы туралы ой түйіндей аламыз. Өйткені, ол, біріншіден, мемлекеттік шығындарды аса көп мөлшерде қажет етпейді, екіншіден, адамның руханилық капиталы өздігінен арта түседі, үшіншіден, ол белгілі бір нақты қалыптардың сақталуын, мызғымастығын қамтасыз етеді, төртіншіден, ұлттық адам капиталының өзіндік төлтума үлгісін паш етеді.

Антикалық философияның космоцентрлік сипатынан кейін антропологиялық бағыты қанат жайғандығы белгілі. Адамға деген бетбұрыс, оны капитал ретінде ұғынудың бастапқы нышандарын былайша топтап, талдап көрсетуімізге болады:

- психологиялық-руханиланған адам: «Өзіңді өзің таны» (Сократ) – адамның инвестициялануында, алдымен, адамгершілік қорлардың қалыптасуы, әркім өзінің толыққандығы мен кемелділігін сезінуі, жеке адам капиталына қалыптастыруға маңыз беру т.б. шарттар бар.

- саясиланған-әлеуметтік болмыс: «Адам – қоғамдық хайуан» (Аристотель) – адамның еріксіз түрде әлеуметтік капиталданатындығы, саяси-мәдени тұрғыдан адам еріктіеріксіз түрде мемлекеттік инвестицияға айналатындығы т.б. ой ниеттері жатыр.

- антропоцентрленген адам: «Адам барлық заттардың өлшемі: өмір сүріп тұрғандығы үшін өмір сүретіндердің, өмір сүрмейтіндігі үшін, өмір сүрмейтіндердің» (Протагор) – адамның мүмкіндіктерін, әсіресе, таным мен білімдегі мол қорларын ашып беріп, тіпті айқындаушылық, верификаторлық-фальсификаторлықроліныңғайластырады.

- Ғарыштанған, әлеммен құрамдасқан адам: «Адам ықшамғарыш» (стоиктер), «Логостан ажырамау» (Гераклит) т.б. лейтмотивтерден анығырақ байқалады – бұл тұста да

адам капиталы тым абстрактілі және енжар адам капитал түріне жатқызылады.

- Әртарапты этикалық тұлға болмысы: гедонистік (киренаиктер), аскеттік (киниктер), эвдемонистік (эпикурлықтар) т.б. – жеке адамдық капиталға басымдылық беріледі де, өмір сүру стилінің түрлері жолға қойылады, бұнда да адамның енжар капиталдануы байқалады.

- Ағартушылық капитал: пифагоршылдар, аристотельшілдер, платоншылдар т.б. тек философтарды ғана емес, білімқұмар жастардың барлығын қамтитын экзотериялық мазмұнда болған еді – білімді әртарапты мазмұнда беру арқылы оның капиталдық өлшемін ұғына білудің бастамалы және интеллектуалдылыққа бағдарлан инвистицияларға сәйкес ұстанымдар жатыр.

Демек, біз бұдан адамның әлеуметтік болмысының бір жақты емес, әр тараптанған үлгісін тани аламыз. Бұл бағдарлар бір қырынан теориялық болса, екінші бір қырынан қоғамдағы адам қорларының қандай болуы қажеттігі туралы таза тәжірибелік нұсқаулықтар болып табылады. Мысалы, киниктер тек аскеттік өмір идеалын ұсынушы ғана емес, әрі сол бағыттың практиктері, қоғамда енжар адам капиталынының қалыптасуына үлес қосады. Бұл бағыттар, әлеуметтік адам болмысының белгілі бір қорларын қалыптастыратын жекелердің өмір сүру салтымен келіп орайласады да, бүгінгі күнгі жеке адам капиталы түсінігімен сәйкестенеді. Ендеше, адам капиталы көне Грек жерінде әмбебаптанған және плюралистік сипатта қалыптасқан еді.

Ал құл иеленушілік қоғам тұрғысынан алғанда құлдар еңбек капиталы мен қол еңбегінің ресурстары ретінде бағаланды және физиологиялық құрал, өндіргіш күштер ретінде ғана танылды.

Батыс Еуропалық орта ғасырдың теоцентрлік сипатына орай, бұл кезеңде, «адам құдай құзыретінің еншісіндегі құлы» деп атауымызға болатындай қағида үстемдік етті. Бұл кезеңдегі философия адамнан гөрі Құдай болмысын таразылаумен көбірек шұғылданғаннан кейін, адам капи-

талы хақындағы идеяларды нақыштап, туындатып шығару да қиындықтар келтіреді. Олай болса, «Адам – өмір бойы күнәсін жууға тағайындалған әлеуметтік енжар рухани капитал» болды деп ойымызды тиянақтауымызға болады.

«Человек есть по существу своему живой, личный дух; и религиозность есть состояние духовное», – деп ұсынылған ойларға [3] сәйкес, адам алдымен, дінге қызме етуге тағайындалған капитал ретінде бағамдалған еді.

Дегенмен, бұның бәрі діни білімденген енжар тұлғаларды интвестициялау деп түсінбеуіміз керек, ол кезеңде бірнеше университеттердің ашылғандығын да ескерсек, ғылыми білім капиталын қордалау жағдайлары да кездескендігінің куәсі боламыз, бірақ интеллектуалдық капиталдың басты өлшемі – діни христиандық теология болғандығы белгілі.

Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ренессанс кезеңіндегі білім капиталының мынадай өзіндік ерекшеліктері болғандығын былайша жинақтап беруімізге болады: ретроспективті сипат – көне Антикалық мұраларға бетбұрыс және оларды қайта жаңғырту; энциклопедизм – жаратылыстану, философия, қоғамдық ғылымдар саласын бір ойшыл тұлғаның иелену дәстүрі; мұсылмандық теология – ислам діні білім капиталының құрамдас бөлігіне айналды; аксиологиялық – жалпы білім мен интеллектуалдық жоғары құндылық ретінде бағаланды. «Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені аша білу қабілетіне ие болу деген сөз» деген (Әл-Фараби) афоризмді орта ғасырдағы араб-мұсылмандық дәуірдегі интеллектуалдық капитал қалыптастырудың негізгі лейтмотиві деуімізге де болады. Бұл дәуірдегі білім капиталының стратегиялануы оңды нәтижесін көрсетті, сондықтан ренессанс 4 ғасырға созылды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманизм мен антропоцентризм – адамды капитал ретінде ұғынудың белсенді бастамалары деп тануымызға болады. Оны мынадай салаларға ажыратып көрсете аламыз: Бірінші, адам болмысының діни танымдағы орны неоплатоншылардың идеяларында анықталды: «адам періште мен хайуан арасында», «адамда жерлік, рухтық,

аспандық сапалар жинақталған» т.б. бағалаулар, алдымен, адамды өзіндік бір құндылық ретінде тануға бағдарланды. Демек, адам құндылығы мен оның қоғамдағы маңызды ролі, түптеп келгенде, оны капиталдандыруға немесе капитал, қор ретінде ұғынуға қарай жетеледі.

Екінші, дін мен ғылым, әсіресе, жаратылыстану ғылымдары арасындағы қайшылық, алдымен, білімді астрактілі құндылық деп танудан, капитал ретінде түсінуге жетелеген көзқарастардан туындады деп айта аламыз. Бұл кезеңде білім мен ғылымның бірлігі ғана емес, оның тәжірибелік қолданбалы баспалдағына көтерілуі ренессанс дәуіріндегі аса маңызды ерекшелік. Бірінші ғылыми төңкеріс, тек қана ғылыми емес, ғылыми-техникалық сипат алды. Демек, ғылым мен білімнің тәжірибеде қолданылып, қоғамдық өмірге игі ықпал етуі, сол дәуірдің өзінде оң нәтижесін беруі – білім мен ғылымның нағыз капиталдана бастауына алып келді деп тұжырымдаймыз. Ал орта ғасырдағы «адамның рухани болмысымен тұтастанған» дін, бұл кезеңде «адам капиталының өмір сүруінің маңызды рухани шарттарының біріне» ауысқандай болды.

Үшінші, экономикадағы және қоғамдық өмірдің басқа да салаларындағы адамның орны нақтыланды да, ол қор, ресурс ретінде танылды. Келесі кезекте, адамның капиталдануы мәселесі мен оның «гуманистік негізде капиталдануы» деп атауға болатындай идеялар мен тұжырымдамалар пайда болды. Бұны, Т.Мор мен Т. Кампанелланың утопиялық социализм идеяларына анық байқауға болады. Демек, адамды экономикалық жан иесі ретінде танудың алғашқы баспалдақтары, біздіңше, қазіргі экономикалық адам капиталы түсінігіне келіп жуықтады. Адамды экономикамен тығыз бірлікті қарастырып, оның экономикалық жан иесі екендігі туралы пайымдаулардың ниетін жинақтаған бұл утопия, экономикадағы капиталдың бейнесін ашуға бағытталған бастапқы қадамдар деп айта аламыз.

Төртіншіден, мәдени капиталды нығайтуға бетбұрған ренессанс – музыка, бейнелеу, архитектура т.б. өнер салала-

рын жоғары деңгейге көтерді. Бұны Италиядағы әлемге әйгілі суретшілер легінің пайда болуынан және бейнелеу өнерінің қоғамдық санада елеулі орын алып, шығармашылық туындыларының жоғары бағаланғандығынан байқауға болады.

Қазақ елінің тарихына көз жүгірстек, Р. Әбсаттаров пен Б.М. Аташ бұл ахуалды Қорқыт жырларына байланысты былайша түсіндіреді: «Ендеше, қазақ қоғамында да XIX ғасырға дейін жалғасын тауып келген осы дәстүрдің түп негізі – физикалық тұлға дайындау. Себебі, жаугершілік заман әрбір ұл баланың болашақта әскер қатарын толықтырып, жауға аттанып, елі мен жерін қорғап, физикалық жағынан жетіліп, ерлік көрсетуін талап еткен. Осыған байланысты, түркі-қазақ халықтарындағы дүниеге бала келу құбылысы салтанатты түрде аталып өтілген, оның ішінде ұл баланың өмірге келуі айрықша дәріптелді. Бұның астарында, «әрбір дүниеге келген ер бала – ел қорғаушы тұлға» (әскер) деген қағида жатыр... Нақ бүгінгі күні де жаугершілік заман болмаса да, бейбітшілік орнап тұрса да, ер баланың дүниеге келуінің қыз балаға қарағанда қуанышының ерекшелеу болуы – осы көне дәстүрлерден тамыр тартан архетиптер, яғни, бейсанамыздағы қалыптасып қалған стереотиптер... Сондықтан, жаңұя бұл кезеңде мемлекеттік деңгейдегі ұрпақ (әскер) өндіретін маңызды әлеуметтік институт болып есептелген» [4]. Яғни, ұрпақтарын ерте жастан бастап атқа отыруға, әскери өнерге, батылдыққа, отаншылдыққа баулу – түркі елінің мызғымастығы мен мәңгілігі үшін салынған «саясиланған капитал» деп тұжырымдауымызға болады.

Әдебиеттер

1 *Абдрасилов Т.* Дін философиясындағы адам мәселесі. Филос. PhD докт. дисс. – Алматы, 2015. – 135 б.

2 *Байтенова Н., Құрманалиева А.* Даосизм // Дінтұтқа. – Астана, 2013. – 221-224 бб.

3 *Ильин И.А.* Аксиомы религиозного опыта http://modernlib.ru/books/ivan_aleksandrovich_ilin/aksiomi_religioznogo_opita/read)

4 Әбсаттаров Р., Аташ Б.М. Қорқыт Ата мұраларындағы оғыз-қыпшақ ұлысының саяси-әлеуметтік келбеті// ҚазҰПУ хабаршысы. – 2014. – №2. – 16-33 бб.

Резюме

Килыбаев Т.Б. Формирование понятия человеческого капитала в истории философии

В статье рассматривается формирование понятия человеческого капитала в развитии истории философии. Автор делает анализ антропологическим суждениям о человеческом капитале, возникших на каждом этапе развития различных культур и народностей.

Summary

Kylibayev T.B. The formation of the human capital concept in the history of philosophy

The formation of the concept of human capital in the development of the history of philosophy is considered in the article. The author makes the analysis of anthropological judgments on human capital occurred at each stage of the development of different cultures and nationalities

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ ҰСТАНЫМДЫ АНЫҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІН АРА-ҚАТЫНАСЫ

Сиқымбаева Дамира Алиқызы,
ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкері, PhD докторы (Алматы қ., Қазақстан),
Әбжетов Нұрлан,
Абай атындағы ҚазҰУ-нің дінтану кафедрасының магистранты (Алматы қ., Қазақстан)

Қазіргі ғаламдық деңгейде діннің қоғамға қайта оралу үрдісі, діннің қоғамдық санаға ықпалының күшеюі аясында мемлекеттің зайырлылық сипаты мен ұстанымы көптеген қайшылықты мәселелер туындатып отыр. Мемлекет пен діннің бөлінуқағидатына негізделген саяси жоба әлемдік мемлекеттердің басым көпшілігінде қабылданған. Дегенмен, демократияның жалпыға ортақ үлгісі болмайтындай, секуляризм (зайырлылық) концепциясының немесе үлгісінің де жалпыға ортақ үлгісі жоқ. Тіпті, оның батыстық немесе шығыстық үлгісі де жоқ. Зайырлылық концепциясы әр елде әрқалай қабылданып, түрлі жолдармен жүзеге асырылады.

Діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінуінің құқықтық мазмұны да әр елде әртүрлі. Бірқатар елдерде мемлекет пен діни ұйымдардың бөлінуі қатаң орын алса, оларды бөлу қағидатының көлемі кең, екінші бір елдерде мемлекет пен діни ұйымның бөлінуінде аса қатаң қағидат орнықпай, мемлекет діни ұйымдарға қоғамдық өмірдің маңызды салаларында айтарлықтай қызмет ету және ықпал ету мүмкіндіктеріне жол береді. Бұл жағдай, әр мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастар үлгілерінің әртүрлі болып келуінде, ал ол өз кезегінде, әр елде қалыптасқан тарихи, ұлттық-мәдени, геосаяси және тағы басқа ерекшеліктерге байланысты орын алып отыр.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттің зайырлы сипаты ҚР Конституцияның 1 бабында бекітілген. Дегенмен, қоғамдық санада әлі күнге дейін зайырлы мемлекеттің құқықтық табиғаты толықтай ашылып, зайырлы мемлекеттің нақты концепциясы қалыптаспады. Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасында мемлекеттің зайырлы сипаты қатаң және тар мағынасында қабылданып, түсіндіріледі. Бұл фактор өз кезегінде мемлекет пен діни ұйымдардың қоғамдық кеңістікте тиімді қарым-қатынас құрып, дамытуға кедергі келтіреді. Қазіргі таңда қазақстандық қоғамдағы діннің рөлі мен ықпалының өсуіне байланысты, сонымен қатар сырттан төнетін жалған діни радикализм, экстремизм және терроризм қауіптері сияқты себептерге байланысты, мемлекет пен діни ұйымдардың тығыз байланысы мен ынтымақтастығы маңызды, әрі аса қажет.

Сонымен, әлемдік тәжірибеде зайырлы мемлекеттің қандай концепциялары мен үлгілері қалыптасты, оларға салыстырмалы талдау жасау арқылы қазақстандық қоғамдық-саяси шынайылыққа сай үлгінінің концепциясын дамыту қаншалықты тиімді болмақ?

Еуропалық қоғамдық-мәдени кеңістікте секуляризмнің екі түсінігі қалыптасқан. Оның бірі – француз дефинициясына сәйкес, мемлекет пен шіркеудің жан-жақты және қатаң бөліну қағидаты. Аталмыш секуляризм концепциясы мен үрдісі екі ғасырға дейін дейін созылып, нәтижесінде Францияда «Секуляризм» Заңының қабылдануымен аяқталады. Заңға сәйкес, мемлекет азаматтарға сенім және діни іс-әрекет бостандығын қамтамасыз етіп, олардың сенім және діни мәселелеріне араласпайды.

Екінші түсінік – бұл англо-саксондық түсінік, оған сәйкес барлық діндерге бірдей төзімділік қатынас орнатып, олардың істеріне араласуға жол беріледі [1].

Элизабет Шакмэн Херд бұл екі түсінікті секуляризмнің екі бағыты немесе екі дәстүрі, яғни лаицизм және еврейлік-христиандық секуляризм деп нақтылай түседі. Ғалымның пікірінше, аталмыш екі бағыт дін мен саясат қатынастарын

анықтау және реттеудің маңызды стратегиялары ретінде халықаралық қатынастар саласында аса ықпалды теориялық негіздемелер болып табылады. Бірінші бағыт – лаицизм, дінді саясаттан жан-жақты ажырату және бөлу қажет деген сепарациялық нарратив аясында қалыптасса, екінші бағыт – еврейлік-христиандық дәстүрді зайырлы демократияның маңызды негізі деп қарастыратын аккомодистік нарратив аясында қалыптасты [2]. Секуляризмнің бұл екі бағыты бірізді дәстүрлер болып табылмайды, олардың таралу аймақтарына байланысты маңызды ерекшеліктері де қалыптасады. Дегенмен, екеуі де мемлекет пен дінді бөлу қажеттігін мойындап, оны бөлудің түрлі жолдарын ұсынады.

Лаицизмнің мақсаты-діни сенім, діни тәжірибе және діни институттардың саяси маңыздылығын жоятын, саяси бәсекелестікке түспейтіндей жеке бастың саласына ығыстырып шығаратын, бейтарап қоғамдық кеңістік қалыптастыру. Аталмыш концепцияға сәйкес, дін мен саясаттың қарым-қатынасқа түсуі аса қауіпті және иррационалды болып қарастырылды. Сонымен қатар, қоғамды демократияландыру және модернизациялау үшін дінді саясаттан бөліп, қоғамды толықтай зайырландыру қажет болды [3].

Екінші еврейлік-христиандық дәстүрге сәйкес, Христиан дінінің батыс еуропалық демократияның негізін қалаушы ретінде ерекше маңыздылығы бағаланады. Бұл дәстүр аясында дінді толықтай қоғамдық өмірдің перифериясына шығару қажет емес. «Батыс әлемі» өзінің зайырлы табиғаты мен еврейлік-христиандық саяси мәдениеті мен мәдениеті арқылы анықталады деген көзқарас осы дәстүрдің негізін қалайды [2, 6 б.].

Орта Азия елдерінде қоғамның мультимәдени және көп конфессионалды сипатына байланысты дін мен мемлекет арасындағы қатынастар өте күрделі болып келеді. Осы саладағы ең күрделі мәселелердің бірі дін мен шіркеу, немесе батыстық үлгідегі ұйымдасқан діни бірлестіктер арасындағы қатынастар мен айырмашылықтың болуы. Азия елдерінде дәстүрлі және ықпалды діндер Ислам, Индуизм, Буддизм

және Конфуциандық болып табылады. Ал Христиан діні Филиппиндер және Оңтүстік Азия мемлекеттерінен басқа көпшілік ұстанатын дін болып табылмайды. Осы тұста, мемлекеттердің діни саясат концепциясы мен бағыттарын қарастырғанда батыстық үлгіде қалыптасқан шіркеу немесе түрлі ұйымдасқан діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы қатынастар үлгісін емес, дін мен мемлекет арасындағы қатынастар үлгісін қарастырған жөн. Бұл жағдайда, мемлекеттер діннің мемлекетке, қоғамдық санаға қалай ықпал ететінін қарастырып, кейбір мәселелерді шешуде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, дін мен мемлекет қатынастарындағы клерикалды бағыттар мен жағымсыз құбылыстардың алдын алу тетіктерін анықтау қажет. Сонымен қатар саяси құрылым мен діни идеология арасындағы байланысты да естен шығармау тиіс.

Жалпы Азия елдеріндегі дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды анықтайтын барлық мемлекеттерге ортақ үлгі немесе теория жоқ. Ол үшін, әрбір елдің ерекше мәдени тарихын мұқият зерттеу қажет. Көптеген Азия және Африка елдері тәуелсіздіктерін алғаннан кейін, алғашқы кезеңдері батыстық саяси философия ықпалынан сол елдердің мемлекеттік-шіркеу қатынастарының үлгісін қатаң сыннан өткізбей, өздерінің тарихи-мәдени ерекшеліктерін аса ескермей қабылдап, жүзеге асырып отырды. Алайда, бұл қоғамдағы мемлекет және дін арасындағы қатынастар саласында бірқатар қарама-қайшылықтарға алып келді. Әлі күнге дейін, батыстық шіркеу-мемлекет аралық қатынастар үлгісінен басқа үлгілер зерттеліп, ұсынылған жоқ.

Мемлекет пен шіркеудің бөліну ерекшеліктерін зерттеуші танымал ресейлік ғалым И. Понкин пост кеңестік кеңістікте осы уақытқа дейін ғылыми заңнамалық әдебиеттерде зайырлы және діни саланың логикалық ара-қатынасы, олардың қоғамдық саладағы қарым-қатынастарының шекаралары сияқты мәселелердің анықталмағандығын айтады [4]. Көп жағдайда, постсоциалистік қоғамдық дискурста зайырлы және діни сала бір-бірін теріске шығаратын сала-

лар деп талқылайтын үстіртін көзқарас пен стреотиптер қалыптасқан.

Жалпы секуляризм табиғаты мен қағидаттарының қандай болу керектігі жөнінде талқыламалар мен концепциялардың көптігі аталмыш түсініктің өте күрделі екендігін білдіреді. Сонымен қатар секуляризм ұғымының эволюциялық дамуы аталмыш түсініктің әр қоғамдық- тарихи кезеңде маңызды мағыналық өзгерістерге ұшырағанын, түрлі қоғамдық-саяси жүйелердегі ішкі әлеуметтік-мәдени факторларға, қоғамдық күштердің идеологиялық күрестеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерді қалыптастырғанын көрсетеді. Секуляризм және секуляризация жөніндегі XX ғасырдың 60 – жылдарында батыс академиялық дискурсында басталған пікірталастар да аталмыш ұғымдарға белгілі бір нақтылық алып келмеді. Қазіргі таңда әлемдік деңгейде қоғамдық-саяси өмірдегі дін рөлінің күшеюі, діни құқықтардың бой көтеруі зайырлы қағидаттарға негізделген либералды-демократиялық ілімдер мен жүйелер алдында бұрынғы қалыптасқан секуляризм концепциялары мен үлгілерін қайта қарастыруды талап етіп отыр. Барлық индустриалды дамыған, модернизациялық үрдістерден өткен қоғамдарда діннің рөлі бірте-бірте төмендеп, қоғамдық саладан жеке салаға ығысып шығады деген батыстық ғылыми ортада аксиомаға айналған секуляризация теориялары қазіргі қоғамдық шынайылыққа сай болмай шықты. Керісінше, жаһандық және модернизациялық үрдістер күшейген сайын ұлттық, дәстүрлі бірегейліктің ажырамас бөлігі ретінде діни фактордың күшейгенін байқауға болады. Сонымен, мемлекет пен діннің бөліну қағидатын білдіретін әлемдік мемлекеттерде кеңінен таралған секуляризм- бұл әмбебап ұғым емес, секуляризм ұғымы – бұл белгілі бір тарихи кезеңдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктермен, қоғамдық өмірдегі діннің рөлі мен оған деген мемлекеттің қатынасы арқылы анықталатын, мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қатынастардың мәні мен табиғаты жөнінде қоғамдық дискурста қалыптасқан жүйе.

Қазіргі таңдағы әмбебаптылық сипатқа ұмтылатын батыстық үлгідегі секуляризм жобасының қатаң сынаушысы,

танымал үнділік ғалым Раджив Бхаргава секуляризм концепциясын қайта қарастыру қажет екендігін айтады. Оның пікірінше, бұл концепцияны қарастыруда қоғамдық саланы тек қатаң зайырлы және діни сала деп биполярлы негізде ғана қабылдамай, діни көзқарастардың құқықтары мен дауыстарын есепке алатын жобаны қалыптастыру қажет [5].

Осы орайда, Раджив Бхаргава контекстуалды секуляризм концепциясын ұсынады. Мемлекет пен діннің принципиалды түрде бөліну идеясына негізделген контекстуалды секуляризм бұл бір контексттен екінші контекстке немесе бір-бірінен ерекшеленетін секуляризмнің таза формасы мен мазмұны емес. Оның пікірінше, констекстуалды секуляризм белгілі бір қоғамның моральдік негіздемесін ескеретін ашық секуляризм болып табылады [6]. Секуляризм мемлекет пен діннің немесе діни ұйымдардың бір-бірін терiске шығаратын қатаң бөліну қағидаты емес, мемлекет пен діннің бөлінуінің әртүрлі контекстерде түрліше қабылдануы.

Бірқатар шығыс және батыс ғалымдары секуляризмді көп жағдайда мұсылман жамағатының қабылдауы қиын деп есептейді. Мәселен, Түркиядағы кемалистік зайырландыру жобасы жоғарыдан төменге жүргізілген үрдіс болды, аталмыш жобалар қоғамдық қақтығысты азайтқаннан гөрі, оны күшейте түседі Себебі ислам іліміне сәйкес, адамның өмірін зайырлы және діни деп бөлу мүмкін емес, мұсылман күнделікті қоғамдық және жеке өмірінде шариғат заңдарына сәйкес өмір сүруі қажет [7].

Мемлекет пен діни ұйымдардың бөліну қағидаттары қарапайым бөлініс емес, бұл қоғамдық өмірдегі мемлекет пен діни ұйымдардың қарым-қатынастарының күрделі жүйесі. Зайырлылық – бұл аталмыш екі институттар арасындағы үйлесімділік.

Еуропа мемлекеттері халықаралық әлеуметтік зерттеулерге сәйкес, әлемдегі ең зайырланған аймақ болып табылады. Дегенмен, бұл ғасырлық зайырлы тарихы бар мемлекеттер пост кеңестік мемлекеттермен салыстырғанда діни ұйымдармен түрлі келісімшарттар мен тығыз қарым-

қатынастар орнатқан. Мәселен, бұны келесі кестеден анық көре аламыз.

Кесте 1

Еуро Одақ құрамындағы 27 мемлекеттің дінге қолдау көрсету саясаты пайыздық мөлшерде:

Мемлекеттің дінге қолдау көрсету саясатының түрлері	Пайыздық өлшемі
Діни мектептерге немесе діни білім беруді мемлекеттік қаржыландыру	100
Білім беру жүйесіндегі діни білім стандарты	89
Діни істермен айналысатын ресми мемлекеттік құрылымдар	67
Мемлекеттің діни қызметкерлерге жалақы төлеудегі ұстанымы	44
Мемлекеттің діни ұйымдарға жинайтын салық жүйесі	37
Діни қайырымдылық көрсету орындарын мемлекеттік қаржыландыру	33
Мемлекет тарапынан тағайындалатын діни қызметкерлер	26
Ресми діндері бар	19

Европа мемлекеттері әлемдегі ең либералды мемлекеттер қатарына жатқызылып, діни сенім бостандығын қамтамасыз ету саласында алдыңға қатарларды иеленеді. Еуропадағы ресми діндері бар, діни ұйымдар мен діни білімді қаржыландыру жүйелері бар елдер АҚШ-тағы, Франциядағы, Түркиядағы қатаң бөліну қағидатына қайшы келеді, дегенмен, осындай дәстүрді орнықтырған мемлекеттер тұрақты либералды мемлекеттер саналады. Діни қызметкерлер мемлекеттік құрылымдарда, нақтырақ айтсақ, пенициналрлы құрылымдарда, оқу орындарында қызмет атқарып, мемлекет тарапынан қаржыландырады. Осы тұста айта кететін жайт, мемлекет діни қызметкерлер мен діни ұйымдардың іс-әрекеттеріне араласпайды, дегенмен, діни сенімге мұқтаж және діни көмек сұраған азаматтарының

сұраныстарын азаматтық құқықтарын қамтамасыз ету деп қабылданады.

Бірқатар канадалық зерттеушілердің пікірінше, секуляризмнің кез-келген үлгісінің негізгі төрт қағидаты болады, олар: азаматтардың моральді теңдігі; ар-ождан және сенім бостандығы; мемлекеттің дінге бейтарап қатынасы; мемлекет пен діннің бөлінуі. Жалпы, бұл қағидаттар негізінде құрылатын секуляризм үлгісі анық және түсінікті. Алайда, зайырлылық табиғаты бір мемлекеттен екінші мемлекеттен аталмыш элементтердің қайсысына көбірек көңіл бөліп, оларды қалай талқылауына байланысты түрлі жолдармен жүзеге асырылады [8].

Қоғамдағы діни серпіліс жағдайында, әсіресе, мұсылман елдерінде, дінді қоғамдық өмірдің барлық салаларынан ығыстырып шығару, қатаң секулярлық зайырлы саясат ұстану қаламайтын нәтижелерге алып келуі мүмкін. Қазақстан Республикасы халқының басым көпшілігін мұсылман қауымы құрағандықтан мемлекет және ислам, зайырлы режим және ислам арасындағы әлемдегі ислам мемлекеттері немесе басым көпшілігі мұсылмандар болып келетін елдердің осы мәселелерді шешудегі артықшылықтары мен кемшіліктерін ескеретін тәжірибесін де қарастыру қажет. Сол себептен де, біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасы үшін мемлекет және дін қатынастары тарихында болған кемшіліктер мен жағымды тұстарды зерттеп, дінді идеологиялық қарсылас ретінде емес, оның ұлттық бірлікті күшейтуде, азаматтық қоғамды интеграциялаудағы біріктіруші функцияларына маңызды назар аудара отырып, дәстүрлі діндерге қоғамның моральдік тұрғыдан кемелдене түсуіне барынша мүмкіндіктер жасау қажет. Осы орайда, қазақстандық қоғамдық шынайылық үшін мемлекет пен дәстүрлі және дәстүрлі емес діндер арасындағы қатынастарды жүйелейтін, зайырлы мемлекет концепциясын қалыптастыру аса маңызды.

Қазақстандық халықтың басым көпшілігі мемлекеттің зайырлы ұстанымын қолдайды. Белгілі отандық дінтану-

шы А.Г. Косиченконың пікірінше, елдегі интенсивті діни сана-сезімнің өсуі мен түрлі діни топтардың қызметтерінің белсенділігі мемлекет, қоғам және дінаралық сұхбаттың қажеттілігі туындады, осындай сұхбаттың теориялық негіздемелері кейінірек мемлекеттік діни саясатының концепциясын жасауға негіз болады [9].

Мемлекет пен діни ұйымдардың бөліну қағидаттары қарапайым бөлініс емес, бұл қоғамдық өмірдегі мемлекет пен діни ұйымдардың қарым-қатынастарының күрделі жүйесі. Зайырлылық – бұл аталмыш екі институттар арасындағы үйлесімділік. Секуляризмді дінді қоғамдық өмірдің барлық салаларынан ығыстырып шығару емес, дін мен мемлекеттің бір-бірінің ісіне араласпау арқылы, бөлінуі деп түсіну қажет. Секуляризм либералды, консервативті, діни және атейстік және тағы басқа көзқарастарды қамтып, үйлестіруші жүйе ретінде құрылуы керек. Сонымен қатар белгілі бір діннің қоғам және мемлекет өміріндегі доминантты позицияға ұмтылуына жол берілмеуі тиіс. Зайырлы мемлекет зайырлылық ұстанымды қатаң құғындаушылық идеологияға айналдырмай, керісінше мәдени және діни плюрализм жағдайында түрлі топтардың бейбіт өмір сүріп, көзқарастар алуандылығын сақтаудың бір құралы немесе жолы ретінде қарастырыуы тиіс.

Қазіргі таңда мемлекеттердің басым көпшілігі зайырлы болып табылады, діни көзқарас қоғамдық және саяси өмірде басым болатын жағдайлар әлемдік мемлекеттердің тәжірибесінде санаулы ғана. Зайырлы мемлекеттердің басым көпшілігі діннің қоғамдық өмірдің маңызды салаларында ықпал ету және маңызды рөл атқаруына төзімсіздікпен қарап, оның ұмтылыстарын шектеп отырады.

Қазақстан Республикасының көпұлтты және көп конфессионалды сипатына байланысты мемлекеттің зайырлы ұстанымының маңызы зор. Дегенмен, өзге мультимәдени қоғамдары бар батыс елдеріндегі мемлекет түзуші және мәдениеттің қалыптасуында ерекше орын алған діндерге басымдық беру тәжірибесін негізгі ала отырып, мемлекет

және белгілі бір діндер арасындағы кооперациондық, яғни серіктестік үлгінің әдіснамалық негізін қалыптастыруы тиіс. Себебі дін интеграциялық және үйлестірушілік қызметі қазіргі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени шарттар аясында ұлттық бірлік пен келісімді нығайтуда зор потенциалға ие.

Әдебиеттер

1 *Marieme L.* Religion and politics in Europe in the New Europe. –Washington D.C, 2009. – P.19.

2 *Hurd E.* The Politics of Secularism in International Relations. – Princeton and Oxford: Princeton University Press, 2008. – P. 5.

3 *Tamimi A.* The Origins of Arab Secularism // Islam and Secularism in the Middle East.– New York: New York University Press, 2000. –P.15.

4 *Понкин И.В.* Светскость государства. –М., 2004. –С. 9.

5 *Rajeev B.* Rehabilitating of Secularism // Rethinking Secularism. – Oxford University Press, 2011. – P. 110-111

6 *Rajeev B.* Political Secularism: why it is needed and what can be learnt from its Indian version // Secularism, Religion and Multicultural Citizenship. – Cambridge University Press, 2009. – P. 83.

7 *Sayyid S.* Contemporary politics of secularism // Secularism, Religion and Multicultural Citizenship. – Cambridge University Press, 2009. – P. 192.

8 *Mebs K. and Kuipers R.* A Complicated Story: Exploring the contours of Secularization and Persisting Religiosity in Canada // Faith in Democracy?: Religion and Politics in Canada. –Newcastle: Cambridge Scholars, 2009. –P. 18.

9 *Косиченко А.* Социально-политические и духовно-культурные аспекты взаимодействия религиозных и светских ценностей в Республике Казахстан и проблемы секуляризма и ислама в регионе Центральной Азии // Материалы международной научно-практической конференции «Современные модели развития мусульманских стран. Секуляризм и ислам в современном государстве. Что их обьединяет?». – Алматы, 2011. – С. 126-149.

Резюме

Сихымбаева Д. А., Әбжетов Н. Становление РК как светского государства: основные векторы в поисках оптимальной модели

В статье рассматривается теоретические основы секуляризма, основанного на разделении государства и религии. Также, в статье анализируется традиционные модели светского государства и особенности их функционирования в общественном пространстве. Республика Казахстан является светским государством. Тем не менее, в современных условиях глобальной и региональной религиозной ситуации, автор обосновывает необходимость пересмотра и расширении концепции светского государства в Казахстане. бекітілген. Дегенмен, мақалада қазіргі таңдағы діни жағдайдың үрдістерін есепке ала отырып, зайырлы ұғым аясының кеңейту және тереңдету қажеттілігі негізделеді.

Summary

Sikhimbaeva D.A., Abzhetov N. Formation of Republic of Kazakhstan as a secular State: the main venues insearching for effective model

In the article there are considered the theoretical bases of secularism that is based on the division of state and religion. Also, there were analyzed traditional models of secular state and its manifestation in public space. Republic of Kazakhstan is a Secular State by the Constitution. Nevertheless, author raises the necessity of revising and broadening the concept of Secular State in Kazakhstan taking into consideration the current trends in religious situation in the world and in the country, in particular.

«Қазақстанның рухани өмірі: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның

ҚАРАРЫ

Алматы қ., Достық үйі, 22 қазан 2015 ж.

Біздің еліміз әлеуметтік жаңару, нарықтық экономика мен демократиялық жаңғыру жолында батыл қадамдар жасап келеді. Бүгінде Ұлы Дала елінде төрткүл дүниеге есігін айқара ашқан егемен және бейбітсүйгіш мемлекет қалыптасу үстінде. Елдің саяси тұрақтылығы, азаматтық, діни және ұлтаралық келісім аясында өмір сүруі осы жылдардағы басты жетістігіміз екендігін баса айтуға болады.

Елбасының жарлығымен 2015 жыл, Қазақстан Халқы Ассамблеясы жылы болып жарияланған болатын. Атаулы жылаясында Қазақстандағы бірге өмір сүретін барлық халықтың рухани толеранттылығын бүкіл әлемге үлгі ретінде танытуы керек. Сондықтан аталған конференцияның «Қазақ хандығының қалыптасуына 550 жыл», «Ұлы Отан соғысы жеңісінің 70-жылдығы», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл» және «Қазақстан Халқы Ассамблеясына 20 жыл» сияқты атаулы іс-шаралармен қатар өтуі орынды болып табылады.

«Халық тарих толқынында» бағдарламасының шеңберінде өткізіліп отырған конференцияның жұмысында қазақстандық қоғамның рухани әлемін «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясындағы пайымдауға, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісі жайлы маңызды концептуалдық идеяларына аса мән берілген. Конференцияға қатысушылардың бірауыздан пайымдауы бойынша, әлем өзінің рухани бастауының біртұтастығы, бейбітсүйгіштігі мен қоғамдық келісімі арқылы терроризмге, экстремизмге, радикализмнің түрлі формаларына қарсы тұра алады.

Конференция барысында ұсынылған концептуалды тәсілдерді, нақты ұсыныстарды талқылай отырып, қатысушылар төмендегідей негізгі қорытындыларға келді:

1. Қоғамның рухани өмірі мәселелерін табысты зерттеу үшін жоғарғы құндылықтық-дүниетанымдық бағдарларға барынша бағдарланып, әдіснама саласындағы жаңа тәсілдерді дамыту қажет.

Ежелгі кезеңнен қазіргі заманға дейінгі қазақ халқының философиялық ойларына тән белгілер мен негізгі бағыттарын тұтас тәсіл негізінде анықтау маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда ұлттың өзінің рухани келбетін анықтау мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Сондықтан да, теориялық тұрғыдағы, сонымен қатар, елдің жалпы білім үдерісіндегі әдіснамалық және дүниетанымдық мәселелерді жаңаша шешуді қажет ететіндіктен дінтану, этнопсихология, этнология, философия тарихы, мәдениеттану, этнопедагогика сияқты білім салаларындағы руханият пен рухани сабақтастықты жаңаша ұғыну мүмкіндіктері ашылуда.

2. Қазақтардың мәдени-тарихи үрдістегі рухани өмірінің қалыптасуы мен дамуын зерттеу – қазақ халқының өткені мен қазіргі шағын ғылыми-теориялық тұрғыда танудың, түсінудің тағы да бір маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Түркілік кезеңнің ойшылдарының еңбектері мен қазақ философиялық ойларының дамуын тарихи-философиялық, герменевтикалық тұрғыдан талдау арқылы тарихи үрдістердегі адам мен қоғамның рухани өмірін қалыптастыру және дамытудың дүниетанымдық негіздері мен кезеңдеріне үлкен көңіл бөлу керек. Оған қоса конференция қатысушылары қазақ халқының болмысына тән дүниетанымдық әмбебаптар шеңберінде этностық, діни және азаматтық руханияттың терең мәселелерінің мәнін белгілеп өтті.

Қазіргі жағдайда қазақ халқының рухани тарихы туралы толыққанды білім Қазақстандағы жаңа саяси-идеологиялық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-ізгіліктік кеңістікті

қалыптастыру үрдісіне конструктивті үлесін қосып отыр. Бұл рухани басымдықтарсыз «Қазақстан-2050» Стратегиясында қойылған міндеттердің орындалуы, сонымен қатар біздің көпмәдениетті қоғамымыздың ерекшелігі мен біртұтастығын сақтап, әрі қарай дамыту мүмкін бола алмайды.

3. Жаһандану мен өркениеттік сын-қатерлер кезеңіндегі Қазақстанның рухани өзін-өзі бірегейлендіруі ерекше өзектілікті иеленіп отыр.

Осы орайда қазақстандық қоғамның рухани өмірінің діни факторларын бөліп көрсетуге болады. Діндарлық біздің қоғамның рухани өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып бара жатыр, бірақ, ол көпұлтты және көп конфессиялы Қазақстанның рухани-адамгершіліктік парадигмаларымен үйлесіп отыруы керек.

Қазақ халқының сана-сезіміндегі, оның рухани өміріндегі исламның орны барлық халықтардың рухани келісімі мен қазіргі Қазақстанның рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі өзінің дәстүрлі жоғары күйінде қалып және жаңа даму үдерісін иеленіп келе жатқаны сөзсіз. Сол себептен біз мемлекеттік және мәдени құрылымдауда, өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеудегі, қоғамның рухани негіздерін нығайтудағы исламды, оның құндылықтары мен идеяларын, рухани және идеологиялық негіздерін, олардың дәстүрлермен және дәстүрлі мәдениеттің рухани негіздерімен арақатынасын дұрыс түсініп, сәйкесінше теориялық тұрғыдан да түсіндіруіміз керек.

Қазақстандық қоғамды дамытуда – исламның жоғары идеалдарын, уақытпен тексерілген рухани дәстүрлерді қолданып, олардың әлеуметтік әділеттілікке, рухани және ізгілікті тазалыққа, өзге діндердің өкілдерімен рухани келісім орнату ұмтылыстарына деген бағыттылығын барынша сақтап қалу керек.

Халықаралық ғылыми конференция қатысушыларының қорытындылары мен ұсыныстарының негізінде келесі ғылыми-практикалық ұсыныстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымдарына жіберуге болады:

Конференция жұмысының нәтижелерін Қазақстан Республикасының рухани және діни келісім саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін, еліміздің рухани-адамгершілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар қазақ халқының мәдени ескерткіштерін және оның тарихи жадын сақтауға қолдануға болады.

Біздің ғылыми форумда көтерілген көптеген идеялар этникалық болмыстың рухани қалыптасу мәселелерін объективті ғылыми талдауға негіз бола алады. Сондықтан, гуманитарлық ғылым және еліміздегі қазіргі білім беру жүйесі креативті-шығармашылық, ізгілікті-сыни ойлауы мен шынайы тарихи санасы бар біртұтастанған адамды қалыптастыру мен дамытуға бағдарлануы тиіс.

Конференция материалдарын Ш.Ш.Уәлиханов атындағы ҚР БҒМ ҒК Тарих және этнология институты орындайтын көптомдық «Қазақстан тарихы» академиялық жинағын, сонымен қатар ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты орындайтын «Ежелгі заманнан тәуелсіздік кезеңіне дейінгі Қазақстан тарихы» базалық оқулығының хрестоматиясы үшін және басқа да тарих, мәдениет, философия салалары бойынша оқулықтар мен оқу құралдарды қалыптастыруда пайдалануға болады.

Ұсыныс етіледі:

- халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарын қатысушылардың мақалаларының жинағы форматында басып шығару;

- инновациялық әдіснамалық сипатта және қазақ мәдениеті тарихының тәжірибесі негізінде философия, дінтану, этика және эстетика пәндері бойынша жаңа оқулықтарды басып шығару;

- мемлекеттік тапсырыс негізінде отандық балалар және жастар әдебиеттерінің, рухани мәдениетті қалыптастыру бойынша танымдық еңбектердің жарыққа шығуын қамтамасыз ету;

- бейбітшілік және келісім идеяларын насихаттау практикасында G-global алаңын кеңінен қолдану;

– БАҚ-да рухани келісімнің қазақстандық моделінің оң тәжірибесі туралы материалдарды жүйелі шығарып тұруды енгізу.

Қонференция қатысушылары Қазақстан халқын Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен, Қазақ хандығының 550 жылдығымен құттықтайды. Бейбітшілік пен рухани келісім мәдениеті біздің мемлекеттіліктің дамуының және біздің ортақ үйіміз Қазақстан Республикасының гүлденуінің сенімді негізі болып қала беретініне сенімдіміз.

РЕЗОЛЮЦИЯ
международной научно-теоретической конференции «Духовная жизнь Казахстана: история и современность»

г. Алматы, Дом Дружбы АНК, 22 октября 2015 г.

Наша страна уверенно движется по пути социальной модернизации, становления рыночной экономики и демократических преобразований. В Стране Великой Степи в современных условиях создается свободное и миролюбивое государство, которое открывает себя всему миру. Можно смело утверждать, что самым главным достижением за эти годы является то, что страна живет в обстановке политической стабильности, гражданского, межконфессионального и межэтнического согласия.

2015 год, объявленный Указом Президента Годом Ассамблеи народа Казахстана, должен продемонстрировать современному миру духовную толерантность всех этносов Казахстана. Поэтому вполне логично, что работа конференции проходила в едином комплексе с мероприятиями, посвященными 550-летию образования Казахского ханства, 70-летию Победы в Великой Отечественной войне, 20-летию Конституции Республики Казахстан и Ассамблеи народа Казахстана.

Особый акцент конференции, которая проходит в рамках программы «Народ в потоке истории», сделан на осмыслении духовного мира казахстанского общества в контексте общенациональной идеи «Мәңгілік Ел», на продвижении модели и концептуальных идей толерантности и общественного согласия Президента Казахстана Н. А. Назарбаева. Участники конференции единодушны в стремлении подчеркнуть, что мир может и должен противостоять терроризму, экстремизму, различным формам радикализма только через целостность духовного начала, миролюбие и общественное согласие.

Обсудив предложенные концептуальные подходы, конкретные предложения, высказанные в ходе конференции, ее участники пришли к следующим основным выводам:

1. Для успешного исследования проблем духовной жизни общества необходимо ориентироваться на высшие ценностно-мировоззренческие ориентиры и развивать новые подходы в сфере методологии.

Основные направления и характерные черты казахской философской мысли с древнейших времен до наших дней важно выявлять на основе целостного подхода.

Сегодня на первый план выходят проблемы духовного самоопределения нации. Поэтому большие возможности открываются при новом понимании духовности и духовной преемственности в таких отраслях знания, как религиоведение, этнопсихология, этнология, история философии, культурология, этнопедагогика и т.д., где давно назрела потребность в разрешении методологических и мировоззренческих проблем теоретического плана, и в образовательном процессе страны в целом.

2. Формирование и развитие духовной жизни казахов в культурно-историческом процессе – еще одна важнейшая составляющая в понимании прошлого и настоящего казахского народа.

Значительное внимание необходимо уделять мировоззренческим основам и этапам формирования и развития духовного мира человека и общества в историческом процессе путем историко-философского, герменевтического анализа трудов мыслителей тюркской эпохи и эволюции казахской философской мысли. Вместе с тем участники конференции подчеркивали значение глубинных слоев этнической, религиозной и гражданской духовности в рамках мировоззренческих универсалий, соответствующих сущности казахского народа.

В современных условиях целостное знание о духовной истории казахского народа вносит конструктивную лепту в процесс формирования качественно нового политико-идеологического, социально-экономического и культурно-нравственного пространства в Казахстане. Эти духовные приоритеты становятся тем необходимым национальным ресурсом, без которого невозможно не только решение поставленных в Стратегии «Казахстан-2050» задач, но и сохранение и развитие самобытности и целостности нашего поликультурного общества.

3. Особую актуальность духовная самоидентификация Казахстана обретает в эпоху глобализации и цивилизационных вызовов.

Здесь следует выделить религиозные факторы духовной жизни казахстанского общества. Религиозность становится важной составляющей духовного мира нашего общества, но она должна быть соотнесена с духовно-нравственными парадигмами многоконфессионального и полиэтничного Казахстана.

Роль ислама в самосознании казахского народа, его духовной жизни, в обеспечении духовного согласия всех народов и духовной безопасности современного Казахстана остается традиционно высокой и имеет тенденцию к росту – это бесспорный факт. Поэтому в государственном и культурном строительстве, воспитании подрастающего поколения, в укреплении духовных оснований общества мы должны правильно понимать и теоретически освещать ислам, его ценности и идеи, духовные и идеологические основания, их соотнесенность с традициями и духовными основаниями традиционной культуры.

Необходимо использовать в развитии казахстанского общества высокие идеалы ислама, проверенные временем духовные традиции, сохранить их направленность на социальную справедливость, на духовную и нравственную чистоту, на стремление к духовному согласию с представителями других религий.

На основе выводов и предложений участников международной научной конференции можно предложить следующие конкретные практические рекомендации для государственных структур Республики Казахстан.

Результаты работы конференции могут быть использованы для совершенствования государственной политики в сфере духовного и религиозного согласия в Республике Казахстан, духовно-нравственной безопасности, а также сохранению памятников культуры казахского народа и его исторической памяти.

Многие идеи, выдвинутые на нашем научном форуме, способствуют объективному научному анализу проблем ду-

ховного становления этнического бытия. Поэтому гуманитарная наука и современная система образования в стране должны быть ориентированы на формирование и развитие целостного человека, на человека, обладающего креативно-творческим, позитивно-критическим мышлением и подлинным историческим сознанием.

Материалы конференции следует использовать при составлении академического многотомного издания «История Казахстана», выполняемого Институтом истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова КН МОН РК, а также для хрестоматии базового учебника «История Казахстана с древнейших времен до периода независимости», выполняемого Институтом истории государства КН МОН РК, и для других учебников и учебных пособий по отечественной истории, культуре, философии.

Рекомендуется:

– издание материалов международной научно-теоретической конференции в формате сборника статей участников конференции.

– издание новых учебников по религиоведению, этике и эстетике на базе инновационных методологических подходов и опыта истории казахской культуры;

– на основе государственного заказа обеспечить выпуск отечественной детской и молодежной литературы, познавательных трудов по формированию духовной культуры;

– широко использовать площадку G-global в пропаганде идей мира и согласия;

– в СМИ практиковать систематический выпуск материалов о положительном опыте казахстанской модели духовного согласия.

Участники конференции поздравляют народ Казахстана с 20-летием Ассамблеи народа Казахстана и 550-летием Казахского ханства. Уверены, что культура мира и духовного согласия будет оставаться надежной основой развития нашей государственности и процветания нашего общего дома – Республики Казахстан.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты туралы мәлімет

Институт 1999 жылдың ақпан айында 1958 жылы ашылған Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институты-ның негізінде құрылды. Ол 2012 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметінің қаулысымен Философия, саясаттану және дінтану институты болып қайта аталды.

Институттың мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекеме ретіндегі негізгі міндеттері қазіргі қазақстандық қоғамның зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдіснамалық, саясаттанулық, дінтанулық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Бүгінде Философия, саясаттану және дінтану институты жоғары кәсіби ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институт оның құрылымын айқындайтын үш басты бағыт бойынша жұмыс істейді: философия, саясаттану және дінтану. Онда ҚР ҰҒА 1 академигі, 2 корреспондент мүшесі, 20 ғылым докторы мен 8 ғылым кандидаты, 4 PhD докторы, 12 PhD докторанты, 5 магистрант ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. (Институт қабырғасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУмен бірлесе отырып «Ғылым Ордасы» негізінде ғылыми-зерттеу институттардың ғылыми кадрларды даярлау бойынша ғылым мен білімнің бірігуі жобасы аясында 5 PhD докторант пен 5 магистрант білім алуда).

Институт Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру шеңберінде «Еліміздің зияткерлік әлеуеті» басымдылығы аясындағы 24 ғылыми-зерттеу жобалары бойынша (2012–2014 жж.) жұмысын бітірді. Қазіргі уақытта аталған басымдық бойынша 5 ғылыми-зерттеу жобасы орындалуда (2015–2017 жж.). Сондай-ақ «Халық тарих толқынында» бағдарламасы ауқымында Институт келесі бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуде:

«Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін» жобасы (2014–2016 жж.); «Қазақстанның тарихи және рухани-мәдени дамуындағы діннің рөлі: дәстүрлер мен қазіргі заман» ғылыми бағдарламасы (2014–2016 жж.); «Қазіргі Қазақстан аймағындағы дін тарихы» және «Қазіргі Қазақстанның аумағындағы ислам мәдениетінің тарихы» бөлімдері бойынша нақты тарихи кезеңдерге сәйкес оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жасау (2014–2015 жж.). Институт «Қазақстан-2050» Стратегиясын» ғылыми сүйемелдеу жөніндегі ҚР Президенті Әкімшілігінің зерттеулердің Тақырыптық жоспарын жүзеге асыру бойынша «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары және идеалдары» атты бағдарламасына жетекшілік етуде.

Институт негізінде Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қ. бойынша Ғылыми-сараптамалық тобы қызметін атқаруда, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті жанындағы Консультациялық-сараптамалық кеңестің отырыстары өткізіледі.

Институт қызметкерлері саясат, ғылым, білім беру, мәдениет, дін, қазақ және әлемдік философия мәселелері бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар жариялайды. Институт қызметкерлерінің ғылыми жарияланымдары таяу және алыс шетелдердің ғылыми рейтингтік басылымдарында сұранысқа ие.

«Мәдени мұра» бағдарламасының бойынша Институт «Шығыс Аристотелі» – әл-Фарабидің шығармалар жинағын (10 том), «Әлемдік философиялық мұрасын» (20 том), «Қазақ халқының философиялық мұрасын» (20 том) басып шығарды. «Ғылыми қазына» пәнаралық ғылыми бағдарламасы аясында (2012–2014 жж.) «Қазіргі Қазақстандағы идеологиялық концептілерді конструкциялау» бағыты бойынша 18 монография жарық көрді. 2013 жылы Институт жаңа саяси терминологияның қазіргі сөздігі – «Қазақстан-2050 Стратегиясы» Терминологиялық анық-тамалығын дайындауға белсенді қатысты.

ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған екі журнал шығарады: «Адам әлемі» (1999 жылдан бері) және «Әл-Фараби» (2003 жылдан бері). Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі Институттың өз сайты бар (www.iph.kz).

Институт үнемі халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, пікірталас алаңдарын өткізіп тұрады. Бұл іс-шараларға қазақстандық және шетелдік ғалымдар қатысады. Институт Ресейдің, Беларустің, Әзірбайжанның, Қырғызстанның, Қытайдың, Германияның, АҚШ-ң, Түркияның, Иранның, Өзбекстанның, Тәжікстан-ның және басқа да елдердің ғылыми-зерттеу орталықтарымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Философия, саясаттану және дінтану институтының базасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және т. б. жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарының магистранттары мен PhD докторанттары тағылымдама мен ғылыми-зерттеу тәжірибесін өткізеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми тұрғыда өсуі үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған.

Философия, саясаттану және дінтану институты туралы анағұрлым кең ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 050010,
Алматы, Құрманғазы көшесі, 29 (3 қабат)
Тел.: +7 (727) 272-59-10
Факс: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
http://www.iph.kz

Информация об Институте философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Институт был образован в феврале 1999 г. на базе созданного в 1958 г. Института философии и права, преобразованного в 1991 г. в Институт философии. В мае 2012 г. постановлением Правительства РК он был переименован в Институт философии, политологии и религиоведения.

Основной задачей Института как государственного научно-исследовательского учреждения является проведение философско-мировоззренческих, философско-методологических, политологических, религиоведческих и социологических исследований, направленных на развитие интеллектуального и духовно-нравственного потенциала современного казахстанского общества.

Сегодня Институт философии, политологии и религиоведения является высокопрофессиональным научно-исследовательским центром. Институт работает по трем ключевым направлениям, определяющим его структуру: философия, политология и религиоведение. Здесь проводят научные исследования 1 академик, 2 члена-корреспондента НАН РК, 20 докторов и 8 кандидатов наук, 4 доктора PhD, 12 докторантов PhD, 5 магистрантов (в рамках проекта интеграции науки и образования по подготовке научных кадров научно-исследовательскими институтами совместно с КазНУ им. аль-Фараби на базе «Ғылым ордасы» обучаются 5 докторантов PhD и 5 магистрантов).

Институтом завершена работа по 24 научно-исследовательским проектам в рамках грантового финансирования научных исследований Министерства образования и науки Республики Казахстан по приоритету «Интеллектуальный потенциал страны» (2012–2014 гг.). По данному приоритету в настоящее время выполняются 5 научно-исследовательских проекта (2015–2017 гг.). Также в рамках программы «Народ в потоке истории» Ин-

ститут проводит исследования по следующим направлениям: проект «Духовный мир казахов: от аль-Фараби до Абая» (2014–2016 гг.); научная программа «Роль религии в историческом и духовно-культурном развитии Казахстана: традиции и современность» (2014–2016 гг.); подготовка учебников «Разработка новых учебников и учебных программ по разделам История религий на территории современного Казахстана» и «История исламской культуры на территории современного Казахстана» в соответствии с конкретными историческими периодами (2014–2015 гг.). Институт осуществляет руководство программой «Ценности и идеалы независимого Казахстана» по реализации Тематического плана исследований Администрации Президента РК по научному сопровождению «Стратегии «Казахстан-2050».

На базе Института функционирует Научно-экспертная группа Ассамблеи народа Казахстана г. Алматы, а также проводятся заседания Консультативно-экспертного совета Комитета по делам религий Министерства культуры и спорта Республики Казахстан.

Сотрудниками издаются монографии и научные статьи по вопросам политики, науки, образования, культуры, религии, казахской и мировой философии. Научные публикации сотрудников Института востребованы в научных рейтинговых изданиях ближнего и дальнего зарубежья.

По программе «Культурное наследие» Институтом изданы собрание сочинений «Аристотеля Востока» – аль-Фараби (10 томов), «Мировое философское наследие» (20 томов), «Философское наследие казахского народа» (20 томов). В рамках междисциплинарной научной программы «Ғылыми қазына» (2012–2014 гг.) по направлению «Конструирование идеологических концептов в современном Казахстане» было опубликовано 18 монографий. В 2013 году Институт принял активное участие в подготовке современного словаря новой политической терминологии – Терминологический справочник «Стратегия «Казахстан-2050».

Издаются два журнала: «Адам әлемі» (с 1999 г.) и «Аль-Фараби» (с 2003 г.), рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК. Институт располагает собственным сайтом (www.iph.kz) на трех языках: казахском, русском и английском.

Институт регулярно проводит международные научные конференции, круглые столы, семинары, дискуссионные «площадки», в которых принимают участие казахстанские и зарубежные ученые. Институт тесно сотрудничает с крупнейшими научно-исследовательскими центрами России, Белоруссии, Азербайджана, Кыргызстана, Китая, Германии, США, Турции, Ирана, Узбекистана, Таджикистана и других стран.

На базе Института философии, политологии и религиоведения проходят стажировку и научно-исследовательскую практику магистранты и докторанты PhD ведущих казахстанских высших учебных заведений, таких, как КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая и др.

В Институте созданы все необходимые условия для профессиональной работы и научного роста сотрудников.

Более подробную информацию об Институте философии, политологии и религиоведения можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 050010,
Алматы, ул. Курмангазы, 29 (3 этаж)
Тел.: +7 (727) 272-59-10
Факс: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz
http://www.iph.kz

Information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

The Institute was established in February 1999 on the base of the Institute for Philosophy and Law which established in 1958, that renamed to the Institute for Philosophy in 1991. By the Kazakhstan Government's resolution, the Institute was renamed to Institute for Philosophy, Political Sciences and Religious Studies in 31 May 2012.

The main objectives of the Institute as a public research institution are conducting the philosophical view of the world, philosophical-methodological, political, religious studies and sociological studies aimed at social-cultural and sociopolitical development and strengthening the independence of Republic of Kazakhstan, developing its intellectual and spiritual-moral potential.

Institute of Philosophy, Political Sciences and Religious Studies is a highly skilled scientific research center. Institute has three key directions that define its structure: philosophy, political sciences and religious studies. Currently, scientific projects are conducted by 1 academician, 2 correspondent members of the National Academy of Sciences of RK, 20 doctors of science, 8 candidates of science, 4 PhD doctors, 12 PhD candidates, 5 undergraduates (within the framework of the integration of science and education in the training of scientists research institutes in cooperation with al-Farabi KazNU on basis of Gylym Ordasy is being trained 5 PhD candidates and 5 undergraduates).

The Institute successfully conducted 24 research projects within financing grants for 2012–2014 by Ministry of education and science on a priority of «Intellectual potential of the country». This priority has its continuous in 5 projects (2015–2017). Also in the framework of «The people in the flow of History» Institute conducts research in the following areas of the project spiritual life of Kazakhstan: tradition and modernity from al-Farabi to Abai (2014–2016) research program «The role of religion in the historical, spiritual and cultural

development of Kazakhstan: Tradition and Modernity» (2014–2016), preparation of textbooks on «The history of religions in present Kazakhstan» and «The history of Islamic culture on the territory of present Kazakhstan» (2014–2015). Institute also has the program «Values and ideals of independent Kazakhstan» to implement the research plan of the Presidential Administration on scientific support of «Strategy «Kazakhstan-2050».

At the Institute operates the scientific - expert Group of the Assembly of People of Kazakhstan in Almaty, as well as consultative meetings of the Expert Council of the Committee for Religious Affairs under the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan are also held.

The researches publish monographs, scientific articles on the issues of politics, science, education, culture, religion Kazakh and world philosophy. The publications of the Institute are demanded in high – rated publications near and far abroad.

By the program «Cultural Heritage» the Institute published collection of the works titled «East's Aristotle - Al-Farabi» (10 volumes). «World philosophical heritage» (20 volumes) «The philosophical heritage of the Kazakhs» (20 volumes). As part of an interdisciplinary research program «Gylymi Kazyna» (2012–2014) «designing ideological concepts in modern Kazakhstan» were published 18 monographs. In 2013 the Institute took an active part in the preparation of a new vocabulary of modern political terminology – Terminological reference «Strategy «Kazakhstan-2050».

Institute publishes two journals: «Adam Alemi» and «Al-Farabi» recommended by the Committee for Control of Education and Science of RK that been published since 1999 and 2003. The Institute has its own website (www.iph.kz) in three languages: Kazakh, Russian and English.

Institute of Philosophy, Political Sciences and Religious Studies regularly organizes international scientific conferences, seminars, «round tables», where not only leading Kazakhstani political scientists and philosophers, but also many scientists from foreign countries are participants. Institute has cooperation with scientific-research centers of Russia, China, Germany, the USA, Turkey, France, the Great Britain, Iran, Azerbaijan, Uzbekistan, Tajikistan, Kyrgyzstan, Belarus and others.

Undergraduate Master's degree and Doctorate students from leading Kazakh universities, such Al-Farabi KazNU, Abai KazNPU and others are conducting their research projects and are trained at the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies.

The Institute has provided all necessary conditions for professional and scientific development of employees.

More detailed information about the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies can be found at:

Republic of Kazakhstan, 050010,
Almaty, Kurmangazy Street, 29 (3rd floor)
Phone: +7 (727) 272-59-10
Fax: +7 (727) 272-59-10
E-mail: iph@iph.kz

ДУХОВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА:
ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ:
ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАН

Компьютерный дизайн и верстка *Л.Н. Токтарбекова*

Подписано в печать 07.12.2015. Формат 70/1001/16
Усл. п.л. 28. Печать офсетная.

Отпечатано в типографии «ИП Волкова Н.А.»
г. Алматы, пр. Райымбека, 212/1, оф. 319
Тел.: 330-03-12, 330-03-13